

84(5Қаз)
Қ 25

ӘЛДИХАН ҚАЛДЫБАЕВ

МЕНИҢ АҒАМ— СОЛДАТ




ӘЛДИХАН ҚАЛДЫБАЕВ

68
К-17


МЕНИҢ АҒАМ— СОЛДАТ

Әңгімелер




«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ

А л м а т ы — 1980



Жазушы Әлдихан Қалдыбаевтың бұл кітабына балаларға арналған әңгімелері енді. Бұл әңгімелердің барлығы бұрын жазушының түрлі жинақтарына енген болатын. Автор бұларды қайта қарап, өңдеп, толықтырулар қосып жинақтап отыр.

1506771



К $\frac{70802-154}{408(05)80}$ 74-79-4803010000

© «Жалын» баспасы — 1980



КӨК ДӨҢГЕЛЕК

Серікбек пен Мараттың қызықты ойынының бірі — дөңгелек қуу. Екеуінде де бір-бір дөңгелек, бір-бір имек сым. Дөңгелек болғанда — кәдімгі арба күпшегінің ескі құрсауы. Екеуі соны имек сыммен шылдырата дөңгелетіп, күнұзаққа ойнайды. Ойыннан жалыққан кезде Серікбек дөңгелегін мойнына кигізіп ала қоятын. Бұл оған дағды болып кеткен еді.

Мұндайда шешесі көріп қалса:

— Қарағым-ау, андағың не? Көйлегіңді былғайсың ғой. Мойныға салғанша, оныңды қолыңа ұстап жүрсеңші,— деп, ақыл айтатын.

Шешесінің тілін қаншама алайын-ақ дегенмен, былай шыға бере дөңгелегін мойнына қайта салып алғанын Серікбек байқамай да қалатын.

Бір күні Марат көшеге су жаңа көк дөңгелек дөңгелетіп шықты. Ол сонадайдан-ақ:

— Ей, менің дөңгелегімді қарашы, көкпеңбек!— деп мақтана айқайлап, Серікбектің жанына ентіге келіп тоқтады. Танауы таңырайып кетіпті, екі езуі құлағына жетеді.

Серікбек көк дөңгелекке табан астында өлердей қызықты. Сыры жалтырап көзінің жауын алды. Тіпті көк дөңгелектің даусы да оның құлағына қоңырауша сыңғырлап, жағымды естілетін сияқтанды.

— Марат, дөңгелегіңді маған айырбасташы. Үстіне қызыл құлжамды берейін,— деді Серікбек қиыла сұрап.

— Е, неге берем? Құлжаң керек емес, бермеймін,— деп, Марат бұртың етіп, жауапты шорт қайырды.

Қызыл құлжа Серікбектің ең қымбат дүниесі еді. Марат керек десең оны бір тиын құрлы да көрмеді.

Ала қашып-ақ кетер еді, Марат бұдан кіші. Серікбек ересектеу, ендігі жылы оқуға барады. Өзінен кіші балаларды жәбірлегені үшін анасынан, сөз жоқ, таяқ жейді.

Содан бері: «Шіркін, көк дөңгелекті қолға түсірер ме еді!»— деген ой Серікбектің жадынан бір шықпай-ақ қойды.

Бірде осы ойының орайы келе кеткені. Қалай дейсіңдер ғой?

Шаңқай түсте екеуі ауыл алдындағы өзенге қарай үлкен сазды жарып өтетін жалғыз аяқ жолмен жарысып бара жатты. Жолдың екі жағы тұтасқан ши болатын. Кенеттен Марат сүрініп кетіп, етпетінен түсті. Қолындағы сым темірі бір жаққа, дөңгелегі бір жаққа ұшып кетті. Бірталай жер озып кеткен Серікбек қайта айналып келді. Бұл кезде Марат шұқшыып көк дөңгелекті іздеп жүрген. Мараттың қолындағы сымды көргеннен-ақ, ол көк дөңгелектің жоғалғанын айтқызбай білді.

Әуелден тісін басып жүретін Серікбек:

— Тапқан тапқандікі, ешкі баққандікі,— деп, мез-мейрам болып қуанып кетті.

Осыны айтып, жоғалған нәрсені тауып алғандардың бермей қоюы бұларда бұрыннан бар әдет еді.

Қалай іздеудің тәсілін Серікбек жақсы білетінді. Байқап тұрып дөңгелегін қалыңға қарай жіберіп кеп қалды. Ешбір дыбыс естілмеді. Ол өзінің дөңгелегін тауып әкеп, шөптің арасына қайтадан жіберіп қалды. Осылай лақтыра берді, лақтыра берді. Бір кезде көк дөңгелектің құлаққа жағымды қоңырау үні сыңғыр етті. Серікбек дауыс шыққан жерге жүгіріп барып, ай-шай жоқ көк дөңгелекті басын қысыңқырағанына да қарамай мойнына кигізіп ала қойды.

— Әкел дөңгелегімді.



— Ия саған! Өзім таптым, өзім алам. Керек болса менікін ала ғой.

Серікбек осы сөзге ғана келді де, үйіне қарай зыта жөнелді. Марат жылаған бойы үйіне қайтты.

Серікбек өз ауласына кірген соң, көңілі орнына түсіп, дөңгелек өзінікі болғандай бір сезімге келді. Енді алайын десе, дөңгелек шықпай, басына кептелді де қалды. Әрі-бері тартқылап көріп еді, болар емес. Оған дөңгелек өмір бойы мойнында жүретіндей болып көрінді. Қорқып кетіп, бақырып жылап жіберді.

Баласының даусын ести сала шешесі далаға атып шықты.

— Кім тиді, күнім, саған?

— М-мынау шы-ық-пайды.

— Балам-ай, осы ойынды қой десе бір болмай-

сың. Басқа ойын құрып қалғандай,— деп, шешесі ұрса бастады. Бірақ дөңгелектің шын шықпасын білгенде, ол да сасайын деді.

— Ойбай-ау, енді қайттік? Ең болмаса әкесі де үйде жоқ, жұмыста еді,— деді ол абыржып.

Демнің арасында бірталай адам жиналып қалды. Жиналғандардың ешқайсысы дөңгелекті қалай шығаруды білмеді.

Дөңгелектің алдын көтерсе — шүйдесі, артын көтерсе — қалыңдау шот қабағының терісі жиырылып жібермеді.

— Әлгі колхоздың ұстасына — Әбдірахманға апар. Қолының ебі бар, сол кісі кесіп шығармаса болмас,— десті кейбіреулер.

Бұл сөзді естіп, Серікбек онан сайын шошынды. Өйткені колхоздың темір ұстасы Әбдірахман Мараттың әкесі болатын. Серікбекке басына төніп келе жатқан дәу балға елестеді. «Балама әлімжеттілік қылғаның қалай?»— десе, не демек? Бар абиыры ашылғаны да.

— Ы-ы-ы... бармаймын...

— Бармағаның не-ей! Осы енді салбырап қамыт құсап мойыңда жүрмек пе?!

Шешесі жетектеп алды да жөнелді.

Бұлар келгенде Әбдірахман үйінен түскі тамағын ішіп кеп, жұмысқа енді-енді кіріскелі жатыр екен. Серікбекті көрісімен ол мырс етіп күліп қойды.

— Жайша жүрсіңдер ме? Түрлерің суық қой.

Әбдірахман осылай дегенмен, күлкілі жүзінен оның барлық жайды білетіні айқын аңғарылып тұр еді.

— Сіз кесіп шығармасаңыз қайдам?— деп, Серікбектің шешесі болған жайды тағатсыздана айтып шықты.

— Осыншама үрейленгендерің осы-ақ па? Батырау, сенікі не, көзіңнің жасын көл қылып. Кәне, бермен келші, көрейік,— деп, ұста алақанына сабын езе бастады.

«Қолының ебі бар» деген сол-ау, әлгі кісі Серікбектің маңдайына сабынның көбігін жағып жіберіп,

дөңгелекті оп-оңай суырып алды. Ауырту дегенің не, қалай шығарғаның Серікбек тіптен сезбей де қалды.

Серікбектің шешесі жер-көктегі алғысын жаудырып жатыр.

— Жаңа ғана Марат осы дөңгелекті іздеп ойбай салып еді, бұзықты дөңгелегінің өзі жетектеп келгенін қарашы,— деп, Әбдірахман көк дөңгелекті бұрышта үюлі жатқан темір-терсекке қарай лақтырып жіберді. Серікбекке көк дөңгелек үйіріне қосылған жылқының емеуіріндей бір түрлі ыстық үнмен сыңғыр еткендей болды. Оның бетінен оты шықты.

Сірә, бұдан былай енді қайтып Маратқа тиіспейтін болар.

БҮЛДІРГЕН ТЕРЕ БАРҒАНДА

Біздің жақта бүлдірген адырда болады. Жартастардың астына, яки бұлақ бойына шығады. Жылда бүлдірген піскенде адырға атпен әдейі келіп, бүлдірген теріп қайтатынбыз.

Бүгін де Сөрелі сайдағы бүлдіргеннің қалың шығатын жеріне келсек, қарақошқыл боп пісіп, тұнып тұр екен. Жанымда өзіммен бірге оқитын Рақтай деген жолдасым бар. Екеуміз:

— Ойпыр-ай, қалыңын-ай!

— Быжынап тұр ғой, тегі,— деп таңданысып, аттан асығып-үсігіп құлап түсіп жаттық.

Сол екі арада қалың бүлдіргеннің арғы шетінен бір елік көрінді.

— Елік, елік,— деп айқай салдық. Сөйтіп мәз боп тұр ек, іле-шала дәл әлгі жерден еліктің лағы атып шыққаны. Жүгіріңкіреп барып, көп ұзамай-ақ қалың шөптің арасына қойып кетті. Бес-алты метр жердің шөбі қимылдап барып тына қалды. Екеуміз бір сәт аңқиып тұрып қалдық та, аттарды тастай салып, жүгіріп сол жерге келдік. Рақтай еліктің лағын

алғашқы көрген жерден іздей бастады. Мен жүгіріп шөп қимылының тоқтаған жеріне келсем, еліктің лағы жермен-жексен болып, құлағын жымқырып, бүк түсіп жатыр. Бас салып ұстай алдым. Еліктің аянышты дауыспен бақырып жіберді.

Рақтайға қарап едім, өзі таба алмай қалғанына өкінгендей боп тұр. Соны білдім де, лақты соған ұстата салдым.

— Мә, сен-ақ ұста. Екеуміз бірігіп асыраймыз.

Рақтай менің қолымнан ала бергенде еліктің баласы тағы бақырды. Осы дауысты есітті білем, енесі шыға келді. Бізге қарай жасқанбай салып келеді. Шабуыл жасар ма екен деп шошып қалдық. «Айтақ, айтақ, айт» деп, жоқ итті көмекке шақырып, өтірік күшейдік. Елік сескеніп, состиып тұрып қалды, бірақ кетпеді. Қайта бірте-бірте жақындай берді. Еліктің баласы енесін көмекке шақырып, бақыруын қоймады. Біз қанша айқайласақ та елік ұзамады. Баласымен бірге өлмек түрі бар. Барған сайын бізге жақындай береді. Біресе баламды жіберсеңдерші деп жалына сұрағандай тынши қалады, біресе тағатсызданып ашуланғандай бір орнында тыпыршиды. Бір рет тіптен жақын келді. Мөлдіреген танадай қара көздерінен жас тамшыларын көріп қалғандай болдым.

— Бейшара, жылап тұр екен,— деді Рақтай жұлып алғандай. Ол да байқап қалған екен.

— Қой, онда баласын жіберейік.

— Жіберсек жіберейік.

Еліктің баласына қаншама қызығып қимағанымызбен, анасын аяп кеттік, босатып жібердік.

Екеуі шұбаған күйі кезеңге шықты. «Балалар, сендерге рахмет» дегендей бізге қарап сәл тұрды да, қырдан асып кете барды.

БІР РЕНІШ, БІР ҚУАНЫШ

Марат балалармен ұзақ ойнап, түсте үйіне келсе, мама ағашта атасының аты байлаулы тұр екен. Мараттың атасы Әшір Төмен сазда совхоздың қойын

бағады. Ол кісі тек айлық ақшасын аларда болмаса келмейді. Марат атты көрген бойда қуанып кетті. Атасы келді дегенше, құт келді демейсің бе!

«Атам үйде қазір шай ішіп отырған шығар. Шай ішіп болған соң, Шолпан екеумізді ертіп магазинге барады. Мен кәмпиттің қандай түрін алдырсам екен, ә?»

Марат осы оймен желпініп үйге асығып-аптығып кіріп келіп еді, атасы жоқ боп шықты. Қазандағы сүр исі мұрынды жарып, бүлкілдеп буы шығып қайнап жатыр. Апасы нан илеп жатыр. Қимылы ширақ, асығатын сияқты.

— Апа, атам қайда?

— Атаң кеңсе жаққа кетті, қазір келеді. Асығыс екен. Тамағы ертерек дайын болсын, шапшаң отын әкеліп, отқа сала қойшы, қаттырақ қайнасын. Нанын илеп боп қалдым,— деді апасы дәл Мараттың келуін күтіп тұрғандай.

Шолпан да:

— Атам бүгін қонбайды. Олардың қойлары қоздағалы жатыр екен, білдің бе?— деді.

Марат атасын үйден таппағанына бір түрлі жасып қалды. «Апамның тілін алмасам ба екен»,— деді іштей. Бірақ атасы үшін істеліп жатыр ғой бұл тамақ. Ол мүмкін жолай магазинге кіріп, көп етіп кәмпит құшақтап келер. Оның ар жағында қазір атасы келіп, Шолпан екеуі мойнына секіріп еркелей бастағанда, Шолпан бірдеңеден дау шығарып:

— Жаңа атамның тамағы жылдам дайын болсын. Даладан отын әкеле ғой дегенде, тіл алмай қойғаның қайда?— десе не демек.

Марат сыртқы есікті ашып, далаға шыға беріп еді, жанында бір бейтаныс жас жігіт бар, атасы қақпадан кіріп келеді екен. Мараттың бұрын-соңды көрмеген адамы. Жан-жақтағы туыс-жекжаттарын есіне алды. Ешқайсысына ұқсамайды. Марат аңтарылып, қалшыып, табалдырықта тұрып қалды.

Бейтаныс жігіт таңырқап тұрған Маратқа қарап:

— Ақсақал, мынау сіздің жігіт пе? Жақсы бала екен өзі,— деді.

— Иә, жаман неме, ағаңа сәлем бермейсің бе?— деді атасы Маратқа күлімсіреп.

Атасының бейтаныс кісінің көзінше ескерту жасағанына Марат қатты қысылып қалды. Жерге қараған күйі табалдырықтан қарғып түсіп, қораның бұрышында үюлі жатқан отынға қарай жүгіріп кетті.

Ол даладан отын құшақтап үйге кірсе, апасы:

— Жатам десең, жата ғой. Төргі үй бос, оңаша, тыныш. Мына бір қос тентегіміз болмаса, шу жоқ. Бұларды өзің бойыңа көп үйір қылмасаң болғаны,— деп жатыр екен.

— Жарайды, жатайын, апа. Бала деген қайта жақсы емес пе...

— Атың кім, шырағым?

— Әбіл.

— Қандай практика еді оның, қарағым?

Мараттың атасы бұл жайға әбден қанып алған екен, Әбілден бұрын:

— Қандай дерің бар ма, мектепке келгеннен кейін бала оқытады да. Мұғалім болуды үйренеді екен,— деді.

— Марат тым сотанақ еді, жақсы болды ғой. Енді қайтер екен? Мұғалімнің көзінше бұзақылық жасар ма екен?

Апасының мына сөзі Маратқа жығылған үстіне жұдырық болды. Екі бетінің ұшы қызарып кетті. «Нұрғайша апай айтқан студент-практиканттар осылар екен ғой. Білмей қалдым ғой, білгенде жаңа бас киімімді алғанда, соның өзі-ақ жетіп жатыр еді-ау! Өттеген-ай!»— деп, іштей өкініп қояды.

Пешке отын салып жатып көзінің астымен Шолпанға қарап еді, жүзінде түк қысылған кейіп жоқ. «Үйімізге мұғалім жататын болды. Қандай тамаша» дегендей, қуанышты күлімсіреп отыр екен.

Маратқа осы сәтте бүкіл Қаракемерде Шолпаннан бақытты адам жоқ тәрізді боп көрінді.

Мараттың мүшкіл халін сезді білем, Әбіл:

— Марат нағыз жақсы жігіт сияқты ғой өзі. Сотанақтығы қай жағында мұның. Апасына көмектесіп, от жағып жатыр,— деп жылы ұшырады.

Бұл сөз Мараттың кеңіліне демеу боп, аз да болса жадырап қалды. «Жаңа тіл ала қойғаным мұндай жақсы болар ма. Әйтпесе нағыз масқара болатын екем»,— деп ойлады. Қуанғаны сонша қазірдің өзінде далаға атып шығып, маңайдағы балаларға түгел жариялағысы келді.

Мараттың атасы асын ішкеннен кейін кетіп қалды. Әбіл ол кісі кетпей тұрып-ақ чемоданын көтеріп әкелген. Бұрын атасы келіп кеткен күні Марат қоңылтақсып, бірдеңе жетпей тұрғандай боп елегізуші еді. Бүгін түк те олай болған жоқ. Қайта үйі жанданып, береке кіріп қалғандай. Апасы да ерекше жайдарыланып, көп әңгіме айтты. Мараттың ағасы Құдаш пен әпкесі Алманың Алматыда студент екенін, олардың үлкен екі апасын ұзатып жібергенін, қазір қолдарында тек Шолпан мен Марат қана барын ұзақ әңгімеледі. Осы әңгіменің бәрін Марат пен Шолпан да жаңадан естіп отырғанға ұқсап, бар зейіндерімен ұйып тыңдады.

Әңгімеден соң Әбіл түпкі үйге кіріп, үйіне хат жазып отыр еді, жанына «Балдырған» журналын құшақтап Шолпан келді. Әрқайсысын бір шұқылап ашып, суреттерін көріп отырды да, Әбіл хатын жазып болып, орнынан қозғала бергенде:

— Аға, оқып берші,— деп, журналдың 1961 жылғы үшінші санын алдына қарай ысыра салды.

Сол сәтте Шолпанның қызыл шырайлы сүйкімді домалақ беті нәзік ұяндықпен дір етіп нұрлана қалды. Шарасында мөлдіреп тұрған бота көзі: «Аға, оқыңызшы енді»,— дегендей, жалт етіп, төмен қарап кетті. Бантик таққан шоқ тұлымы да желп етіп, Әбілді асықтырғандай болды.

— Өзің айта қойшы, қайсысын оқиын.

— Мынаны, «Орман қызын» оқыңыз,— деп, Шолпан жіңішке сұқ қолымен Тұманбай Молдағалиев деген жазуды көрсетті.

— Шолпан, андағы көрсетіп тұрғаның осыны

жазған ақын ағаңның аты мен фамилиясы. «Орман қызы» деген мына үлкен қызыл жазулар. Ал мынау — сол ақын ағаңның суреті.

— Суретін де сол кісінің өзі салған ба? Ол кісі неге сиямен жазбайды?— Шолпан анықтап байқа-йыншы дегендей, жазуларға жіті үңіліп кетті.

— Шолпан, ол ағаң мұны о баста сиямен жазған. Суретін суретші салған. Сен сияқты балалардың бәріне журнал керек. Ол журналдың бәріне қашанғы сиямен жазып отырмақ. Журналға басқанда осындай боп түседі. Оны өзің кейін үлкейгенде түсінетін боласың. Кәне, енді тыңда, оқиын.

Әбіл «Орман қызын» асықпай, баппен оқи бастады. Шолпан үн-түнсіз қалшыып тыңдап отырып, бір уақытта:

— Аға, жылдам оқыңызшы,— деді.

— Немене, Шолпан, жалықтың ба?

— Жоқ.

— Ендеше неге асығасың?

— Қыз ертерек атасы мен анасына барсын.

Шолпан «Орман қызын» бұрыннан біледі екен. Оның түсінігіне жеңіл болсын деп жай оқып отырғанының бекер екенін білді де, Әбіл судыратып тез оқып шықты.

— Ал енді қайсысын оқиық.

Шолпан журналдың он сегізінші бетін ашып, «Менің қарындасым бар» деген өлеңді көрсетті. Әбіл мәнерлеп оқып берді де, Шолпанға мынадай сұрақ қойды:

— Шолпан, өзің оқи аласың ба?

— Жоқ. Маған Алма тәтем келгенде оқып береді.

— Ал әйтпесе мен осыны дауыстап қайта-қайта оқиын, сен жаттап ал. Тәтең келгенде судыратып айтып бересің өзіне.

Бұл сөзді төсегінде жатқан Мараттың құлағы шалып қалды. Шолпанның түк жатырқамай, Әбілмен бірден-ақ шүйіркелесіп кеткеніне бағанадан бері таңданып, төргі үйге құлағын тігіп жатқан.

«Апыр-ай, маған да жаттатпас па екен»,— деген оймен есіктен басын қылтита беріп еді, Әбілдің:

— Марат, сен де жаттайсың ба? Жаттасаң, кел. Екеуің қатар отыра қалыңдар,— дегені ғой.

Әбілдің өз ойының дәл үстінен түскені мұндай жақсы болар ма, Марат жүгіріп кеп, Шолпанның жанындағы бос орындыққа отыра кетті.

Ал, тынышталыңдар, бастаймыз.

А-пам жоқ-та бөл-ме-ні,
Қо-я-тұ-ғын та-за-лап.
Біл-гі-сі кеп әр-не-ні,
С-ұ-рай-тын ыл-ғи ма-за-лап,
Қа-рын-да-сым бар ме-нің.

Әділ әр сөзді буын ретімен созып-созып оқыды.

— Ал, кәне, бәріміз қосылып айтайық.

Үшеуі әлденеше рет қосыла айтып шықты.

— Шолпан, өзің айтып көрші.

Шолпан мүдірместен тақылдатып айтып берді.

— Марат, енді сен айта қойшы.

А-пам жоқта бөлме-ні,
Қоя-тұғын таза-лап.
Біл... біл... білейін... —

деп, Марат тұтығып тұрып қалды. Шолпан бұған мәз болып сақылдап күліп:

— Иә, саған солай ма екен? «Білейін» деп емес,

Білгі-сі келіп әрнені,
Сұрай-тын ылғи мазалап,
Қарындасым бар менің,—

деді. Әбіл де Шолпанға ілесе күлді. Маратқа қайта айтқызып еді, тағы жаңылды. Бұл жолы жаңылғанына Марат намыстанып кетті. Шолпаннан қалғанына жарыла жаздады. Намыс буып, екі қолымен бетін басып жылап жіберді.

Жаңа ғана шат күлкіден езуін жия алмай отырған Әбілдің қара торы беті әп-сәтте сұрланып кетті. Жанарлы қара көзіне өкініш ұялай берді. Маратты ыза қылу үшін әдейі күлгендей боп, тым ыңғайсызданып: «Осындай ызақор болмасаң не қылады екен?»— деп ойлады.

— Енді жаңылмайсың. Қайта айтып көрші нанбасаң. Ал, кәне, қайта айт,— деп, сасқанынан Маратты қолпаштай берді.

Марат шын күйініп отырған, айта жөнелді. Дәл жаңылатын жеріне келе бергенде, Әбіл «білгісі кеп» деп сүйемелдей қойып еді, Марат аяқ жағын қағып әкетті.

— Міне азамат. Енді екінші шумағын жаттайық. Ерегіскенде қазір Шолпаннан озып шықшы осы.

Ұ-нат-пай-тын еш-кім-ді,
Қал-са е-гер өк-пе-леп.
Ки-гі-зе-тін кеп-кем-ді,
Көң-лі кел-се шөт-ке-леп,
Қарындасым бар менің.

— Ал, кәне, бәріміз қосылып айтайық.

— Ұ-нат-пай-тын,— деп айта беріп, Әбіл Маратқа қарап еді, Марат көзінің қиығымен журналды тесіп отыр екен. Әбіл Мараттың жаңағы жолы жаңыла беруінің сырын дереу түсіне қойды.

— Марат, өзің айтып көрші,— деді Әбіл.

Бұл жолы Марат та, Шолпан да жаңылмады.

— Марат, сені жаңа неге қалып қойды десем, журналға үңіліп, көңілің бөлінеді екен ғой. Бір нәрсемен айналысып отырып, назарыңды басқаға бұрмаған жөн. Оныңды көріп қалғаным жақсы болды. Шолпаннан озып шықтың. Қалғанын ертең жаттайық, бүгінге осы да жетер,— деп, Әбіл журналды жауып қойды.

«Ой пәле-ай, қайдан біліп қойды екен! Біліп қалғаны да жақсы болды, озып шықтым»,— деп ойлап, Марат әжептәуір көтеріліп қалды. Әбілдің Маратқа: «Шолпаннан озып шықтың»— дегеніне, Шолпан:

— Иә, озған жоқ. Сіз Маратқа бұрын айтқызыдыңыз ғой,— деп ашуланып бұртиды.

— Жаңа сен бұрын айтқасың. Бұл жолы Марат бұрын айтты. Екеуің де бірдейсіңдер. Маратты қайта-қайта қалдыра беруге бола ма? Ендігі жолы алдымен сен айтасың,— деді Әбіл Шолпанға.

Шолпан жадырап сала берді,

ШАШ АЛДЫРҒАН СОҢ

Марат даладан кіріп келген қалпы қолын да жуады, бас киімін де алмады, орындыққа апыл-тұпыл отыра салып, қасыққа жармасты.

— Марат, тамақ ішкенде бас киімді алып отыру керек,— деді Әбіл, оның бұл қылығын жақтырмай.

Марат сол қолымен қалпағын басынан алды да, төрге қарай лақтырып жіберді.

— Сөйтеді бұл. Осы баланы қолға алшы өзің, қарағым. Көрдің бе, киімін қай жер болса, сол жерге лақтыра салады. Бар, анауыңды іліп қой!— деп, Жібек апай Маратқа дүрсе қоя берді.

Жайшылықта болса тіпті тіл алмауға болар еді. Қазір Әбіл ағайдың алдында жағдай мүлде басқаша. Марат: «Қап, апамды-ай, масқара қылды-ау! Ілсем іліп қояйыншы»— деп, қалпағы түскен жаққа қарай беттеді. Апасы Мараттың шашы өсіп кеткенін көрді.

«Атасы келгенде көрмегенімізді қарашы! Әбіл шаш ала алмас па екен? Әй, бірақ оқып жүрген балалар шаш алуды біледі дейсің бе? Ауыртады деп зар илейді, ауыртса да Нүскеннің атасына алдырмаса болмайды екен»,— деп ойлады ол. Сонан соң Маратқа:

— Марат, тамағыңды ішкен соң Нүскеннің атасына шашыңды алдырып келмесең, шашың өсіп кетіпті ғой,— деді.

— Әли атам ауыртады. Кесіп алады. Алдырмаймын, керегі жоқ,— деп, Марат зар қақты.

— Бұл үйде ұстара бар ма?

— Бар.

Марат орнынан атып тұрып, суырмаға қарай тұра жүгірді.

Мараттың апасы «шын айтып отыр ма» дегендей Әбілге күдіктене қарады. «Жып ете түсуін»,— деп, ішінен Маратты да жақтырмай қалды.

Марат ұстараны алып келіп, Әбілге ұстата салды.

— Шашыңды жібіт те, мына орындыққа отыра

гой. Мен бір сыпырып тастайын шашыңды,— деді Әбіл ұстараны жанып.

«Ауыртар ма екен, қайтер екен? Әли атама-ақ алдырсам ба екен? Мейлі енді не болса да бір рет алдырып көрейін»— деп Марат күрсіне, орындыққа әзер отырды. Ұстара сыр етіп төбесінен бір жүріп өткенде, иығын қиқаң еткізіп бұға қалды.

— Қорықпа, Марат. Әлдекімге ұқсап бұққаның нең?

Марат қайта жөнделіп отыра бергенде, ұстара жүзі жүріп берді. Әбіл ұстарамен емес, алақанымен ғана сипап өткендей болды. Тағы сипады, тағы сипады. Ұстара жүзі бір орынын қайта баспады. Марат көзін жұмып мүлгін отыр. Қалғып кете жаздады. Әли атасының шаш алғаны келді көз алдына. Мараттың басын екі тізесімен мықтап қысып алатын. Ауырсынып қыңқылдаса:

— Тәйт әрі, жаман неме. Жаның шығып бара ма? Осы күнгінің балалары жасып туады білем. Шашымызды қабырғамен алып жатса да былқ етпеуші ек. Қап, өттеген-ай! Мына жерін кесіп алғанымды қарашы. Қан шыққаны жақсы. Болмаса шайтан басыңды қауақ қылып алады,— деуші еді.

— Мінеки, алып та біттік. Қалғып кеткеннен саумысың өзің?— деді Әбіл.

Марат айнаға қарады. Әли атасы алғанда өтпес шалғының артында қалған сояудай боп, төбесінің әр жерінде едірейіп шаш тұрушы еді. Қазір басы жұмыртқадай боп жалтырап тұр. Шашы туғалы мұндай боп алынып көрген емес шығар. Қуанып кеткен ол Әбілге:

— Аға, шашымды енді үнемі сізге алдырып тұрамын, түк ауырған жоқ,— деді.

Аз-ақ күннің ішінде Әбіл Марат пен Шолпанға туған ағасындай боп кетті. Әсіресе Марат шашын алғызғалы Әбілді жанындай жақсы көреді. Әбіл бірдеңеге жұмсаса-ақ елпілдеп ұшып тұрады. «Дүниеде Әбілден жақсы адам бар ма екен! Кітап оқып бер десен, кітап оқып береді, ертеке айт десен, ертеке айтады. Бәрінен де шаш алғанын айтсайшы!»

Бүгін Әбіл түскі тамаққа уақытылы келмеді, кеш келді. Ол келгенде, Жібек апай үйде жоқ, тек Марат пен Шолпан ғана бар-ды.

— Марат, апаң қайда?

— Әли атамның тандырына нан жабуға кетті.

— Мен мектепке қазір қайта баруым керек еді. Ұйыған айран болса, әкелші, нан турап жеп кете қояйын.

Марат дөңгелек столға дастарқан жайып, нан әкелді. Әбіл турай бастады.

— Мен де айран ішем,— деді Шолпан да, столдың бір шетіне отырып жатып. Марат Шолпан естімейтіндей етіп Әбілдің құлағына:

— Аға, сізді жақсы көрем. Сізге бірінші құйып әкелейін. Сонан кейін Шолпанға айран жоқ дей салайық,— деп сыбырлады.

Әбіл Мараттың құлағына:

— Қой, оның не? Мен бөлектеніп қалай ішемін. Болмайды,— деді.

— Онда, мен екеуіңе де айран бермеймін. Құйып әкелмеймін.

— Мейлің, өзіміз-ақ құйып ішеміз.

— Мен қазір «айранның бәрін құртты» деп, апам барып айтамын. Онда қайтесің?

— Апаң не қылады? Айран ішпе дей ме? Бар, айта бер.

Марат аяқ астынан сынапша бұзылып, шынымен апасына айтпақ боп далаға шығып кетті. Әбіл мен Шолпан үн-түнсіз айранға тойып алды. Маратқа жолда: «Менен Шолпанды жақсы көреді екен ғой. Әйтпесе неге өзіне құйып бергенді іше бермейді? Шолпанға берем бе, бермеймін бе — не жұмысы бар?» — деген қызғанышты ойлар келді.

— Аналар айранды құртып жатыр,— деді апасына.

— Неғып құртты? Төгіп алды ма?

— Ішіп жатыр.

— Ішсе, ішсін. Оны не деп айтып тұрсың?

Марат сөз таппай жерге қарады.

ШАНШАР АТАЙДЫҢ ШЕРТПЕГІ

Шаншар атай қызық өзі. Бала біткенге бүйідей тиеді. Қай-қайсысын көзі шалып қалды болды, шақырып ап шекесінен бір-бір шертпек алып қоя береді. Күніне бала басы бір шертпек — кешпес қарыз. Кім-де-кім шақырғанына келмей, қиқаңдап қашып кетсе, Шаншар қарт оны ерінбей-жалықпай кешке үйіне әдейілеп іздеп барып, шертпекті әке-шешесінің көзінше алады. Алғанда әдеттегідей біреуін ғана алмайды, бағана қашқанының жазасына деп, аузына неше шертпектің саны түссе, соны алады. Үш іліксе, үшеу; бес деп қалса, бесеу; он бес деді екен, он бес.

Бір қызығы ауылда жан адам ол кісінің бетін қағып көрген емес. «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқтың» дәл өзі бұл Шаншар атай дегенің. Шекесінен шеруен атып жатса, оған балалардың қайсысы шыдас беруші еді. Бәрі басын әрлі-берлі ала қашып, әуреге түседі. Атай міз бақпайды. Балалар не қылса, ол қылсын, бірақ оған бірде-бір ата-ана араша түсіп көрген емес.

— Өзіндікі жақсы ма енді? Бағана шақырғанда қарызыңды беріп кетсең болмайтын ба еді? Үлкен кісіні әурелеп, қара енді егіл-тегіл болуын,— деп, қайта баланың өзін кінәлайды.

Шаншар атайдың бұл сырын білетін балалар атай анадайдан шақырғаннан-ақ шекелерін тосып, икемделе бастайды. Ал сондайда атай бір шертпек алып қана жіберсе жөн ғой, одан рахаты бар ма. Бір шертпек деген жәй аты, онымен іс бітпейді. Сылтауы толып жатыр атайдың. Алдымен шұқшиып тұрып үсті-басыңды қарап өтеді. Егер киім-кешегіңнен, не аяқ-қолыңнан бір ши шығып қалса, бәленің болғаны дей бер. Онда шертпек үстіне шертпек.

— Мына ердің құлағына қараңдар. Кірі бес елі тура! Бес шертпек. Тырнағы аюдай боп кетіпті ғой мына сабаздың, масқара-ай! Төрт шертпек... Шашыңды неге алдырмағансың? Мұныға үш шертпек. Пәлі, сияның бәрі мына сабаздың қолында жүр ғой. Азып-

тозуын сонша бәтшағардың. Екі шертпек,— деп, тізе береді, тізе береді.

Құтылып көр енді. Барша балалардың алдында бетің бар, жүзің бар демей масқара етеді өстіп.

Ал үсті-басы тап-тұйнақтай, аяқ-қолы тап-таза балаларды:

— Е-е, міне, азамат. Адам болатын баланы қойсаңшы бұ! Жасынан тындырымды болады бұлар,— деп, жер-көкке сыйғызбай мақтап ала жөнеледі. Бірақ қанша мақтағанымен бұлардан да шертпегін үзбейді. Алуын алады-ау, бірақ ауыртпайды. Жәй мезіретін жасайды.

Шертпек беруден құтылудың бір-ақ жолы бар. Ол үшін дойбы ойнап Шаншар атайды ұтуың керек. Ұтылсаң тағы пәле, үш шертпектен үсті-үстіне жамалып отырады. Ал ол кісіні әлі күнге бірде-бір бала ұтып көрген емес-ау.

Шаншар атайдың дойбыға жаны құмар, атақты ойыншы адам. Дойбы десе ішкен асын жерге қояды. Анау-мынау ойыншысымақтарды қарпып тастайды. Ал оның соңы біздің шекемізге келіп бір-ақ тіреледі. Сондықтан бала біткен Шаншар атайдың алдынан қия өтпей, сонадайдан сәлем беріп, сызылып тұрамыз. Барлығымыз да ол кісіге тек жақсы жағымызбен көрінуге тырысамыз.

Атайдың балалардың шекесін тызылдатуға неге сонша құмартып тұратынын бірде-біріміз білмейтін-біз. Тіпті үлкендер де білмейтін.

«Бір еріккен шал»,— десетін де қоятын. Ал атайдың шертпек алуы мүлде еріккендік емес. Егер Бекенге Шаншар атайдың өзі айтпағанда, ол жайды мүмкін ешкім өздігінен біле алмас та ма еді, кім білсін...

Бекен — атайдың айтуынша, адам болатын балалардың бірі. Өздері көрші тұрады. Сол Бекен биыл пионерге өте салысымен жазғы демалысқа шығып, лагерьге барған. Содан бір ай демалып, үйіне бүгін түс ауа келді. «Үйге барысымен, амандықтан соң-ақ, Шаншар атайға жолығып, сәлем беремін» деп-ақ ойлап келіп еді, бірақ үй іші өзін қатты сағынып қал-

ған екен, көкесі мен апасы әрнені кезек-кезек сұрап, шашау шығарар болмады. Бірнеше рет терезеден көз тастап еді, үнемі қыбырлап далада есігінің алдында жүретін атай көріне қоймады. Бекен содан үй ішінен әрең дегенде босап, сәлем беруге келсе, Шаншар атай қолдан шапқан қоңыр домбырасын шерттіп, екі қабат керпенің үстінде жантайып жатыр екен. Шынтағында жастық, жанында дойбы.

— Ассалаумағалайкум, ата!

— Ә, әликумассалам. Бекен бе, ей мынау! Қашан кеп қалғансың? Әй, айналайын-ай, атаңды сыйлап сәлем беруге келдің ғой. Бәсе, бәсе, Бекеннен басқа балалардың бәрі көше таптарлар демеп пе едім. Ауырып жатқанымда біреуі есіктен сығаламады-ау,— деп, Шаншар атай Бекеннің қолын алып, керберсіген ернімен маңдайынан сүйді.

Бекен енді байқады, Шаншар атайдың атжақты үлкен қара сұр жүзі сарғыш тартып, азып, әлі күнге жанары сөнбеген қой көздері шүңірейіп қалған екен.

— Ауырып қалдыңыз ба, ата!

— Сен кеткен күннің ертеңіне оңбай жығылып едім, шүкір, әйтеуір. Жан қалды бір жолға. Өтіп бара жатқан заман-ай десеңші, соған да міне айға жуықтап қалыпты ғой. Е-е, айтпақшы, шекең шертпекті сағынып қалған жоқ па? Бірақ сені қойшы, таза жерде дем алып, асыр салып ойнап қайттың. Бәрінен де көшедегі шаңға аунап жүрген сумұрындарды айтсаңшы. Бетінен қағатын пенде жоқ. Сыпыра бір шертпек алып тәртіпке келтірер ме еді өздерін. Ал, қарап отырмалық, бермен жақында, шертпек тігіп дойбы ойнап жіберелік. Байқайын сені...

Бекен лагерьде дойбыны жан-тәнін сала кеп ойнап, әбден үйреніп қайтқан. Алғаш кейбіреулерден ұтылып қап жүріп, кейінгі кезде ойыншылдығына жан шақ келмей қойған.

Дегенмен де Бекеннің ойынша Шаншар атайдан асқан ойыншы жоқ. «Қазір жеңіліп қап шертпек беретін шығармын» деп қорқыңқырады. Шаншар атай жастығын биіктетіп, көтеріліңкіреп отырды.

Бір рет ойнады, Шаншар атай ұтылды.

— Шалымыма келмеуші ең. Апырай, не ғып жібердің? Апай-топайымды шығарды-ау лезде. Қайта тікші.

Шаншар атай екінші рет тағы ұтылды.

— Мынау қайтеді, ей. Жан қоятын түрі жоқ қой өзінің. Енді бір көрейінші...

Атай бұл жолы да жеңілді.

— Паһ, шіркін, оқыған баланы қойсаңшы бұл, жөні бөлек қой... Бұларға тең келіп болмайды. Бұлар біліммен ойнайды ғой, ал біздікі қайбір ойын дейсің. Тағы тігіп жібер, Бекенжан.

— Шертпегімді беріңіз.

— Әй, жаман неме, шертпекті мен сендерден қайбір қолым қышығаннан алып жүр дейсің. Осылар намыстансын, үсті-басы таза жүрсін, өнер үйренсін деп алам да. Міне, сенің басың піскен екен, енді сенен алмаймын, сен де мені кеш. Ал ана шіріктер де мені өстіп жеңіп құтылмайынша, шертпек алғаным — алған.

Шекені ойып кете жаздап тызылдататын шертпектердің сырын Бекен енді түсінді. Бұрын атайдың бұл қылығына кейде ыза болып қалатын, бақса бәрі бос түсінбеушілік екен ғой. Шаншар атай бұларға титтей де жамандық ойламайды екен, қайта барлығын осылар адам болсын деп істейді екен. Сөйткен абзал атайдың қайта-қайта жеңіле бергенін бір түрлі аяп, іші-бауыры елжіреп кетті. Мейлі жүз рет ойнайық десе де, мақұл болғысы келді.

— Ата, қазір сіз жеңетін шығарсыз. Жүріңіз.

— Сен мені өйтіп алдаусыратпа. Мен жеңгеніме қуанбаймын. Жеңілгеніме қуанам. Біз бір қай ойыншы дейсің. Кезек сенікі, өзің бастап жүре бер,— деді Шаншар атай кеудесін кере бір дем алып.

Атай жастығын жоғарылап отырды.

Бекен атайдың шертпегенің сырын бізге өстіп оп-оңай ашып беріп еді

ЖАҢА ДОС

— Қабыл, торы атты суарып келе қойшы.

— Бармаймын.

— Неге?

— Жолда бір бала үркітеді.

— О кім?

— Есбол ағайдың баласы. Кеше үйінің жанынан өте беріп ем, Құттөбет деген итін қосып, айтақтап құды. Торы ат алып қашып кете жаздады. Әрең тоқтаттым. Тағы үркітеді, бармаймын.

— Астыңда бақандай ат тұрып, жаяудан қорықпақсың ба? Өй, шірік неме! Бар, суарып кел!

— Ауыздығын салып бер, әйтпесе.

— Салма, ауыздық сылдырлап отырады. Сылдырына құлақ тігіп алданып, ат жан-жағына көп жалтақтамайды. Ауыздығын салып қойсаң, не болса содан елеңдеп, үрке береді. Кел бері, аяғыңнан алып жіберейін. Әлдекімнің баласы құсағаны несі-ай жасымсып.

Қабылдың бетіне жігер оты ду етіп шапшып шыға келді. Әрі қорланып, әрі шамданып торы аттың жалына жармасты. Қолы бір уыс жалға тиер-тиместен әкесі аяғынан алып, Қабылды жайдақ тоқым үстіне дік еткізді.

Торы ат басын шұлғып тастап, тізгінді сүзе тартып, жіті аяңдап келеді. Күмістелген ауыр ауыздықтың сылдырына қамыс құлағын қайшылап қояды. «Шынында да ауыздығын алып қойған жақсы екен ғой. Сылдырына алданып келеді»,— деп ойлады Қабыл. «Егер ары өтіп бара жатқанда ол көрінбесе, қайтарда ауыздығын салмай-ақ қояйын. Ал көрінсе, қайтсем де салып аламын!»

Қабыл көшенің аяғына жақындап қалды. Сол жақтағы ең шеткі шатырлы ақ үй агроном Есбол ағайдікі. Есбол ағай бұл ауылға қызметке жыл басында ауысып келген. Бұрын сыбай істеп жүретін. Алдыңғы күні көшіп келді. Көшіп келгені бар болсын, ол Қабылға жақпады.

Кеше күндегі әдетімен өзеннен торы атты суарып қайтқан сапарында осы үйден Қабылдың өзі қатарлы мұрны делдиген бір қара бала:

— Құттөбет, Құттөбет, айт, айтақ!— деп, жұлқынып жүгіріп шықты. Әбден әккі болған қу екен, кішкентай сары күшік шәуілдеп, жүгірген бетімен кеп торы аттың аяғына жармасты. Торы ат жалт бермесі бар ма, үркектеу жылқы еді. Құлағын жымқырып, ала жөнеле жаздап, тыпыршып қалды. Құттөбеттің айрылатын түрі жоқ. Бейтаныс бала далбақтап жүгірген бойы аттың астына кіріп кете жаздады. Сондай да шатақ бала болады екен! Шыбықпен торы атты осып кеп жіберді. Торы ат атып кетті. Қабыл ауып түсіп қала жаздады. Тізгінін тежеп үлгергенше болмады, ала жөнелді. Ал басын тоқтатып көр енді. Қабыл құрыған екенмін деп ойлады. Бұл маңда торы атқа жететін жылқы жоқ, өрен жүйрік. Артынан дүбір шықса қозып кететін жел табан, ұрма. Қабыл шабу тұрмақ желуге қорқатын. «Қай күні ала қашар екен»,— деп жүрексініп, үнемі сақ жүретін. Міне, енді алып қашты.

Торы ат көсіліп келеді. Бірақ шабысы сондай жайлы. Шуылдап жел еседі. Қабылдың көзі жасаурақ, торы аттың қос құлағынан басқа дүниені көрмей кетті. Жер мен көктің арасында қос құлақтың соңынан ұшып келеді. Жалдан қос қолдап ұстап, қатып қалды. Артынан тасыр білінбеген соң, торы аттың желігі бірте-бірте басылып барып, тоқтады. Қабыл өзіне-өзі келсе, үйінен бірталай жер асып кетіпті. Екі қолы тас боп қарысып, қимылдамайды. Қалай жығылмай қалғанына қатты таңдаулы әрі қуанып кетті.

Ал бүгін не болар екен? Қабыл соны біле алмай қобалжып келеді. Қабыл агроном үйінің тұсынан өте берді. Жалтақтап бір-екі рет қарады, ешкім көрінбейді. Әжептәуір жер ұзап қалған, арт жағынан:

— Әй, бала, сені ме, қазір қайтарда болсын,— деген дауыс келіп жетті.

Жалт қараса, кешегі бала есігінің алдына шығып ап, жұдырығын түйіп, қоқиланып тұр. Жанын-

да Құттөбеті. Бала да, Құттөбет те басынып тұр. Қабыл күйініп кетті: «Осыдан қайтарда аттың ауыздығын салып алайын. Сонан соң күшігің тұрмақ төбетінді қос, қорқар ма екем? Тапқан екенсің қорқақты. Жығылмақ түгіл өліп кетсем де, жолыма тұрсаң, Құттөбетіңмен қоса қағып өтермін», — деп тістене кіжінді.

Қабыл Шу өзенінің жағасындағы ұзынша өрлеуіттен шоқыта шығып, тізгінін тежеді. Торы ат құлағын дамылсыз қайшылап, көрінген шөптің басына қарап секемденеді. Жіті аяндап, лепіріп, жер-су баспай құтырынып алған. Қабылдың жүрегі қобалжи бастады. Торы аттың тағы да алып қашуы мүмкін. Қабыл тек тізгінді мұқият тұтады.

Жұдырығын түйіп алған баланы Қабыл анадайдан көрді. Көшені қиып өтетін арық көпірінің дәл ортасында шөлтиіп тұр. Қолындағы ұзын шыбықпен қара жерді осып-осып қояды. Құттөбеті де жанында, екеуінің де күткені — Қабыл.

Қабыл әжептәуір жерден дауыстады.

— Ей, бала, былай тұр, ат үркеді.

— Атаңның басы саған! Жақындап көр осыдан. Су жүрек, қорқақ. Қорықсаң басқа кешемен жүр.

Қабыл ашуға булығып кетті. Астында бақандай ат тұрып, жаяудан қорықпақ па? Тебінін қалып торы аттың басын қоя берді. Осыны күтіп келе жатқандай-ақ торы ат ыта жөнелді. Көзді ашып-жұмғанша көпірдің үстінен зу етіп өте шықты. Жаңа ғана айбарланып тұрған батырың шошып қалып, қайда қашарын білмей, киімі-миімімен арықтағы шалшық суға қойып кетті. Құттөбет қыңсылап үйіне тығылды.

— Ауыздығын салып апсың ғой, шапқансың-ау шамасы?

Қабылдың әкесі Әбу — колхоз бригадирі. Қысы жазы торы аттан басқа жылқының үзенгісіне аяқ салмайды. Торы аттың үстіне де өзінен басқа шыбын жорғалатпайды. Шаппақ түгіл желсең, жаны шығып

кете жаздайды. Әкесінің бұл сырын өте жақсы білетін Қабыл:

— Жоқ, шапқам жоқ,— деп ат-тонын ала қашты.

— Енді неге салып алдың?

— Ана бала үркітсе, алып қашпасын деп.

— Үркітті ме? Қайтті?

— Үркітті. Бірақ атты кісі жаяудан қорқа ма?

— Онда сен қазір осы бойыңмен сол баланың үйіне барып келе ғойшы. Бүгін егінді аралап қайтамыз ба деп ек. Соған Есбол бара ма екен? Біліп қайт.

Қабыл келсе, Есбол ағайдың ауласы абыр-сабыр екен. Үсті-басы малмандай, суға салған қоразға ұқсап сүмірейіп бағанағы «батыр» жылап тұр. Шешесі:

— Ол кімнің баласы езі, тыюсыз өскен. Ат басып кетсе қайтеді, а?! Ойпырмай-ойпырмай, құдай сақтаған екен қайта,— деп күйіп-пісіп бұрқырап жатыр.

— Әне, өзі де келді. Міне, мына оңбаған. Осы, осы...— деп екіленді бейтаныс бала.

— Қой, оның ондайы жоқ еді ғой. Бірдеңеге келдің бе, Қабыл?— деді Есбол.

— Көкем жіберді сізге. Бүгін егінді аралаймын депсіз. Бара ма екен?— деді.

— Ия, барамын.

— Көкесі кім еді мұның? Оған айтып қоймаса, мынауың бір күні атқа қақтырып өлтірер баланы,— деп, бейтаныс баланың шешесі, Қабылға суық көз тастады.

Қабыл қызарып кетті.

— Апай, балаңыздың өзі кеше де, бүгін де итін қосып айтақтап атымды үркітеді. Бүгін көпірдің үстіне шығып апты. Өзін ат басып кете жаздады.

— Бәсе, Әмірқұлдың өзінен де бар шығар. Қой, екеуің жауласуды тастаңдар. Сен жөн-жосықсыз жұрттың атын үркіткенше, қазір киім ауыстырып ки де, Қабылмен бірге барып, ат қорадан маған ат алып кел.

Әмірқұл киініп шықты. Есбол ағай Әмірқұлды көтеріп Қабылдың артына мінгестірді. Екеуі алғаш

бір-бірінен қашқақтап отырып еді, ат аяңының ырғағы екшеп, тым жақындастырып жіберді. Біраздан кейін Әмірқұл жаңағының бәрін ұмытып, Қабылдың белінен қапсыра құшақтап алды.

Қайтарда екеуі екі атта үнсіз келе жатты. Бірақ Әмірқұл ойлы еді. Қабылға жалтақ-жалтақ қарап қояды. Неге екені белгісіз оған деген бір жылылық сезім өн бойын баурап әкетіп барады. Бірдеңе дегісі келеді, бірақ не демек. Бағана өзін атпен қақтыра жаздап, арыққа жығып кеткен жоқ па? Енді несіне бірінші болып сөз қатпақ... «Өзім емес пе, егер мен оған ит қосып, атын үркітпеген болсам ше...» Осы ойлар сапырылысып, Әмірқұлды жегідей жеп келеді. Ол бір кез Қабылға тізе түйістіре жақын келді де:

— Кел, дос боласың ба?— деді үзеңгі қағыстыра.

— Болсақ болайық.

— Кел жарысайық ендеше.

— Кел,— деді Қабыл да тізгінін жиып.

Қайсысы озарын кім білген, жарысып байқасын енді.

БІР АРҚА ОТЫН

Сәске түс. Асқар ұйқылы көзімен есігінің алдына шықты. «Жақсы болды ғой, шекесін қыздыратын бала таба алмай тұр ем» дегендей, күн жымыңдап бар қызуын аямай төкті. Асқар манаурап тұрып күнге қарап еді, жалт етіп көзіне шағылысты. Көзін алақанымен көлегейлеп, төмен қарап кетті.

— Асқар, бері келші! Бері келші!

Асқар жалт қарады. Айжан қақпа аузында шыдамсызданып шыж-быж болып тұр.

— О не? Не боп қалды?

— Бері келші. Келген соң айтам.

Асқар Айжанның жанына келді.

— Ал не? Неменеге асығып жүрсің, сонша шыдамсызданып?

— Жолдаяқ отынның үстінде жатып апты, тұрмайды. Апам сүтті пісіріп қой деген. Соған оты

алайын десем, ырылдайды. Отынға жолатпайды. Мен одан қорқам. Сен қуып жіберші.

— Мақұл, жүр.

Айжан Асқардың көршісі, екеуі түйдей құрдас — сегізде. Екеуінің де шешесі колхоздың қызылшасында істейді. Сүт пісіру, түсте апалары келерде шай қайнатып қою — Асқар мен Айжанның үйреншікті жұмысы.

Апалары:

— Бір-біріңе бас-көз болыңдар. Ұрыспай ойнаңдар, — деп кетеді жұмысқа. Апалары айтсын-айтпасын екеуі онсыз да тату достар. Бір-бірінен көмектерін аяған күні жоқ.

Өмірде түрлі қызықтар болушы еді, отынды ит бермеді деген не сұмдық!

Асқар Жолдаяққа ыза боп келеді.

«Қап, мынаның басынуын қарай гөр, ей. Әкесін таныстырып жіберейін өзінің. Осы қыздар да не болса содан секем алып тұрады. Әйтпесе сол жаман иттен де адам қорқа ма?»

Асқар қолына жұдырықтай-жұдырықтай үш тас алды.

Басқа жер жетпегендей-ақ Жолдаяқ бір арқадай жусанның үстінде бүк түсіп жатыр. Үлкен саялы талдың көлеңкесі оны күннен қалқалап, өзінше бір рахат дүние тауыпты. Бірақ отын да керек қой!

— Кет-ей. Кет, жоғал!

Жолдаяқ «мына балаға не жоқ» дегендей Асқарға ала көзімен қарады.

— Кет! Тұр, бар!

Жолдаяқ былқ етпеді. Асқар таспен жіберіп ұрды. Тас тимей кетті.

— Ыр-р-р!

Жолдаяқ басын көтеріп ап, тісін ақситып айбаттанды. «Енді ұрсаң, қолыңда өлем» деген түрі бар.

Асқар сәл сескеніп қалды.

— Ей, мынау қайтеді, ей!

— Асқар, қой. Енді ұрма, қауып алады.

— Қапса қапсын. Қайтсем де қуып жіберемін!

Асқар да қасарысып алған. Дәлдеп тағы ұрды.

Тас зу етіп барып Жолдаяқтың дәл арқасына тиіп жерге домалап түсті. Жолдаяқ арс етіп жүгіріп барып тасты бір қауып қалды да, желке жүні дүрдің ашулы кейіппен Асқарға ұмтылды. Мұндай оқыс қимыл күтпеген Асқар қапелімде үрейленіп, бұрылып қаша жөнелді. Сол-ақ екен тасқа сүрініп, етбетінен түсті. Асқар орнынан қайта тұрамын дегенде, ит оның балтырынан бір қарпып өтті.

Айжан Жолдаяқ Асқарға тұра ұмтылғанда-ақ, бетін басып шыңғырып жіберген. Ешнәрсені көрмей қалды. Көзін ашып алса, Жолдаяқ артына қарап қойып, бір нәрсені тындырып тастағандай алшаң басып, үйді айналып барады екен. Балтырына үңіліп Асқар отыр. Айжан Асқардың жанына жүгіріп келді.

— Не болды, Асқар! Қауып алды ма?

— Қапса, қапсын. Отынды босатса болды.

ӘЛІППЕ

Жұмаш пен Әділ дәл есіктің көзінде ұшырасты. Алақ-жұлақ етіп келе жатқан Әділ шалқалап ашылған есікке шекесін соғып ала жаздады. Жұмаш екенін көре сап:

— Байқасаңшы,— деп шаңқ ете түсті.

— Байқасаң, байқамайсың ба? Қайдан білейін сенің есік көзінде тұрғаныңды.

— Мейлі енді. Жүр, шатырдан мұз түсіріп жейік.

Жұмаштың соңынан іле әжесі шығып келе жатқан. Әділдің сөзін естіп қалды:

— Қағынғырлар, аулақ ойнаңдар. О неменем, есіктің көзіне топырлағаны.

Күнім әжей балаларды ашуланғансып жасқап, үйді айналып кетті.

— Жұмаш, жүр, әйтпесе бұзау сарайға барамыз. Мұздың әкесі сонда.

— Құрсын. Тайжан ұрсады.

— Кім айтты оны? Тайжан мая жақта жүр,



— Қазір-ақ тиемей ме? Кеп қалады.

— Кім айтты оны? Сауыншылар қазір босатты арбаны. Оған арба жаңа тиді. Әлі қайда ол келгенше.

— Керегі жоқ, бармаймын. «Әліппе» оқимын.

— Сен жүр деген жаққа мен ұшып тұрам ғой. «Әліппені» мен де оқығам жоқ. Кешке оқимыз. Жүр.

— Ал жүре қойшы.

Жұмаш пен Әділ бұзау сарайға келді. Шынында мұздың әкесі осында екен. Шифер шатырлы бұзау сарайдың күнгей беті бұжыр-бұжыр самсаған мұз. Шатырдағы тығыз қар жіпсіп еріп, мөлдір тамшылар мұз бойымен жүгірген бойы үзіліп кетіп жерге жарыса құлдилаиды. Шатырдың о жер бұ жерінен қайта-қайта сатыр-сұтыр етіп мұз үзіліп түседі.

— Айттым ғой мұздың әкесі осында деп. Мен

ұрып түсіре берейін, сен жерге түсірмей қақшып алып жинай бер,— деді Әділ.

— Мақұл.

Әділ жерде жатқан мұз сынықтарымен салбырап тұрған мұздарды ұрып түсірумен болды. Ал Жұмаш қағып алып, қардың үстіне жинап жатыр. Екеуі де ұрттарын бұртитып сорып жүр. Бірер сынық сорғанға-ақ ауыздары тастай боп, тістерінің түбі сыздап, енді қайтып мұзға беттегілері келмей қалды. Әділ атқылаудан танар емес, Жұмаш жалығып кетті:

— Мұның бәрін қайтеміз жинап? Тастайық, құрысын.

— Кел онда, екеуміз екі жақтап мұздың бәрін түк қоймай қиратып кетейік.

Енді екі жақтап атқылады. Сытырлап сынған мұзға мәз болып екеуі бар дүниені ұмытып кетіпті. Арба сықырлап келіп қапты.

— Уйи, жануар, шүү!— деген Тайжанның жуан даусы тым жақыннан шықты.

— Әділ, Тайжан кеп қалды.

— Қорықпай-ақ қой, көрмейді. Арғы жаққа шөп түсіріп жатқанда зытып кетеміз.

— Көрмесе көрмесін. Жүр енді кетейік.

— Тұра тұршы, әне бір дәуді ұшырып түсірейін.

— Анау шеткі ұзынды айтасың ба? Оған құлашың жетпейді, алыс қой. Әуре болма.

— Қазір мына тасты қырындатып сүйкете жібергенде көресің. Ол тұрмақ сол арадағының бәрін қиратам.

Әділ тасын бар пәрменімен жіберіп кеп қалды. Су-су қолынан сусып кетіп, тас жер бауырлай ұшқан қалпымен дәл алдындағы терезеге сақ ете түсті. Саңғыр етіп терезенің бір көзі ойылды да қалды. Тас қирата-мирата ішке сүңгіп кетті.

Бұл кезде арба сарайдың алдына келіп тоқтаған. Әділде үрей қалмады. Тасамен үйіне дейін безді.

Жұмаш та үйіне қатты алқынып келді. Әйтеуір тәуір жері екеуі де көзге түспеді.

Тайжан балаларды бұзау сарайға көп жуытпаушы еді. Маңайына жолап кеткен бала пәлеге қала-

тын. «Есікті ашып кетесің. Бұзауларды ұрып бір жеріне зақым келтіресіңдер», — деп, қызғышша қорып, қуып шығады. Міне, енді Тайжанның сол айтқаны болды.

Жұмаш не істерін білмей терезе алдына келді. «Әліппесін» арлы-берлі аударыстыра бастады. Оқығысы келетін емес.

— Шұқшиып қағаздан басқаға қарамайсың. Бала деген бір мезгіл үй шаруасына да қарайласу керек қой. Тұр, су әкел. Кешкі тамақтың қамына кірісетін уақыт болып қапты.

Әжесі пештің жанында жүн түтіп отыр еді. Осыны айтты да, шашылған жүнін жинастыра бастады.

Жұмаш мойын ағашпен суға келе жатыр. Амалсыз бұзау сарайдың алдынан өтеді. Жолы сол. Арба бос тұр. Іште бұзауларға шөп салып жүрсе керек, Тайжан көрінбейді. Жұмаш арбаға қатарласа берді. Дәл сол мезетте, қолында айыры, Тайжанның шыға келгені:

— Әй Жұмаш, тоқтай қал. Терезені құртқан сендер ме?

— Жо-о-оқ.

— Апырай, ә! Сиырдың мүйізі тиіп кетті ме екен! Демнің арасында көзі үңірейіпті де қапты. Жел удеі, жас бұзаулар бүрсендеп тұр. Шөппен тығындаған болдым. Үйлеріңде ескі әйнек, немесе фанер тақтай бар ма? Бірдеңе қып бітемесе бұзауларға суық тиіп қалатын болды түнде, — деп, Тайжан шашылған шөпті тырмалай берді.

Ыңғайы бұлардан көрмеген сияқты. Бірақ Жұмашқа Тайжанның сөзі қатты батты. Аанада, алғашқы қарда, он шақты бұзау суық тиіп ауырып, мал дәрігері бес-алты күн емдеп, әзер жазған. Қазір суық тиіп ауырса, қырық-елуі бір-ақ ауырады. Оған кінәлі Әділ екеуі емес пе? Әділ болса бүлдіріп ап үйінен шықпай қойды. Тайжан сұраған ескі әйнек, фанер тақтай бар ма еді? Жоқ. Болса да көзіне түскен емес.

«Әй, осы «Әліппемнің» тысы тура келмес пе екен? Ол да сынған көз сияқты сопақша еді. Не де болса соны салып көрейін».

Жұмаш өзеннен су әкеле жатып, тайжанның арбамен сиыр сарайды айналып кеткенін көрді. Неге кетті? Жұмаш оны жақсы біледі. Бұзаулардың астына төсейтін топан әкеледі.

Жұмаш суды үйге кіргізе сап, «Әліппесін» қойнына тығып, бұзау сарайға қайта келді. Тепкішекке шығып «Әліппесін» сынған көзге туралай қойып еді, өлшеп-пішкендей қона кетті. Жұмаш ойланып тұрмады. «Әліппесінің» тысын жұлып алып, әдемілеп бекітті. Жерге түсіп анадай жерден бұрылып қарап еді, «Әліппе» деген қызыл жазу мен мұңдалап бүкіл терезені сәндендіріп тұр екен. Көкірегін қуаныш сезімі биледі.

Тайжан бұзаулардың астына сабан төсеп жүріп, әлгі сынған көздің жымдай боп бітеліп қалғанын көрді. «Қағаз ба өзі немене?»— деп қайран қалды. Жақын келіп үңіліп қараса, кітаптың тысы.

«Е-е, мұны бітеп жүрген Жұмаш екен ғой. Қарай гөр-ей! Бір айналайын бала өзі. Кітабы өзіне керек емес пе екен? Бір ебін жасайтын ек қой»,— деп ойлады.

Ертеңіне бірінші сабақ «Әліппе» болатын. Жұмашпен бірге отыратын тазалықшы Майра:

— «Әліппеңнің» тысы қайда? Неге жыртысың?— деп жатып жабысты.

Жұмаш не дерін білмей тұнжырап отыра берді. Не демек... Ол Әділ досын әшкере еткісі келмеді. Өзісін елеусіз санады.

Нұрғиса ағай балаларды түгендеп болар-болмаса Майра қолын көтерді.

— Ағай, Әбиіров «Әліппесін» жыртып тастапты.

— Әбиіров, Майра рас айта ма? Неге жыртысың?

Жұмашта үн жоқ. Қып-қызыл боп жерге қарап тұр.

— Сені тәртіпті, жақсы оқушы деп жүрсек, оның нең, кітабыңды бүлдіргенің?

Жұмаштың астыңғы ерні салбырап, көзі жасаурай бастады. Белгісіз бір сезім жүйе-жүйесін босатып бара жатыр. Жұмаш басын жұлып алды. Бала-

лардың бәрі состиып қарап қалған. Тек Әділ ғана партаға жабысып құнысып отыр.

— Әділ байқамай сарайдың терезе-сін...

Жұмаш сөйлей алмай өксіп кетті. Партаға мөлт-мөлт тамшылар жарыса тамды.

СУ ТАСУШЫ ӘШІРБЕК

Ауыл өмірін жақсы білетін болсаңдар, бәрің де әңгіме тақырыбын оқысымен, жуан жүк аты жегілген бөшкелі арбаны, сақалы қауғадай қартты бірден елестеттіңдер көздеріңе. Ат, арба жөнінен қателескен жоқсыңдар. Ал Әшірбек туралы сөз басқа, алда. Созып жатып қайтейін, қателестіңдер. Су тасу — шалдың жұмысы. Ол ежелден беп-белгілі. Ал, Әшірбек менің досым.

Рас, біздің ауыл балалары жазда қарап жүрмейді. Шөпке шығады, егін жинасады. Оның несі бар? Ештеңесі жоқ. Әшірбектің өзі де былтыр шөп тырмасын айдаған. Ол туралы әңгімелеудің өзі қалай болар екен? Сендерге қайдам, ол бізге мүлде таң емес.

Әшірбектің су таситындығы жайлы көп те білмеуші едім. Кешелі-бүгінді болған біраз жайт қана. Соны ғана әңгімелемекпін. Өзіме бәрі түсінікті ғой, Сендерге де ұғымды болу үшін әріден бастайын.

Дәл осыдан бір жарым айдай бұрын, біз жетінші класты бітіріп, жаңа тарағанымызда, су тасушы Иман қарт мұрттай ұшып ауырды. Сол күні кешқұрым бригадир Мұсатай Әшірбек екеумізге жолығып қалып:

— Иман ауырып қалыпты. Қайсың ертең Ақтоғандағы трактор бригадасына су апарып келесіңдер! — деді.

— Мен апарайын, — деп, Әшірбек лып ете түсті. Мен де солай етер едім ғой. Шешемнен батылым жетпеді. Оныкі не, жалғыз әжесі бар. Өзі бір Әшірбекті бетінен қақпайтын жақсы адам.

Содан Иман қарт төсек тартып жатып алды. Әшірбек өлі су тасып жүр.

Егер Әшірбекті кімде-кімнің көргісі келсе, ертеңгілік менің атаммен бірге оянуы керек. Әшірбек қолында жүгені бар, сарайға, атына кетіп бара жатады. Құрысын, ол уақытта мен сендерге оны көрсете алмайды екенмін. Сол үшін ұйқымнан қағылып жүремін бе? Одан да күн арқан бойы көтерілген кезде біздің есіктің алдына шығып қарасаңдар болғаны, өзенде бөшкесіне шелектеп су құйып жатады. Мұның бәрін былай қойғанда, біздікіне ертеңгі шайға келсеңдер, тіпті қатып кетер еді. Шайды алдымызға ала бергенімізде, арбасын сылдыратып, өзі-ақ өтеді. Суға беттеп бара жатқаны. Керек болса, мен ысқырып кеп қаламын. Әшірбек жалт қарайды. Жымиып оң қолын көтереді. Мен де сүйтемін. Бұл біздің амандасқанымыз. Күн қақтап тотыққан өткір жүзін көресің. Айқасып кеткен қалың қасының астындағы ақылды, томпақ қара көзі жалтылдап күлім қағады. Қолы төмен түседі. Ол алға қарайды.

Бар болғаны осы. Осының өзін жұрт әжептәуір өңгіме етеді. Әңгіме еткені былай, қымс етсең болғаны алдыға тосады. Сондағы айтатындары:

— Әшірбек — баланың пысығы, айналайын! Ертемен тұрып, үлкендермен бірге малға барады.

— Қабырғасы қайысып, дәу бөшкені шелектеп суға толтырып жатқанда қыңқ етпейді-ау!

— Әжесіне қолғанат болды деген осы. Күнде бір баудан болса да тәптіштеп, қыстық шөбін жинап жүр.

Басқаны қайдам, бұл сөздер менің намысыма тиеді. Естіген сайын қызарақтап, жерге қарап қаламын.

Әнебір күні өз шешем де шай ішіп отырып, арба айдап бара жатқан Әшірбекті көріп:

— Сен манаурап көзіңді енді аштың. Елдің баласы міне күнмен таласа тұрып, шаруа істеп жүр,— деді.

— Оның несі бар екен? Керек болса мен де ай-



дай аламын. Әкелші арбаңды,— деп, аяқ астынан ашуланып, бұрқ ете қалдым.

Шешем мені шамданып қалады деп ойламаса керек.

— Ойнап айтам. Жаның тірі болса істерсің,— деп жұбатып жатыр.

Шешеме білдірмегенмен, менің ашуым көпке дейін тарамалды. Өйтпегенде ше, Әшірбекпен жеті жылдан бері бірге оқимын. Бір-бірімізден асып бара жатқан ештеңеміз жоқ. Оқу үлгіріміміз де бірдей, волейбол, футбол, суға жүзу сияқты ойындарда да одан қалысып көрген емеспін. Өзіміз қатарлы бала.

Кеше ертеңгілік орнымнан тұрғалы Әшірбекті көре алмадым. Суға қарай өтпеді. Көңілге бір алғаннан кейін қиын екен, көшеге көз тігіп алақтай бердім. Неге кешікті бұл? Мені осы ой мазалайтындай. Болмаған соң көшеге шықтым. Жақсы болды, көп күттірмеді. Көшенің басынан түсіп еді, лезде келіп қалды. Көшенің ернеуінде тұрып, күндегіше күлімдеп қол көтердім. Амандасқаным еді. Әшірбек атты кілт тоқтатты.

Арбаға қарғып міндім. Әшірбек: «Шу!» — деп, божы қақты. Осының езі өте тез болды. Менің ештеңе ойлауға мұршам келмеді. Кете бердім.

Екеулеп бөшкені тез-ақ толтырдық. Міне, біздің үйдің тұсына жақындадық. Менің қалайда Әшірбектен ажырағым келмеді. Үйдегілерге көрінгім келмей бұғына түстім. Екі көзім есікте. Қара құлпы тұр екен. Болды, бұл шешем жұмысқа кетті деген сөз. Кілттің қайда екені өзіме белгілі. Енді үйге қай уақытта оралсам да өз еркім.

Күндегі үйреншікті өмірім қалып барады. Дәл қазір мен терезелерді қараңғылай бастаушы едім. Төсегім тұсындағы терезенің бір көзін ғана ашық қоямын да, содан түскен жарыққа тосып «Абай жолын» оқи бастаймын. Бірақ сәлден соң-ақ ұйықтап бара жатамын. Содан оянып далаға шықсам, түс боп қалады. Енді өзенге тартамын. Сол үйреншікті өмірді қимай, артыма алаңдай бердім. Әйтсе де арбаны тоқтатуға бір түрлі батылым жетпейтін секілді. Мең-зең күйде отыра бердім.

* * *

Көпірден өткен соң Ақтоғанның жолына түсіп, Әшірбек аттың басын қақты. Торы ат желе жөнелді. Содан әлі тынбай желіп келеді. Қайдан екенін, «Апыр-ау, бұл неткен желісінен танбайтын жылқы еді» деген ой басыма сап ете қалғаны. Төңкерілген тегенедей тоқ сауыры бүлкек қағады. Қап-қара көмірдей, ұзын, бұйра құйрығы бұлғақтап, жұмыр жоны кезек-кезек бұлт-бұлт ойнайды. Кішігірім жол

бұдыры, өр-ылдисымақтар кездесіп еді, өрінде баяулап, ылдиында желіккен торы жоқ, баяғы бұлкек бір бұлкек.

Анда-санда бөшкедегі су солқ-солқ етіп, тығынынан іртік-ірттік тамшылар атқып шығады. Ұлпашанда бүрттік-бүрттік майда шұңқырлар қалып жатыр. Соңымызда — үлпек ақшыл шаңыт баяу, ауыр қалкиды.

Телміріп отырып, осының бәрін жазып келе жатқан торы ат туралы ойға батамын. Бұрын мұндай жылқы сияқты емес еді. Кейде кешке қарай Әшірбек екеуміз сарайға мінгесіп баратынбыз. Түйенің табанындай жалпақ табандарын тарп-тұрп басып кесек, шабан жүретін. Елпілдек мінезін аңғарған емес едім.

— Әшірбек, мынауың неткен жүрісінен танбайтын жануар?

— Желісін айтасың ба? Сүйтеді.

— Қызық екен! Мінгенде бұлай емес сияқты еді ғой.

— Шынында. Мініске жоқ. Арбаға жеккенде осы.

— Онда нағыз жылқы екен.

— Үйтпесе мұның несі Трактор торы. Сен білмейсің мұны.

— Білетін несі бар? Айтшы.

— Бүгін өзің көресің.

Басқа сөзге келмедік. Жолда өз ойыңмен отырған жақсы екен, ойға әр нәрсе оралады.

* * *

Ақтоғаннан далиған-далиған аңыздар ұшыраса бастады. Сәлден соң Трактор торы үлкен жолдан шығып, ұзын егіндіктің жағасындағы жаңа жолға түстік. Егінді қақ жарып трактор келеді. Арамыз әжептәуір жер қалғанда ол жүрісін тоқтатты. Тракторшы жерге түсті.

— Бұл — Байбағыс ағайдың тракторы. Білетін шығарсың, ол кісі өте жақсы адам. Қысылмай, жақсылап сәлем беруді ұнатады.

— Білемін,— дедім, білмесем де. Жалпы мен осы күнге ауыл адамдарынан көп сәлем беріп дағдыланған бала емеспін. Осы Әшірбек, Нүсіптермен бірге жүргенде болмаса жерге қарап алып, өте шығамын. Бұлармен қосыла қалсаң, ешкімнің алдына қия өтпей «Ассалаумағалайкум» деп, ұмтылып барып қол алысуың керек. Қазір де солай болды.

— Ассалаумағалайкум.

— Салаумағалайкум.

— Уағалайкумассалам, сәлеметсіңдер, балалар. Бүгін екеуіңдер ғой. Көңілді құсайсыңдар. Екеуге жұмыс жеңіл болады.

— Ал сіз шаршаған сияқтысыз.

— Оның рас, Әшірбек. Дүйсеннің әйелі ауырып қап, ауданға әкетіп еді, оралмады. Ұйқы жеңіп, құтым қашып тұр. Көз шырымын алмағалы екі тәулік. Мызғып алайын десем, жұмыс тоқтайды. Тракторды өшірерін өшіргенмен, не істерімді білмей тұрғаным.

— Онда сіз дем алыңыз. Мен айдай тұрайын.

— Мен де мініп алайын тракторға.

— Қой, астына түсіп кетіп жүрерсің. Екеуің де қой. Суды қайтпексіңдер?

— Тілеген апарып келеді. Сіз ұйқтап алыңыз.

— Кім білсін, бұл жігіттің қайтерін?

Мен ызаға булығып, не дерімді білмей қалдым. Аяқ астынан екі рет жер болу кімге оңай тисін.

— Тілеген бе, Тілеген арба айдап үйренген мен сияқты. Торының өзі-ақ барып қайтады айта берсеңіз.

— Мейілдерің онда.

— Су құйып берейік. Ыдысыңыз қайда?

— Кешегі жерден біраз әрірек, загонның басында, бір үймек топанның астында жатыр. Алдымен моторға су құйып ал. Басына барып істеңдер бәрін.

— Жарайды. Тілеген, сен загонның басына қарай жүре бер.

Арбаға самарқау міндім. Трактордың жанында арба деген не. Өзіңдей бала бәріне ие болып жатса, сені баласынып маңына жолатпаса, қалай көңілді болмақсың. Әшірбек трактордың кабинасына қарғып

шығып, лезде ішінен бір құлаштай қайыс алып шықты. Сүйтті де, трактордың өкпе тұсына тырмысып, мықшындап жатып қайыстың ұшынан тартып кеп қалғаны. Трактор дар етіп от алды. Әшірбек тағы да тырмысып еді, гүр-гүр етіп баяу дірілге ауысты. Енді көк түтінді бұрқ-бұрқ атып жіберіп жылжи жөнелді. Осыларды қызықтап келе жатып байқамай да қалыппын, торы ат жаңа жолға түсіп бүлкілге басыпты.

Терезеден басын қылтитып қашан шығарар екен деп, Әшірбек жаққа алақтап келемін. Әшірбек көрінбеді. Қарай-қарай мойным талды. Сонан соң: «Сен сүйтсең, мен немене?» — деп, мен де қарамай қойдым. Бір уақытта шыңылдаған айқай естіледі. Қарасам, Әшірбек далбақтап жүгіріп келеді. Қолын бұлгап шақырады. Сүйтсем, аңыздың тұсынан өтіп кетіппін. Аттың басын кері бұрдым.

— Сен немене, загонның біткенін көрмейсің бе?

Не дерімді білмей қалдым. Кінәлімін, өйтпесе шаңқ етіп жабыса кететін едім.

— Жүр. Трактордың жанына тарт.

— Ат үркер.

— Трактордан үріксе, мұның несі Трактор торы?

Әшірбек трактордың маңдайына қарғып шықты.

— Қәне, әкел суыңды.

Ліпілдетіп тұрып бір шелек су әпердім. Әшірбек құрқылдатып құйып жатыр.

— Әне, бір үймек топанды көрдің ғой.

— Мынаны айтасың ба?

— Ия, аяғыңмен түрткілесең астында флаг бар. Ішінде су болса төк те жаңартып құй. Сосын жаңағы жолмен жүре берсең алдыңнан Манар мен Қонысбайдың тракторы шығады. Әріректе қос көрініп тұр. Жолға салып қойсаң торының өзі апарады. Тарт енді.

— Жақсы.

— Жақсы. Барып қайт.

Бәрін айтып жатып қайтейін. Манардың, Қонысбайдың, Хатша апайдың — бәрінің ыдыстарың мөлдір суға толтырып бердім. Тек мағна бір жәй болмаса, жақсы барып қайттым. Соны айтсам ба екен, жоқ айтпай-ақ қойсам ба екен? Айтайын. Әңгімеге қатысы бар. Әйтпесе не қылайын айтып.

Ең бірінші Манар кездесті. Флягіне су толтырып анадай жердегі орнына қарай домалата жөнелдім.

— Тоқта, бала, тоқта. Былғап құрттың, көтеріп бар,— дегені Манардың.

Флягті тұрғызып көтерейін десем, зіл қара тас. Құлағына жабысып мықшың-мықшың еттім, түк шықпады.

— Қайран, Әшірбек! Сен оның бір қолына да татымайды екенсің. Апар. Апар домалатып. Шелекпен су апарып сыртын жуарсың соңынан.

Бетіне қарап ем, түк білмегенсіп тракторының бірдеңесін шұқылап жатыр. Ешқандай мән бермей жәй айтқан тәрізді. Менің құлағыма дейін қызарып, өңім бұзылып кетсем керек. Қатарыңнан жасытса, қор тұтса қайтіп шыдарсың. Оның ар жағында 40 литрлік флягті көтере алмадың дегенін айтамынау. Әшірбек — күнде күресіп көріп жүрген Әшірбек қой. Флягті теуіп құлаттым.

— Тілеген, сен шамданып қалғаннан саумысың. Әшірбек мұны күнде көтеріп жаттығып алған. Сен болсаң бірінші рет істес болып отырсың. Ол да алған естіген. Көндігіп кетті.

Құрысын көндіккені! Көзімнен мөлт-мөлт жас ыршыды. Флягқа тырс-тырс тамады. Манарға көрсетпейін деп, флягті домалата жөнелдім.

Әшірбек загонның арғы шетінде жүргенде келдім. Байбағыс ағай қыбырсыз қатып ұйықтап жатыр. Бетін күннен қалқалаған кепкасы астынан ауыр дем алғаны естіледі. Кепкасы сәл-пәл кеуіп басылатын тәрізді. Күн оттай қарып күйіп тұр. Бар дүние самарқау, бар дүние бұғынып, қалғитын тәрізді. Мен де ырдуанға басымды сүйеп едім, маужырап демем ауыр тартты.

— Әй, Тілеген.

Басымды жұлып алдым.

— Сен, немене, қалғып кеткеннен саумысың?

— Жоқ-а.

— Торының бүйірі солыққы, суарып па едің?

— Жоқ.

— Өзің ішкен шығарсың?

— Әрине, осы ыстықта су ішпей қалай шыдарсың?

— Бұл қалай шыдады? Ауыздығын ал да суар.

Су аз қалған екен, толып ілінбеді. Мейлі осындайдан ілінсе де жарар деп, торының ауыздығын алмаққа басына жармаса бердім. Торы құлағын жымырып, нақ жауырынымнан қыршып кеп алды.

— Ойбай!— деп бақырып отыра кеттім. Әшірбек жүгіріп келін, көйлегімді көтеріп көрді.

— Сонша бақырғанға ойылып қалған екен десем, түк те жоқ қой. Саған ашуланып қорқытқаны ғой, әшейін. Өйтпесе мұның несі Трактор торы. Бақырғаның сонша.

— Бүйіткен Трактор торың құрысын. Иттің малы ғой бір.

— Кеудемді не бір ызалы сөздер кернеп барады. Төгіп-төгіп жіберетін едім, Байбағыс ағай оянып қалыпты.

— Балалар, не болып қалды?

Үнім өше қалды. Қарғыс сөздерімді қайта жұттым.

— Ештеңе емес.

Байбағыс ағай сағатына қарады.

— Төрт сағаттай ұйықтағаным ба? Айналайын Әшірбек, рахмет. Шіркін, орныңа су тартатын біреу болса көмекші етіп алар едім.

— Рахметіңізді Тілегенге айтыңыз. Бұл болмаса суды кім апаратын еді?

— Айтпақшы солай екен-ау! Екеуіңе де рахмет!

Жаңағы жайсыз көңілім жадырап қалды.

— Ағай, біз енді ауылға қайталық.

— Бара қойыңдар. Тілеген, суыңнан қалды ма? Салқындап алайын.

Әшірбек ат суарып болды. Мен арбаның үстіне шығып алып бөшке түбінде қалған суды Байбағыс ағайдың бұлтық-бұлтық жұмыр кеудесіне жоғарыдан шүмектетіп құйып жатырмын.

* * *

Ертеңінде оянсам, үйдің іші дастарқанды жинап жатыр. Күндегідей керілмей, атып тұрдым. Көшеге шығып қарасам, Әшірбектің арбасы өзен жағасында тұр. Қазір қайтады. Көз айырғым келмейді.

— Сен бала не ғып тұрсың анда. Жүр тамағыңды іш.

Жүрегіме ас бататын емес. Арбаның сылдыры естілді.

— Болдым, іштім.

Міне, торының басы көрінді. Әшірбек шалдарша малдас құрып нық отыр. Көзіміз айқасты. Қолымды көтердім. Әшірбек те қолын көтерді, арбасын кілт тоқтатты. Мен орнымнан атып тұрдым. Шешем де бірге тұрды, дауыстап:

— Әкем, бұл бармайды бүгін, жүре бер, жолыңнан қалма,— деді.

Мына сөз бетімнен осып жібергендей болды. Үлкендердің өстетіні бар. Не болса соған биліх айтып кетеді. Не қыларымды білмей, сілейіп отыра кеттім. Енді, шешем әрі қарай бергенде, атып жөнелдім.

— Мынау қайтеді?— деп, шешем ұмтылып үлгергенше, көшеге ытқып шықтым.

Әшірбек көшенің аяғына барып қалыпты. Ысқырып, қол бұлғадым. Әшірбек көрді, тоқтамады. Ұшып отырып барып көпірге шығып та айқайладым. Әшірбек қайрылмады, ат басын тартпады.

Алдымда бозғыл тұмантып жіңішке, жеңіл шаң жатыр. Ол біртіндеп жерге қонып, сейіліп келеді. Бұл маған Әшірбекті, Трактор торының бүлкегін, арбаның сылдырын, бөшкеден ытқып-ытқып шыққан іртік-іртік тамшыларды көз алдыма елестетті. Ертең-ақ мен бұл шаңның алдында болармын. Күнде сойтермін де.

Әскери дабылмен белгілі ауданға келген сайын біздер — телефонистер он шақырым жердегі тұрақты желіге кабель тарқатып келіп, жалғаймыз.

Бірде кабель тарқатып келгенімізде тұрақты желінің басталар жеріндегі бағананың түбіне бір киіз үй тігіліп қалыпты. Түрікпендердің дәу-дәу ала иттері анадайдан абалап алдымнан шықты. Қарап тұратын уақыт па, тура тарта бердім.

Үйден жеті-сегіз жасар бір қара бала атқып шықты.

— Солдат, солдат, — деді есікке бұрылып.

— Солдат болса не қыл дейсің? Атты шешіп әкел, бар. Іштен жауап дауыс қарлығыңқырап естілді.

Мен қазақ сөзіне елең еттім. Бала бағанаға қарай жүрді. Мен бұрын жеткенмін, атты дереу шеше бастадым. Кәдімгі өзімнің атамша күрмеп байлапты.

Бала төмен қарап тұрып қолын созды. Діріл бар. Ұстата салдым. Машинамыз кеп қалған. Енді бала ұмыт болды.

Байлаңы орнаттық. Дала телефонын қосып үлгергеніміз сол еді шылдыр етті.

— Бақылау пункті. Аға лейтенант Черкашин. «Глобус». Орнаттық. «Астра» жауап берген жоқ. Міне, «Астра», «Астра», «Глобусқа» жауап беріңіз.

Сонымен «Глобус» пен «Астра» жалғанды. Біздің мақсатымыз орындалды. Аға лейтенант трубканы орнына қойды.

— Ефрейтор Молдашев.

— Мен.

— Сен осында бақылауда қаласың.

— Құп болады, жолдас аға лейтенант.

Мен бақылау пунктінде қалдым.

Енді әлгіндегі әуестігім қайта қозып, киіз үй жаққа қарадым. Қыбыр еткен жан жоқ. Ала иттер үй айнала көлеңкеге жайғасыпты. Ентігіп, арсалақ-

тап өкпесін соғады. Әсіресе босағаға таяу жатқан қара бас маң төбеттің көрген тауқыметі ауыр болса керек. Моң-зең әңірейіп басын көтереді, тілі салақтап жерге жетер болғасын, қайта сылқ еткізіп, сұлқ қалады. Арғы қапталдағы қойлар да өкпе соғып, бір-бірінің бауырына басын тығады. Бар дүние ыстық буып еңтігеді.

Терім қатып салқындай бастап ем, енді ыстық қайта бууға айналды. Әсіресе етігімнің басынан өтіп барады. Бағананың көлеңкесіне аяғымды астыма басып малдас құрып отырдым. Телефон шылдыр еткен сайын тыңдаймын. Байланыс үзілген жоқ, сөйлесіп жатады.

Құрметті оқушым, осы жерде телефон шылдырлағанда менің тыңдайтындығыма, «Глобус» пен «Астра» бір-бірімен сөйлескенде менікі неге шылдырлайтынына сәл де болса таңданып ой жүгіртулерің мүмкін. Мұның мәнісі — менің телефоным кабель мен тұрақты желінің жалғанған жеріне қосылған. Олар бір-бірін шақырғанда, менің телефоным да шылдырлайды. Трубканы көтеріп тыңдаймын. Екеуі сөйлесіп жатса, болғаны. Біреуі сөйлеп, бірі үнсіз болса, байланыс бұзылғаны. Бақылау пунктінің мақсаты — менің мақсатым — ақау қай жағынан болды, соны анықтау.

Әне қара, бала тағы да есігінің алдына шықты. Басына ақ киіз қалпақ киіп алыпты. Ақ шалбары да далиған кең. Тек бойы қортық, әйтпесе киімі, тұлғасы ауыл шалынан айнымай қалған. Сонысының өзінен де жүрегіме ыстық, жақын тартады. Қол бұлағадым. Келді.

— Кел отыр. Атың кім?

— Ата.

Дәл осы кезде шешесінің даусы шықты.

— Ата, ей, Ата.

— Ау.

— Қайда жүр өзі?

— Мұндамын. Солдат ағаның қасында.

— Болмайсың ба енді? Ұялып тұрсың ба айтуға? Ертіп келе ғой. Бол.



Атаның екі беті қызарып кетті. Қап-қара том-
тақ көздері жайнап барады.

— Сізді шайға шақырып жатыр. Жүріңіз.

— Мен бара алмаймын.

— Неге? Жүріңіз.

— Жоқ. Мынаны тастап кетуге болмайды.

Мен иегіммен телефонды нұсқадым. Ата қызыл
қобдишаға таңырқай қарады.

— Не бар мұның ішінде?

Мен трубканы Атаның құлағына тостым.

— Сөйлеп жатыр біреулер. Сөйлеп жатыр.

Мен микрофонды жаба қойдым. Олай етпесем
Атаның сөзі байланыс тәртібін бұзады. Тіпті болма-
ған күнде бала үні батальон командирлерінің құла-
ғына шалынса, күдік туғызуы сөзсіз.

— Ата, ертіп келсеңші енді.

Шешесінің даусы тағы шықты. Ата маған жа тақ-жалтақ қарайды. Жүрсе екен деп тұр.

— Бара ғой, Ата. Келе алмайды деп айт.

Ата әзер кетіп барады. Адам деген қызық-ау демнің арасында қимастық, туыстық орнай қалған ма, жоқ жалғыздық елегізуі ме, Атаның үйіне қара берем. Атаның тысқа шығуын қалап отырмын. Ал көпке дейін көрінбеді.

Әкесі шықты да, керіліп сәл тұрды. Мен жаққа қарап қойды. Сүйтті де:

— Ата, ешкілер шошаңдай бастапты. Малды өргізейік. Киін,— деп белдеуде тұрған атын шеш бастады.

Шынында он шақты ешкі қойдан ұзап жайылы барады екен.

Батыстан болмашы баяу ыстық самал елп-елп етіп өтті. Жусан басы қозғалақтап қалды.

Ата аяғына етік, үстіне костюм киіп, белін бел беумен тартып алыпты. Маған қарап жымияды. Ұзын ұштық таққан қамшысын шартылдатып, қойларды өргізе бастады.

* * *

Аздан соң Атаның шешесі келді жаныма. Қолында дастарқаны, бір шәйнек шайы бар.

— Қарағым, амансың ба? Шөлдедің-ау, жаным. Шақырсақ келмейсің. Өзім әкелдім, сусындап ал.

— Неге бармайын. Мынаны тастап кетуге болмайды. Сол ғой. Болмаса, шақырмай-ақ бармас пен едім.

— Бәсе десеңші. Ал іше ғой.

Дастарқандағы бауырсақ пен әдемі құрт екен. Рахаттанып бір шыны шай ішіп бола бергенімде, телефоным шылдыр-шылдыр етіп қалды. «Астра».

— Ало, алоу, «Глобус», «Глобус», неге екенін жауап бермейді,— деп жатыр екен.

— Бақылау, бақылау,— дейді «Глобус». Үйіме маған әзер естіледі. Талып жетеді,

— Бақылау пункті. Ефрейтор Молдашев.

— Не болды? «Глобус» естілмейді.

Индикатор тұтқасын бұрдым. «Астра» естіп-ақ тұр. Ал «Глобус» міңгірлеп маған зорға естіледі. Трубкаға аға лейтенант Черкашин келді.

— Ефрейтор Молдашев, сол маңайды тексере бер. Команда жіберемін. Сым жерге тиген. Ізде.

Шай жайына қалды. Орнымнан атып тұрып автоматымды асына бастадым.

— Қарағым-ау, ішсеңші шайыңды. Не болды?— деп, Атаның анасы бұл оқыс қимылыма дегбірсізденіп, үрейленіп қалды.

— Апа, уақыт жоқ. Рахмет. Тығыз жағдай болып қалды.

— Әй, айналайындар-ай,— деп, шешей шыныдағы ішілмей қалған шайды төгіп, дастарқанды жинап жатыр.

• • •

Кабельді жағалап белге шықтым. Алдымда, қойнауда қой жатыр. Қой шетінде Ата маған қарай жүгіріп келеді. Екеуміз қапталда ұшырастық.

— Аға, ана жерде сым үзіліп жатыр,— деді Ата еңтігіп.

— Қай жере?

— Жүріңіз, тауып беремін.

Келсем, сымның біреуі қой тұяғынан үзілген екен. Ата жалғапты да, белгілі болсын деп, үстіне құм үйіп, төмпешік істеп қойыпты.

Сымды жақсылап жалғап, изолентамен орадым. Сонан соң Атаға:

— Ата, сымның ашық қалған жерін жерге тигізсең, бұл сөйлемей қалады. Сен үстіне құм үйіп сөйлетпей қойыпсың,— дедім.

— Мен белгілі болсын деп едім. Мен білген жоқпын.

Ата қатты қысылып қалды. Абыржып ыңғайсызданды. Сол сәтте өзін аяп кеттім.

— Білем, білем, Сен білмей істедің. Бәрінен де

тауып бергеніңді айт. Біз сандалып іздейтін едік. А сен оп-оңай тауып бердің.

Атаның жүзі жадырап қалды.

— Мына жабыстыратыныңыздан маған да беріңізші. Тағы үзілсе, өзім-ақ жалғап, жапсырып қояйын.

— Берейін. Бірақ сендер қойларыңды бұл жерден басқа жаққа жайыңдар. Қой аяғымен таптап тағы үзіп кетуі мүмкін.

— Жарайды.

— Мен кеттім, Ата.

Ата бара қойға тиісті. Әкесі қойдың аргы шетінде жүрген.

— Не болды? Тиме, тиме,— деп айқайлап еді Ата қарайтын емес. Дүрілдетіп қуып жүр.

- * * *

Күн алаулап бел асты. Жыра-жыраға қараңғылық жайлап үйіріле бастады.

Телефонымды тыңдап қоямын. Сөйлесіп жатыр Орнымнан тұрып әрлі-берлі жүріп, бой жаздым.

Қой өрістен қайтып келеді. Бөрте серке жалт жалт басып қора шетіне жетіп қалды. Қойдың алды қаптап келіп науадағы тұзға жабылды, соңы бытырап жатыр. Ата иіре бастады. Қойдың бір шеті менің үстіме келіп қалған. Ата жанымнан қой қайырып өте берді.

— Ата, бағанағыдан кейін үзілген жер таптың ба?— дедім сөзге тартқым келіп.

— Жоқ. Біз ол жаққа қайтып барғанымыз жоқ. Қойды ол маңнан алыс жайдық.

— Қойыңды иіріп болған соң, кел.

— Жарайды.

Ата көп кешікпей-ақ келді. Мен құрғақ паегымды жая бастадым. Консервіні ашып, нанды турап — бәрін панамамның (ыстық жақтарда жауынгерлер киетін бас киім) үстіне үйдім.

— Ал, Ата, жейік.

— Жоқ. Мен үйден тойып келдім.

— Дегенмен, әскер тамағынан алып қой.

Ата сараң алады. Жаныңда адам бары жақсы екен. Ал, ал деп отырып, көңілді тамақтандым.

— Телефон тыңдатыңызшы,— дейді.

Тыңдатамын. Тыңдап-тыңдап алып:

— Не айтып жатыр?— деп сұрайды.

— Оны айтуға болмайды. Құпия. Бәрі сендер үшін. Тыныштық үшін,— деймін.

Ата ұзақ тыңдайды. Қалай да ұққысы келеді.

— Бірдеңе-бірдеңе, ало, ало деп жатыр. Тыңдаңызшы,— деді.

Тыңдадым. «Астра» екен. «Глобуспен» байланыс үзіліпті, үн қатпайды.

— Ата, тағы бір жерінен ақау шықты. Іздеп келемін.

— Түн ғой. Түнде көрінуші ме еді? Оны қайдан табасыз? Ертең ерте іздемейсіз бе?

— Әй, Ата-ай, әскери байланыс күтіп тұра ма? Талай-талай кездесіп жүрген жай ғой. Тапқанда қандай. Міне былай кабельден ұстап алып, тарта береміз. Мен кеттім. Сен үйіңе бар. Жат.

— Қазір келесіз ғой. Сізді күтіп отырамын.

Ақауды жөндеп қайтқанымша екі сағаттай уақыт өтті. Келсем, Ата телефонның түбінде отыр.

— Сөйлеп жатыр. Екі адам сөйлесіп жатыр,— деп күлді.

— Сен әлі кетпегенсің бе?

— Жоқ. Үйге бармаймын дедім. Сізбен бірге болып, қой күзетемін.

Біз енді әр нені айтып отырдық. Құс жолын көлденеңінен кесіп, қызыл-жасыл нүкте өтті.

— Самолет пе?

— Самолет.

— Түнде жатпай ма?

Шинельдің үстінде шалқамыздан жатырмыз. Ата жұлдыздар туралы, түнгі самолет туралы менен көп-көп әңгіме сұрайды.

Бір уақыт Ата үнсіз қалды. Сөйтсем, тыншығып ұйықтап кетіпті. Жарым түн болды. Атаны шинельмен қымтап қойдым да, телефон қобдишасына ба-

сымды сүйеп қалғи бастадым. Шылдырлаған сайың тыңдаймын.

Бір уақытта оқтын-оқтын шылдырлай қалды.

— Бақылау, бақылау,— деп жатыр екен.

— Бақылау тыңдап тұр.

— Молдашев, жинаймыз. Сен сол басынан ораі бер. Ұқтың ба?

— Ұқтым.

Бағанаға шығып, сымды үздім. Ата мұрны пы сылдап ұйықтап жатыр. Қимай сәл тұрдым. Қай тейін, шинель керек, әрі жалғыз өзін далаға тастап кетуге болмайды. Ояттым. Көзін ашып алды. Атып тұрды. Ұйықтап қалғандығына қысылды.

— Ата, біз жинайық деп жатырмыз мынаны Сау бол!

— Түнде қалай жинайсыздар?

— Жинаймыз. Күтіп тұратын уақыт жоқ. Сен үйіңе барып ұйықта. Сау бол, айналайын. Хош!

Орнымнан қозғалдым. Шөлмек тұтқасын бұра дым, сартылдап түн тыныштығын бұзды. Иттер үрді.

Мен ұзай бердім. Ата ұйқылы көзімен мең-зең күйде теңселе басып үйіне кетіп барады. Мен жаққа қарап қояды.

«Ұйықтай ғой барып, тыныш ұйықта, қалқам! Біз бармыз ғой».

Мен түн құшағындағы құм жоталарына көтерілдім.

РАХИМА

Күздің соңғы айы болатын. Апам көрші колхоз дағы Іздән әпкемнің үйіне барып еді, Рахиманы алып келіпті.

Қандай жат адам, таныс адамды көрмейін, олар ды басқа біреулермен ұқсастырып отыратын әдетім бар менің. Рахиманы көре салысымен де сөйттім.

Рахима әпкемнен гөрі Тұрсынбай жездеме көбірек ұқсайды екен. Ұшы шолақтау кішкентай мұрны

дөп-дөңгелек қара көздері, ашулы кейіп аңғартатын қабағы — бәр-бәрі жездемдікінен аумайды.

Рахиманың бізді жатырқап, жәудіреп отырғаны тым сүйкімді-ақ.

Өзі апам әбден үйір болып алыпты. Сәл қит етсе болды, апамның бауырына тығылады.

Кешке жұмыстан келген әкем Рахиманы көрген бойда арсалаңдап қатты қуанды.

— Балалар аман ба екен? Мынау Рахима ма? Келе ғойшы, әке, — деп қолын созып еді, Рахима апамға қарай қашты.

— Бекен, бері берші, көтеріп әкел, — деп, әкем мені жұмсады.

Менің қолым денесіне тиісімен-ақ Рахима бақырып жылап қоя берді. Денесі бір түрлі ыстық екен. Құшағыма қыстым.

Әкем Рахиманы қолына алған бойда жоғарылатып көтерді, сонан соң алқымына мұртын тығып иіскеді.

— Тура шешесінің иісі. Сонша бақырғаны. Айналайын. Ой көкем.

Әкем айналып, толғанып отыр. Рахима шыңғыруын қояр емес.

«Бұл да бір жылауық, жаман бала екен ғой», — дедім іштей.

Рахима қоятын болмаған соң әкем:

— Қап, атасын танымады ғой бұл ақымақ, — деп қоя бере салды.

Рахима тәмпеңдеп, аяғын тәлтіректей басып, шешеме жете бере, қолына құлай кетті.

— Жә, атасын кісі жатырқай ма екен? Атаң ғой ол, атаң. Тағы болып өскен бе? Қой, жылама енді.

Апам Рахиманың тарам-тарам боп аққан көз жасын сүртіп жатыр. Рахима өксіп-өксіп қояды.

Ертеңгілік Рахима апам далада жүргенде оянды. Ұйқысын аша алмай, маужырап біраз отырды. Неге екенін білмеймін, көзі кіртііп, жағы сопайып, бетіне екі-үш сызық ұялапты. Өскіндеу шашы ұйпақ-ұйпақ.

Мен дөңгелек столға жайғасып, сабаққа дайындалып отырғанмын. Алтын мен Бауыржан маза бер-

меген соң екеуіне қызық-қызық суреті көп кітапша беріп алдаусыратқанмын. Екеуі оның қызығына жаңа ғана түскен.

Манаурап отырған Рахиманы алдымен Бауыржан көрді. Ол:

— Иахима, м-ма қаяшы,— деп, кітабын ала жүгірді.

Бауыржан жақындай беріп еді Рахима:

— Ыһы, ыһы,— деп теріс айналып кетті.

Бауыржан не қыларын білмей, состиып тұрып қалды.

Рахима Бауыржанға қайта қарай берді де, жылай жөнелді. Сөйтті де іле орнынан тұра салып, есікті көздеді. Құлдыраңдап барады.

Әлгінде Бауыржан еденге су төгіп қойған. Сол қазір ұзыннан-ұзақ созылып жіп-жіңішке арықша болып жатыр еді. Рахима соны елең қылмай өте берем деп, тайып кетіп, шалқасынан түсті. Оңбай жығылды. Құлындағы даусы шығып, шыңғырып жіберді.

Есікке бір, еденге бір қарап қойып жылайды. Суға беттемей қалыпты. Қорқып тұр.

Осыдан кейін Рахима еденге жуымайтын болды. Апам далаға шығып кетсе, киіздің шетіне барады да, жылап тұрады. Әрі қарай аяқ баспайды. Мұнысы бізге ойын болды. Рахима киіз шетіне қарай жақындады екен, Алтын, Бауыржан үшеуміз бірдей суға қарай жүгіреміз. Кесемен су ала салып:

— Ойбай, су, су!

— Иахима, су!

— Ой, ой, таясың, жығыласың,— десіп есін шығарамыз.

Өстеміз деп жүргенде мынандай бір қызық болды.

Ойнап отырып байқамаппыз, Рахима киіз шетіне барып қалыпты. Үшеуміз де су іздеп тапырлап қалдық. Қапелімде ыдыс табыла қоймады да, мен пештің алдында тұрған шәйнектегі суды ала жүгірдім. Шүмегімен сыздықтата бастадым. Сол-сол-ақ екен! Алтын да, Бауыржан да шәйнектің тұтқасына жабы

са кетті. Үшеуміз бір-бірімізге бермей тартқыласып жүргенде, шәйнек жерге түсіп кетіп, суын ақтарып алдық. Үйдің іші көлкіді де кетті.

Не қыларымды білмей, сасып сәл тұрдым. Сосын дереу еден жуатын шүберекпен суды кірленге сарқа бастадым. Апам не әжем көріп қоймасын деп, шекемнен шып-шып тер сорғалап, жан ұшырып жүрмін. Бірақ адамның ойлағаны бола бермейді ғой. Әжем кіріп келді.

— Қаздиып қаттым да қалдым.

— Бекен-ау, кім жу деді саған мұны. Өзіміз-ақ жуатын ек қой. Сонша қара терге түсіпсің.

— Өзім.

Осы сөз аузымнан атып шықты. Мұндай сәтті сөз ауызға бүйтіп бірден түседі деп бұрын кім ойлаған.

Алтынға қарадым, жымың-жымың етеді. Көзімді қысып қойдым. Ол түсіне кетті. Басын шұлғыды. Сөйткенде Бауыржан:

— Әже, бұлай,— дей берді.

Көзді ашып-жұмғанша Бауыржанға қабағымды түйіп, ажырая қарадым. Ол менен қорқып, әрі қарай не айтарын білмей:

— С, с,— деп тұтығып қалды.

Бір жақсы жері, әжем бұған көп назар аударған жоқ. Қайта:

— Өз ықтиярыңмен бастаған екенсің, ал енді жуа ғой,— деп, маған қошемет білдірді.

Мен шаршап-шалдыққанымға қарамай еденді мұнтаздай етіп жуып шықтым. Бұл менің тұңғыш рет еден жууым еді. Мәз болып қуанып жүрмін.

Мұныма үй ішіндегілердің бәрі қуанды. Әжем апама айтты, ал апам кешке жұмыстан келіп шәй ішіп отырған әкеме:

— Әй, десе, той қыл. Балаң бүгін еденді жуып қызық қылды. Қыздардан кем жумайды екен өзі,— деді.

— Жалқау ғой. Әйтпесе мұның қолынан келеді,— деп, әкем де разылығын білдірді.

Әжем: «Балалы үйде құпия болмайды»,— деп

отырады. Сол рас. Әсіресе, Бауыржан тұрған жердің құпия болады деу мүлде әшейін.

Елдің мені мақтағанын көре алмады ма, жоқ байқамай айтып қалды ма, білмеймін, әйтеуір Бауыржан:

— Бұл еденге су төгіп алған,— деп қойып қалды.

Алтын да зорға шыдап тұр екен, тақылдап ала жөнелді:

— Рахиманың алдына су төгеміз деп Бекет шәйнектегі суды ақтарып алды. Сонан соң қорқып жуды.

— Рахиманың алдына су төккені несі?

— Бекет, ол не пәле?

— Әшейін.

— Сен есің кіріп, адам болып қалдың ғой. Бүгін еден жууға әлің келсе, ертең кетпен-күрек ұстауға жарайсың. Жігіт болды деген сол. Балалардың маза сын алма.

— Жарайды. Су төгіп қойғанымыз рас еді. Бірібір мен енді еденді өзім жуып тұрамын. Сөйтемін, апа.

Шынында, осыдан кейін мен еден жуғыш болып алдым. Мұныма тіптен үй ішінің бәрі үйреніп алды. Еден титтей кірледі болды:

— Ал еден жуғыш,— деп, маған белгі береді.

Мен бұл сөзді екі етпей өзірлене бастаймын. Жұрт та разы, мен де разы.

МЕНИҢ АҒАМ—СОЛДАТ

Нұрсапаның әкесі — сушы, шешесі — қызыл шашы.

Ауыл мен Бірлік станциясының арасындағы ұзыннан ұзақ қаз-қатар созылып жатқан үш сал солардың звеносынікі. Нұрсапаның әкесі мен шешесі ерте көктемнен суық күзге дейін таңның атысы, күннің батысы сол салалардың ішінде болады. Жер өңі

деу, тұқым себу, өсімдікті сиректеу, қатар аралығын қопсыту, арам шөптен арылту, суару деген сияқты жұмыстар алты ай жазда бірінен соң бірі алмасып келеді де тұрады. Нұрсапаның әкесі мен шешесі мұның бәрін күтіп-баптау деп атайды. Қызылшалардың бәрі сол күтіп-баптау кезінде плантация ішінде болады. Бұл кезде плантацияға басқа бөтен басты адам аяқ басып бармайды. Не алады? Әрбір жас өскін сияқты қант қызылшасы да таптауды емес баптауды сүйеді.

Күз болысымен қызылша қызығы басталады. Міне, бұл шақта плантацияны қауырт қимыл кернейді. Адам да, техника да атыздың аузы-мұрнынан шығып, жыртылып-айырылады. Солардың ішінде ата-анасына көмекке келген балалар да аз болмайды. Жиын-терін — үлкен-кіші демей жапа-тармағай жабылып кеткенді жақсы көреді. Мұны әркім-ақ жақсы біледі. Сөйтеді де, қарттар келіндері мен қыздарына, балалар шешелері мен әпкелеріне көмек қолын аямайды.

Нұрсапаның да шешесіне көмекке келіп жүргеніне бір апта болды. Мектептен келісімен бұрынғыдай керіліп-созылмайды, асын іше салып бірден сабаққа отырады. Оны бітірісімен плантацияға тартады. Бұл келді болды, шешесінің қолы ұзарып, жаны тынып қалады. Комбайн жүріп өткен жерде қалған бірен-саран масақты тез-тез жинай салып, екеуі үймектің екі жағына отыра қалып кіріседі дейсің бір. Нұрсапа шешесінен титтей де қалыспайды: аршылмай, комбайн пышағынан қаға беріс қалып қойған түбірлердің жапырағын пышақпен бір сермеп ұшырып түсіре береді. Аршылған қызылша таза үймекке топ-топ түсіп жатады. Содан ымырт жабылып, қас қарайғанша шешелі-балалы екеуі тынбай жамсатып істеп, аршылған қызылша үймегін пырдай қылып тастайды.

Есепші Әлмен кеше бұлар аршыған қызылшаны қабылдап тұрып, қатты таңданған:

— Тү-у, қалай аршығансыңдар тіптен? Жеті

тонна! Қанша адамға жазамыз мұны енді? Бір адам тұрмақ екі адамға көп қой бұл.

— Қанша адамың не? Маған жаз. Көмектескен өз балам. Аршылған қызылша да менікі,— деген Нұрсапаның шешесі.

— Жөн екен. Бұл балалар ерлеп тұр биыл. Өздері үлкендерден аз аршып жатқан жоқ. Ал ендеше жаздым өзіңізге,— деп Әлмен қағазына үңілген.

— Айналайын балаларынан,— деген Нұрсапаның шешесі.

Нұрсапа кешкі самал қытықтаған кішкентай тәмпиш мұрнын бір тартып қойып, үйлектің бас-аяғын қоғамдап, әдемілеп шошайтып үйіп жатқан. Үлкендердің сөзіне араласып не бар? Бірақ қаншама сыр бермейін дегенімен, бір ыстық сезім өн бойын кернеп өтіп, ақ жүзіне нұр ұялап, қап-қара томпақ көзі жасаурап кеткен.

Міне, бүгін де Нұрсапа шешесі екеуі екі жақта әй-шәйға қарамай патыратып қызылша аршып жатқан.

— Жеңгей!

Нұрсапа да, шешесі де жерден бастарын жұлып жұлып алды: дәл жандарында сұңғақ бойлы солдат сыптай болып қатып тұр. Үстіндегі киімінде бірде-бір олпы-солпы артық-ауыс ештеңе жоқ: панамасы, гимнастеркасы, шалбар, етігі — бәрі-бәрі денесімен дене болып, асқан жарастық тапқан. Солдат деген осындай болу керек қой, бәсе!

Мына солдаттың колхозға қызылша тасуға көмекке келгенін Нұрсапа да, шешесі де бірден білді.

— Иә, қарағым,— деді Нұрсапаның шешесі.

— Жеңгей, машинаман бір кішкене кінәрап шығып тұрғаны. Жалғыз өзіме кенер емес. Соған мына балаңызды сұрап келіп тұрмын. Көмегі қажет.

— Е-е, оның несі айып? Барсын, бар, Нұрсапа ағаңа көмектесіп жібергін.

— Қап, сіздердің жұмыстарыңызға біраз қолбайлау болатын болдым-ау.

— Ештеңе етпейді, қарағым. Бұл жиын-терінде «сенікі», «менікі» жоқ. Біз аршысақ, сендер тасисың

дар. Бірі тоқтап тұрып, екіншісі жүріп жатқаны болмайды бұл жұмыстың.

— Рақмет, жеңгей! Балаңыздың аты Нұрсапа екен ғой. Онда танысып қояйық. Менің атым — Еркін. Қай класта оқисың, Нұрсапа?!

— Төртінші.

— Дәу жігіт екен ғой, бәсе. Ал, жүр, кеттік.

Келе салысымен Еркін Нұрсапаны машинаның кабинасына шығарды да:

— Мынау — газ, мынау — тормоз. Осында отырып алып, мен осылардың қайсысын бас десем, сонысын басып берсең болғаны. Қалғанын өзіме қоя бер,— деді де, машинаның ашық тұрған кеудесіне бас қойды.

Газды да, тормозды да Нұрсапа бұрыннан білетін. Еркіннің айтқанын екі етпей орындап беріп отырды. Еркін біресе газды, біресе тормозды бас деумен, бұл басумен уақыт зымырап өтіп жатты.

Дүниенің жаманы — бір орында қаққан қазықтай боп тапжылмай отыру екен. Нұрсапаның аяқ-қолы талып, арқасы құрысып, екі жауырының арасы шаншып кетті. Күндегідей бір рахат, мынаның қасында ойын сияқты еді. Мамасы да жалғызіліктік көріп, жұмысы өнбей жатқан шығар. Кеткісі келеді. Бірақ тастай алмайды. Батылы жетпей жүрексіне ме, солдат ағайдан қаймыға ма, әйтеуір сондай бір өре-сәре күйде отыр.

Бір сәт кетуге оқталып, кабина есігінің тұтқасын ұстай берген. «Бұл жиын-терін де «сенікі», «менікі» жоқ. Жаңа шешесі айтқан осы сөздер миына зың-зың ете қалды. Тұтқаны қоя бере салды. Шынында солай екен ғой. Бұл машина не үшін жөнделіп жатыр? Қызылшаны тасу үшін жөнделіп жатыр. Қызылшаны не үшін аршиды? Тасу үшін аршиды. Ендеше мына машинаның жөнделіп бітуі қызылша аршудан бірде-бір кем емес.

Нұрсапа осының бәрін санасымен салмақтап, сезіп, біліп отыр. Осыларды ойлаған сайын бір түрлі жеңілейіп, арқасының құрысқаны жазылып кеткендей болады.

Нұрсапа солдат ағайға көмектесіп отыр. Жөнде-
ліп жатқан әскери машина. Нұрсапаның көмегі әс-
керге қажет болыпты! Әскерге көмек! Нұрсапа өз
ойынан өзі қорқып кетіп, терлеп сала берді. Ондай
үлкен іс мұның қолынан қайдан келсін? Ал газ бен
тормозды кезек-кезек басып отыру да сөз бе екен?

— Нұрсапа, жүгір, бері кел.

Нұрсапа ой жетегінде отырып, әуелімде дауыс-
тың қайдан шыққанын білмей, дел-сал болып қал-
ған. Еркін қайта дауыстады.

— Нұрсапа, сен не, ұйықтап қалғаннан саумы-
сың өзі? Бері кел деймін. Кел бермен!

Нұрсапа енді ұқты: кабинадан қарғып түсті.

Еркін Нұрсапаның аяғы жерге тиер-тиместен
іліп әкетті. Көтерген күйі әкеліп машинаның тұмсы-
ғына дік дегізіп бір-ақ шығарды. Сүйтті де Нұрсапа-
ның қолына бір кіп-кішкентай винт берді.

— Нұрсапа, мына пәлені ұстата алмай тұрмын.
Мына тесіктегі ұшы қылтиып тұрған темірге бір ілін-
діріп берсең болғаны, іс бітті. Менің қолым сыймай,
қорлығы өткені. Қане, көрші,— деді сонан соң.

Нұрсапаның саусақтары тесікке зып ете қалды:
винтті бірден бұрап іліндірді.

Еркін қуанып кетті.

— Міне, жігіт. Іліндірдің бе? Ендігісін өзіме
қоя бер. Сен қайтадан кабинаға бар.

Еркін енді көп іркілген жоқ. Бір сәт еңкейіп,
тұқшыңдап жатты да, жерге қарғып түсті.

— Бала, бала!

Нұрсапа да асығыс-үсігіс жерге секіріп түскен.

— Тоқта, бала! Смирно! Жас пионер, Нұрсапа,
Совет Армиясының уақытша істен шығып қалған ма-
шинасын жөндеуге көрсеткен тапқырлығыңыз бен
табандылығыңыз үшін сізге алғыс жариялаймын.

Нұрсапа не қыларын білмей, өрттей болып қы-
зарып кетті.

— Мұндайда не деу керек, Нұрсапа?

— Эрқашанда дайынбыз.

— Дұрыс-ақ. Ал әскер тілінде ше?

— Қайдам.

— Совет Одағына қызмет етемін деу керек.

— Совет Одағына қызмет етемін!

Нұрсапа осыны айтуын айтқанмен, аяқ астынан өрттей болып қызарып кетті. Мойны салбырап, көзімен жер шұқып тұр.

— Әй, Нұрсапа, сен ұялшақ па едің. Ұялшақ адам солдат бола алмайды. Қайтпас, қайсар бала ғана нағыз солдат болады.

Нұрсапа өзінің солдат болатынына ешуақыт күмән келтірген емес еді. Басын жерден жұлып алды.

— Аға, мен нағыз солдат боламын!

— Міне жігіт. Жас пионер, Нұрсапа! Сіз боссыз енді.

Нұрсапа шешесіне қарай тұра жүгірді. Бұл шешесіне жете бергенде, машина от алып, орнынан қозғалған.

— Көмегің болды ма әйтеуір, қарағым?— деді Нұрсапаның шешесі бұл таяй бере.

— Болды!

— Онда жөн.

Нұрсапаның кеудесі кеңіп сала берген.

— Нұрсапа, жаңағы машинасын жөндей алмай, сонша өүреге түскен солдат кім өзі?

Әй-шәй жоқ, ту сыртынан қойылған бұл қыршаңқы сұрақтың иесі — Алпысбай. Кластағы өзінен басқа ешкімді менсінбейтін қиямпұрыс оқушы. Жауапты бұған жақсылап тұрып беру керек.

— Ол — менің ағам. Солдат!

— Е-е...

Алпысбай әрі қарай не айтарын білмей тосылып қалды. Қанша қырсық болғанымен нағыз солдат жөнінде не айтпақ.

КӨК ҚОЗЫ

Батальон маршта келе жатқан.

Полк көлеміндегі екі күндік жаттығу аяқталып, әскери қалашықтан қайтқан бетіміз. Батальон машиналары салқар колонна — керуен құрып, шуақ келеді.

Бізге колоннаның ортан белінен орын тиген. Біздікі ГАЗ-53 маркалы, астыңғы, артқы дөңгелегі бірдей тартатын қорапты машина. Қораптың екі қапталы ашпалы астау. Екі астаудың іші де қаз-қатар тізілген дала кабелінің шөлмегі. Қақпағы жабылған соң астаулар кәдімгі орындық болады да қалады.

Міне қазір де біз, телефоншы алты жігіт, үш-үштен бөлініп алып екі қапталдағы орындықтарда, яғни астаушалар үстінде қаздай тізіліп отырмыз.

Бұралаң дала жолы артта қалып, машиналар айнадай асфальтқа түскен соң, екпін алып, заулай жөнелді. Енді колонна үзілмес-басылмас бір сыдырғы жәйлі бір сарынға түсіп алып, асығыс тартып отырады.

Екі тәулік бойы тыным көрмей, жел-құйын болып телефон желісін тартқан біз бұйығып, бір-бірімізге тығыла түсіп, құс ұйқы болып отырмыз. Мызғып кетіппін.

— Ерген, қара, қозы. Ерген, қозы.

Бойымды эзер жиып алдым. Қайда қарарымды білмей жан-жағыма алақтай бердім.

— Әне, әрі қара!

Ефрейтор Селедков сұқ қолымен менің ту сыртымды нұсқады.

Жалт қарадым. Асфальттың терістік жағы қара жол болатын. Бір көк қозы соған түсіп алып заулап барады. Бірінен соң бірі тұсынан зарлап келіп, зулап өтіп жатқан машиналар қозыны ес-түсінен мүлде айырған.

Ол енді колонна өткенше бұл екпіннен шыға алмайды. Колонна өтіп кеткен соң да біразға дейін жүгіргені жүгірген. Сонан соң ештеңені көрмей, не маңырай алмай екі өкпесін соғып әл-дәрменсіз тұрар.

Отар қайда, енесі қайда? Оның бірін де бұл қозы енді қайтып таба алмайды. Зеңгіп қалады ғой, бейшара. Қойшы іздер. Бірақ табар ма екен? Әй, кім білсін, алыстап кететін болды ғой.

— Адасатын болды-ау, қап!

Өстіп өкініш білдіргеннен басқа бізде еш амал жоқ, бел асып кеттік. Қозы қала берді.

Машина кілт тоқтады.

Біз өре түрегелдік.

— Не боп қалды?

— Қирады, сірә.

Кабинадан Дементьев шықты.

— Жетер ұйықтағандарың. Бой сергітіңдер былай...

— Не болды?

— Не болсын? Бір жарты сағатсыз қозғалмайтын болды.

Дементьев дереу капотты аша салып, іске кірісіп кетті.

Машина бұзылған екен, яки тоқтаған екен деп тапырлайтын ауыл емес, бұл — әскер. Қозғалыс кезінде артық-ауыс қимылға жол жоқ, орын-орнымызда отырмыз. Екі көзіміз белде. Көк қозы көп күттірмеді, қылтың етіп шыға келді.

— Әне, көрінді!

— Мынау шынымен қозы ма, жоқ, шайтан ба?

Дементьев басын мотордан жұлып алды.

— Жігіттер, шуламаңдар, ұстаңдар қозыны.

Мен әй-шәйға қарамай жерге қарғып түсіп, жаға жолға жүгіріп шықтым. Көк қозы салып ұрып кел қалды. Екі көзі тұнып, екі құлағы бітіп қалса керек, өзі келіп құшағыма қойып кетті. Кішкентай жүрегі кеудесін жарып кетердей тарс-тарс соғады. Бақайына дейін қара терге түскен. Көкпенбек көк бұйра жүніне жабысқан шаң терге шыланып жылт-жылт етеді.

Мен қозыны көтеріп жігіттерге беттегенде, колонна ұзай бастаған. Дементьев капотты жауып жатыр екен. Маған айғайлады:

— Ерген, жүгір. Тез отыр машинаға.

Мен жүгіріп кеп, қозыны жігіттерге ұсына бердім. Селедков қағып алды.

Машина гүр ете түсті. Солдатқа бұйым болған ба, аяғым дөңгелекке тиер-тиместен қозғала берген машинаға ытқып шықтым.

Машина кері бұрылды.

— Құртты мына Дементьев!

— Ол емес, көк қозы құртады бізді.

— Ештеңе етпейді.

Әс-бәс дегенше заулай жөнелдік. Сол сәт жаңағы көк қозы ұшып жеткен қара жолда ақбоз атпен аңыратып келе жатқан қойшыны көрдік.

— Қойшы!

— Қайдан білді екен-ей?

Мен көк қозыны алдыңғы екі аяғынан аспанда та көтеріп қойшыға көрсеттім. Қойшы ат басын тартты.

Дементьев тормозды басты. Дементьев машинасын кері бұрғанда, қойшы асфальт жағасында тұрған. Ақбоз ат жуас жануар екен, үрікпеді. Шопан тебініп кеп, машинаға қатарласа берді. Мен еңкейіп көк қозыны қойшыға ұстата салдым.

— Рахмет. Көп рахмет, солдат қарақтарым!

— Сау болыңыз, ақсақал.

Дементьев газды аямай басты. Машина тез-ақ екпін алды.

Қойшы желе шоқырақтатып бара жатты.

ӘДІЛБАЙДЫҢ ӘЛЕГІ

Мен онда апамның үйінде жүріп, үшінші класта оқитынмын. Әділбайдың үш-төрт жасар кішкентай кезі. Ол жасында әбден ерке, сотанақ еді. Бала бол алдағаныңа көнбейтін. Сосын да мен ол не айтса сонысын орындап құтылушы едім. Басқа лаж жоқ. Айтқанын дереу істемесең, бақырып жылайды. Әділбайдың қыңқ еткен даусы шықса, апамның баж еткен даусы бірге шығады.

— Саған не болған, Әлдеш? Баланы жылатпай отыра алмайсың ба? Үнемі шырқыратасың да отырасың,— деп, маған ұрсып ала жөнеледі.

Дөңгелек столды қойып, сабағымды алдыма алсам, кітап оқытып, жазу жаздырмайды-ау бір. Кітабымды, дәптерімді ала қашып, мазамды кетіреді. Кейде сия төгіп, былғап та қояды. Бұл үшін ол менің мұғалімімнің, жолдастарымның алдында жер болып қызаратынымды түк сезбейтін. Талай рет көзімнің жасын мөлтілдетіп сығып-сығып алушы едім.

Маған шешем келгенде ғана теңдік тиюші еді. Бірақ олардың малдан қолдары көп босамайды, сирек келеді. Ондай бақытты күндері мен Әділбайды көзіме де ілмеймін. Сабақ оқып отырғанда бұрынғыдай жанымға жақындаса, ұрып та жіберемін. Шешемнің көзінше маған ұрсу қайда?!

Апам:

— Осы, үнемі шырқыратады да отырады. Балаңыз өте бұзақы,— дейді шешеме.

— О несі! Жиенің ғой, ұрма, қолың қалтырайды. Ұрыспай ойнаңдар,— деп, шешем екеумізге ақыл айтып, жай бітістіре салады. Дөңгелек столға мен еркін қожа болам да қалам. Шешемнен бәрі қаймығады. Ол кісі кеткен соң Әділбай үйреншікті әдетіне қайта көшеді.

Мен сырттан назар аударарлық бірдеңе көрсем, дереу Әділбайға жеткіземін. Ал Әділбай маған бір сәт тыныштығын сыйлаушы еді.

Бір күні кең кластың біреуінде бізге кино көрсетті. Қабырғаға ілінген экранға алдымен көз шағылыстыратын жарық түсті. Қондырғының асты жайсыз болды-ау деймін, осы жарықты механик экранға біраз уақытта әзер туралады. Бұл арада біз әрқайсымыз жарыққа қолымызды тосып, жұдырығымызды түйіп, бас киімдерімізді лақтырып, шуласып, мәз болып жаттық. Бір уақытта экранға аузын арандай ашып қасқырдың басы шыға келгені. Мұндай сұмдықты бірінші рет көруім еді. Аузымды ашып аңқайдым да қалдым. «Істеп тұрған кім екен?» деп таңырқап, маңайыма қарасам, жанымдағы Шопан. Екі қо-

лын айқастырып апты. Оң қолының төрт саусағын екі-екіден бөліп, ашып-жұмып, ашып-жұмып қояды. Сүйтсе, қасқыры жалмаң-жалмаң етеді.

Бұл өнердің бәрі қай жеріне сыйып жүргенін қайдам, қызықтың небір көкесін көрсеткені ғой кәдімгі менімен бірге оқитын Шопанның. Сұқ қолдары мен шынашақтарын өзара айқастырып қоян жасады. Жұдырығын түйіп, беттестіріп еді — шәйнек, алақанын беттестіріп, ортан қолын көтеріп еді — түйе болды.

Өнер-ақ қой, шіркін! Оның аржағында Әділбайды алдауға қандай қатқан десеңші!

Үйге келісімен ешкімге көрсетпей қабырғаға жасап едім, қасқырды мен де айнытпадым. Түйе мен шәйнектің де жорамалын келтірдім. Бірақ қояным шықпады.

«Қап бәлем, ертең болсын. Шопаннан бәрін түгел үйреніп келіп, бұл өнерді Әділбайға көрсетіп бір мақтанбасам».

Ертеңіне сабаққа барысымен-ақ Шопанның соңынан қалмай жүріп, бәрін үйреніп алдым. Үйге келгеннен кейінгі жерде күн батып шам жануын асыға күттім. Оңашада «мынау былай, ал мынау былай» деп, бірнеше рет тәжірибе жасап та алдым. Әділбайға түк сездірмеуге тырыстым. Біліп қояр ма екен деп хауіптенгенім сонша, ол күні екі қолым алдыма сыймады. Әділбай бар жерде абайсызда екі қолым бір-біріне жақындай берсе-ақ, дереу жұлып ап, артыма жасыра қоям.

Міне, мен асыға күткен шам да жанды. Өзімнің күндегі сабақ оқитын бұрышыма дөңгелек столды қойып, қағазымды жая бастадым. Шамды әкеп столдың бір шетіне қойдым. Күндегі әдетінше Әділбай да келді жаныма. Оған байқатпай көзді ашып-жұмғанша қолымның көлеңкесін қабырғаға түсіріп, бір байқап алдым. «Кино» қоятын уақыт болды, бастауым керек.

— Әділбай, сен маған сабақ оқуыма бөгет жасамайтын бол. Егер осыған келіссең, саған бір керемет қызық көрсетем.

— Жарайды, тиіспейін, көрсетші, а?

Бұған нану қайда?.. Сәлден кейін-ақ столдан керегін ала қашады бұл Әділбай. Ол жағы маған бес саусақтай мәлім.

Шәйнекті, қоянды көрсеттім. Түйе болып «буһ» деп бақырып та жібердім. Әділбай мәз болып, сақылдап күліп отыр.

Сүйткенде, апам көріп қойып:

— Түү, Әлдеш-ай, шығармайтын пәлең жоқ-ау... Тағы нені тапқансың. Жыбырлаған пәлелерің баланың түсіне кірер, қойсаңшы енді,— деп маған ұрсып тастады.

Бірақ Әділбай қорыққан жоқ. Қабырғаға түрлі-түрлі көлеңкелер түсіріп, мәз болды.

— Мен енді саған бөгет жасамаймын, тағы да үйретші,— деді содан кейін.

Мен уәде бердім.

АВТОБУС АЯЛДАМАСЫ

Көктем күндерінің бірінде біздің ауылдың аяғындағы тас жолдың екі жақ бетінен екі телеграф бағанасы көкірегіне көкала жазу байлап шыға келді. Дәл орта көшенің келіп тірелген жері. Аялдама жарнамасы екен бұл. Ертеңіне-ақ ауданнан колхоз орталығына автобус қатынай бастады. Енді аудан орталығына да, колхозға да барушылар бұрынғыша жаяу-жалпы шұбыруды тоқтатты. Лезде-ақ автобус-тың сағат сайын бір рет қатынайтынына үйреніп алыстық, аялдамаға жиналамыз. Рахат!

* * *

Осы аялдама жарнамасын мен бостан-босқа қираттым. Әншейін бір күтпеген оқыс іс болды.

Кендірбай екеуміз «Орленоктерімізді» мініп, тас жолға шыққанбыз. Канал көпірінен өте бере Кендірбай:

— Өскен, кел, анау аялдамаға дейін жарысайық,— деді.

— Кеттік.

Ағыза жөнелдік. Шүу дегенде алға шығып кеттім. Негізінде Кендірбай озатын-ды, қатарласа берді. Енді болмаса озып барады, кілт тоқтадым. Қарасам, жолдың ана бетіндегі аялдамаға жетіп тоқтаппын. Аялдаманың бәрі — аялдама. Қуанып кеттім. Кендірбай біраз жерден барып оралды.

— Не болды саған?

— Не болғаның не? Сен қалдың, сол болды.

— Аялдамаға дейін дегеніміз қайда.

— Енді не қыл дейсің? Мынау не аялдама емей?

— Әй қу-ай, анау аялдамаға шейін еді ғой.

— Айтқан екенсің!

— Жүр, әйтпесе, қайта жарысайық.

— Анау-мынауыңды білмеймін, қалдың.

— Қорқақ! Аялдаманы түсінбегенсіп, сылтау ратуын.

— «Аялдама, аялдама» деп басымды қатырмашы. Керек болса мұныңның быт-шытын шығарып, құртармын.

«Құртармынды» басында сөз екпінімен ерегісіп айтып едім, тағы мынадай бір ой келе кеткені.

— Кендірбай, кел осыларды жұлып алайық. Ауламызға іліп қоямыз. Велосипед аялдмасы болады да шығады. Бар ғой, қатып кетеді.

Кендірбай ат-тонын ала қашты.

— Өй, құрысын, біреу көріп қояды.

— Сол да сөз екен? Қазір деп тұрған кім? Кешке.

— Жоқ, керек емес. Мен кеттім.

— Бара бер.

Кендірбай велоспедіне мінді де, артына бір бұрылмай кете барды. Мен тұрып қалдым.

Тас жолға шықсаң-ақ көзіңе оттай басылып, мен мұңдалап тұратын көгала жазуды мен сол күні кешке жоқ еттім. Одан айрылған бағаналар бұрынғыдай оқшаулануын қойды. Елеусіз болып барады, тек

түбінде жұрт аяғымен тапталған тап-тақыр алаңқай ғана жатты.

Енді ел аялдаманы қойып өзді-өзі көшесінің аяғына шығып, топталып тұратын болып жүр. Үш көшенің қайсысының аяғында шоғыр көп, бәрі сонда жиналады. Әрине, автобус шоғырға тоқтайды. Аялдама сол. Аялдаманың не керегі бар. Автобус ауыл тұсына тоқтаса болды емес пе? Тоқтайды. Жаяу қалып көргеніміз жоқ. Біз енді бұған да үйреніп үлгердік. Кел де, мініп кете бер. Рахат!

* * *

Кеше Кендірбайдың шешесі аудан орталығына барған екен. «Кітап магазиніне оқу кітаптары түсіпті», — деп келді. Кендірбай екеуміз бір-бір тор алып, кітап сатып алуға бармақ болдық.

Тас жолға шықсақ, шоғыр арғы шеткі көшенің аяғында екен, сонда беттедік. Бұрынғы аялдаманың тұсына келгенде, Кендірбай маған:

— Өскен-ай, сені айтсаңшы, аялдаманы құртып. Аялдама ауылдың дәл ортасы, бізге де жақын, жақсы еді, — деді.

Өзім де өкініп жүретінмін, ашық мойындадым.

— Қап десеңші, құрыған іс болды.

— Қой дегенде, тіл алып па ең?

— Дабырлама, ел есітеді?

Біз жиналғандарға жақындап қалдық.

Орта көшеден бір кемпір шықты. Таяғына етпеттей сүйеніп келеді. Бәріміз таныдық. Нағима әжей. Әжей тас жолға эзер жетті де, бізге дауыстады.

— Бері келіндер, қарақтарым. Өстенөпке мұнда. Келіндер мұнда.

— Расында аялдама сол жер болатын. Оның үстіне әжей мұнда жете алмас. Жүріңдер, сонда барайық, — деді бір мосқал адам.

Әжей, сөзін сыйлап, келгенімізге разы болып қалды.

— Келіндер, айналайын. Өстенөпкесі құрғыр

осы жер еді, бағанда жазуы бар болатын. Балалар құртты да, пәле болды.

Әжей сөзін айтып болар-болмастан мосқал адамның көзі бізге түсті. Әсіресе маған қадалды. Нағима әжей жалпы балаларға өкпе артқаны болмаса, бізді барсың ба, жоқсың ба деген жоқ еді. Мына кісінікі қызық болды. Енді елдің бәрі бізге қарады. Тіптен сөз шығып кете жаздағаны. Онда бір сұмдық болатын еді. Автобус келіп қалып, сол құтқарды.

Қайтарда да Нағима әжей бәріміз бір автобусқа міндік.

Автобусымыз ауыл тұсына қатарласа берді. Үлкен көшенің тұсынан өтіп те кетті, заулап барады.

— Шопыр, шопыр, тоқтат. Ұзап кетті-ау!

Бұл Нағима әжей. Автобус екпінін баяулатып барып, біздің көшенің тұсына келіп тоқтады. Сөйтсек, адамдар осында жиналған екен, лап қойды. Кендірбай екеуміз алдыңғы есіктен ытқып-ытқып шықтық. Нағима әжей болса күңкілдсп әлі түсе алмай жүр.

— Ойбай, белім. Ұзап кеткенін. Енді қайтіп жеттім?

Автобус гүж етіп орнынан қозғалды. Нағима әжей состиып тұрған бізді көрді.

— Балалар, бері келіңдер. «Өлмегенге өлі балық жолығады» деген. Мынаны үйге дейін көтеріп барсаңдар қайтеді?

Кендірбай кітап толы торын маған берді, өзі әжейдің жүгін көтеріп алды. Нағима әжей аяғын санап басады. Екі тор иығымды кесіп, қолымды қиып барады. Әжейдің қақпасына әзер жеттім.

— Ал, әжей, біз қайттық.

Нағима әжей орта көшенің аяғында, үшінші үйде тұратын. Бізге бұрыс. Сонысын баса айтып, рахметін жаудырып жатыр:

— Үлкен жігіт болыңдар, шырақтарым, көсегелерің көгерсін! Біраз жолдарыңнан қалдырдым. Өстенөпкесі құрғыр ғой. Автобус бұрынғы орнына тоқтаса еңбектесем де жетер едім. Қарыс жер мұң ғой

бізге. Сендер болмасаңдар, жете алмайтын ем. Үлкен жігіт болыңдар.

Жүрегім бүлк етті. Нағима әжейдің мына сөздері бізге айтқан рахметінен гөрі аялдама кесірінен көрген кәріптігін шағып, көмек сұраған мұң-зары сияқтанды. Осы сәтте әжейді кереметтей аяп кеттім. Таяғына етбеттей сүйенген әжей аласарып, жер бауырлап еңбектеп бара жатқандай.

— Өскен, анада аялдама жарнамасын қайда жіберіп едің?

— Құрыған сонда-ақ, қайтпексің?

— Керек.

— Айтсаңшы. Неменеге керек?

— Бұрынғы орнына қағып қоямыз. Көрдің бе, Нағима әжейге өте обал екен.

— Шынында. Ол кісі ертең де барады сол жаққа. Білуші ме едің? Емханада қызы жатыр, соған күнде барады.

— Жоқ, білмеймін. Онда тіптен керек екен. Сен тап соны.

— Басқа бір амалын қарастырмасақ, мен оны сол күні-ақ каналға тастап жібергенмін.

Біз сол күні кешке қолымыздан келгенінше аянбай автобус аялдмасының белгісін жасап, бұрынғы орнына қағып қойдық.

* * *

Біреу жұлқып оятты.

— Тұр, Өскен, тұр. Кешегі уәде қайда?

Мен орнымнан атып тұрдым.

Кендірбай екен. Мен ұйықтап қалыппын. «Ертемен барып көрейік, автобус қай жерге тоқтар екен?» — деп келіскенбіз кеше.

Велосипедтерімізбен ағызып тас жолға шықтық. Бүгінгі шоғыр дәл біздің көшенің тұсында екен. Нағима әжей де бүкшеңдеп көшесінің аяғына шығып қалыпты. Біз кешігіппіз — автобус колхоз жақтан келеді... Заулап, таяп қалды. Қызықты қараңдар, шоғырдың жанына тоқтамай өте шықты.

— Мұнысы несі, шіркіннің?

— Біздің автобус па өзі?—деп таңданысты тұғандар. Кендірбай екеуіміз олардың жанынан өтшықтық.

Автобус барды да, дәл біз қаққан «Автобус адамдасына» тоқтады. Жалғыз Нағима әжей ғана мініп жатыр. Енді жұрт сонда жүгірді.

— Е, бәсе, жазу іліп қойған екен ғой мұнда.

— Онысы жақсы болған екен.

Осылай таңданысып, разы болысты. Бірақ көгала жазуға ешқайсысы пәлендей бір назар аудармаған тәрізді. Әйтпесе оның фанер тақтайдан жасалғандығы және айтарлықтай ұста емес адамдардың қолынан шыққандығы білінуші еді. Ол туралы да біреу сөз айтылатыны күмәнсіз болатын. Ал оның бәрі көріп, біліп тұрған Кендірбай екеуіміз ғана.

Мәселе жазудың сұлулығында емес пе дейміз. Әйткені содан бері автобус нашар да болса сол біз қаққан көгала жазудың түбіне тоқтап жүр. Жұрт соған жиналады. Рахат! Кел де, мініп кете бер.

ЖЫЛАҒАНЫ НЕСІ ЕКЕН?

Бақтыгүл екінші класта оқиды. Оқуын оқиды ау!.. Бірақ әлі күнге көбейту кестесін де жөнді білмейді. Таңданасыңдар, рас айтам. Тіпті ол мұны білудің керектігін ойлап та көрген емес. Өз бетінше қиналып есеп шығарып жатқан ол жоқ, қайтсын біліп! Үйге берілген тапсырманы бірін қалдырмай папасына шығартып алады. Қандай есеп болмасын оны қатырып тұрып шығарып беруге папасы әркез дайын, ал Бақтыгүл болса, мұнтаздай етіп көшіруге әбден машықтанып алған. Әуелім папасы Бақтыгүл оқудан келісімен:

— Ал, қызым, бүгін қандай есеп берді үйге?—деп сұрап отырады.

— Бір мәселе есеп, екі жай есеп,— дейді Бақтыгүл.

Рас, алғаш папасы:

— Қызым-ай, осыны да білмейсің бе? Оп-оңай ғой. Өзің шығарсаңшы, — деуші еді.

Бұл күнде оны қойған. Олай дейін десе, апасы араға түседі.

— Балаға білгенді үйреткеннен қашқаны несі? Ақылы толған соң ешкімге жалынбас менің күнім. Мұғалім бір, бұлар бір қажап, су ми қылатын болды ғой баланы түге. Міндетсінгені неменем ол, — деп, кәдімгідей ширығып қалатыны бар ол кісінің.

Сонан кейін папасы сөзге келгенді қойып, қандай есепті болса да қағып тастап отыратын болды. Сөйтіп, есеп үшін Бақтыгүлдің басы қатып, қабағы түйіліп көрген емес. Ал оқуға, жазуға келгенде ол бір оқушыдай-ақ. Кез келген тақырыпты кейбіреулер құсап ежелеп жатпай-ақ бездіріп кетеді. Көркем жазуды алсақ кластың алды — Серіктей болмағанымен, Зауремен тең түсіп қалады.

Сенбі күні Бақтыгүлдің мамасы мен папасы көрші колхоздағы туыстарына қонаққа кетіп еді, әлі оралған жоқ. Күн болса кештетіп барады, ал олардың қарасы да көрінбейді.

Ас үйде әжесі жүр күйбеңдеп. Мұнымен қоймай:

— Әлгілердің келетін уақыты болып еді. Шайлары қайна-қайнай суалып қалды. Сонша кешіккені несі екен? — деп, далаға әлсін-әлсін шығып, көшеге көз салады.

Бақтыгүл де көшеге қайта-қайта шығумен жүр. Өйткені жаңа бір әзірде есеп шығаруға отырған. Бірақ шығару қайда, сандарға қарағанның өзіне демі бітіп, тұншығып кеткендей болды. Үйге берген тапсырманы орындамай мектепке бару мүмкін бе? Жоқ, әрине. Өзі ғой шығара алмайды. Енді қайтпек керек? Тек қана күту керек.

Бақтыгүл көшеге бір шыққанында, төменгі бұрылыстан біреу бері қарай айнала берді. Бақтыгүл бірден таныды: көршілері жынды Қартабай. Қолын сермеп, бірдеңелерді сәмпылдап айтып келеді. Бақтыгүлдің тұсынан өте берді.

— Бақтыгүл, сендер білесіңдер ме мені? Мен за-

манында бұғалтырлық оқуды тауысқанмын. Шот қаққанымда көз ілеспеуші еді ғой, шіркін! Осы колхоздың бүкіл кіріс-шығысы менің мына саусағымның ұшында болатын.

Қартабайдың айтып тұрғанының бәрі рас. Кезінде ол осы колхоздың бухгалтері болатын. Машина апатынан өстіп ауысып қалды. Өзі балаларға үйір. Есі кіресілі-шығасылы бір сәттерде соларға өткен мағналы өмірін айтып отыруды жақсы көреді. «Жақсы оқындар, бұзақы болмаңдар»,— деп, ақыл айтып отыратын кездері де бар. Содан балалар оны көп жеңкермейді.

Ал қазір Қартабай Бақтыгүлге үлкен мият болып көрінді айта берсеңдер.

— Ағай, мен бүгін үйге берілген есепті шығаралмай қойдым. Соны шығарып бересіз бе?

— Әкел, көрейік.

Қартабай келіп дарбазаның түбіндегі орындыққа отырды. Бақтыгүл үйге, кітап, дәптеріне жүгірді.

Бақтыгүл қайта айналып келсе, Қартабай сылқиып отыр. Бетінде қан жоқ, сөл жоқ, көзі мағынасыз. Бір түрлі қорқынышты.

— Ағай, ағай!

Жаңа ғана сап-сау, құлшынып отырған Қартабай тіл қатпады.

— Ағай, әкелдім мен, міне.

— Ау, не әкелдің? Шай ма? Әкел, әкел.

— Жоқ, есеп.

— Есебі несі? Есеп, ха-ха. Так, қызылшаны сиректеп жүрген әйелдерге мың сом аванс, қора салып жатқандарға бес жүз.

Қартабай сандырақтап ала жөнелді.

Бақтыгүл шошып қалды. Оқыс шегіне берді.

— Қызым-ау, неғып тұрсың?

Шешесінің сүйкімді үні дәл құлағының түбінен естілді. Бақтыгүл жалт қарап еді, шешесі де, әкесі де таңданып, аңтарылып тұр екен.

— Қартабай ағай есебімді шығарып берем деп.

— Күнім-ау, ол қайдан шығарсын. Жүр үйге.

Түс. Оқудан тараған балалар топ-топ болып көше-көшені бойлап бытырып кетіп жатыр. Бақтыгүл, Серік, Зәуре — үшеуі бірге келе жатыр. Бұлар өз көшелеріне түсе бергенде, алдарына Қартабай шықты. Тағы да сөйлеп келеді.

— Балалар, сендер білесіңдер ме мені? Мен заманында бұғалтырлық оқуды тауысқанмын. Шот қаққанда көз ілеспеуші еді ғой, шіркін! Бұл Қартабай әлі де сол. Кеше мына Бақтыгүлдің небір қиын есептерін қас қаққанша шығарып бердім.

«Түу, өтірікшісін-ай, мынаның»,— деді іштей Бақтыгүл.

Балалар кідірмей жүре берді. Қартабай тағы бірдеңелер сөйлеп, бұларға әкірейе қарап тұр.

— Ертең апайға айтам. Бақтыгүл кеше есебін Қартабай ағайға шығартып алыпты деймін,— деді Серік ұзай бере.

— Өтірік. Ол өтірік айтады.

— Не қылған өтірік? Жаңа айтты ғой.

— Ия, саған па...

Бақтыгүл не айтарын білмей кібіртіктеп қалды, «папам шығарып берген» деп айтуға да болмайды екен ғой. Серік онда одан сайын жабыса түседі.

Серік үйінің тұсына келгенде:

— Қайтсең де айтам,— деп қақпасына қарай бұрылды. Аяғын нығыздап басып, Бақтыгүлді қорлап барады.

Енді екі-үш үй өткен соң Зәуре де:

— Өзің шығарған екен десем, біреуге шығартып алған екенсің ғой,— деп, теріс қарап кете барды.

Бақтыгүл не дерін білмеді, ызаға булығып кетті. Кімге өкпелерін білмей, жылап жіберді.

БАЙНАШ СОЛДАТ

Байнашты бәріміз солдат дейміз. Десе-дегендей, Анау шеткі партада отырады.

— Есназаров,— дейді мұғалім.

— Мен.

Байнаш көз ілеспес шапшаңдықпен атып тұрады да, тапжылмастан сіресіп қалады. Біз бір-бірімізге қарасып, жымыңдасып мәз боламыз.

— Тақтаға кел.

— Есть.

Мұны Байнаш маңындағылар ғана еститіндей етіп, жай айтады. Енді Байнаш қаздаңдап басып, тақтаға барады. Мұғалімге бетпе-бет таяп келіп, лып етіп бізге бұрылады. Қасқая қарап тұрады, қисайып, бүгілу дегенді білмейді-ау, тура солдаттың өзі!

Бірақ осы Байнаш сабаққа нашар. Сонысы жаман. Мұндай еркелігі бар балалар оқуға жүйрік болса! Зәурені көрмейсіңдер ме? Ерке-ақ! Өзі оқудың түбін түсіреді. Сонысымен сүйкімді де.

Ал мына Байнаштікі не? Түсінсемші! Былтырғысы бір сәрі. Кәкіма апай мұнысын біледі де, Байнаштың солдат қылықтарын елемейтін. Сонда да сабак білмейтіндігінен талай сөздер естуші еді.

Биылғысы не деймін? Биыл мектеп меңгерушісінің өзі — Жалғас ағай оқытады. Өйтпегенде ше? Біз енді бұл мектептің соңғы класында оқимыз. Ендігі жылы колхоз орталығындағы орта мектепке барамыз.

Байнашты қойсаңдаршы бұл! Жалғас ағайдан да ұялып, қаймықпайды. Тақтаға шақырып еді, солдат әдетін істеді. Ағай жымың етіп күлді. Байнаш па ұяла қоятын? Тақтаға барып сіресіп тұр.

Ережеден аузын ашпады. Жалғас ағай тақтаға бір сөйлем жаздырды. Зәуре қанша қате тапты екен, қол көтерді. Зәуре тұрмақ менің өзім үш қате көрдім.

— Есназаров, неге дайындалмайсың?

Үн жоқ.

— Бір себеп болған шығар? Айт.

Үн жоқ.

— Айтсаңшы. Неге дайындалмадың?

Байнаш қаздиып тұр. Көзі жыпықтай береді. Осы жері солдатқа келіңкіремейді. Солдат еш нәрседен қаймықпауы керек қой.

— Отыр ендеше. «Екі».

Байнаш сып етіп, бұрылып барады. Партасына үш-төрт адым қалғанда, тарс-тұрс басты. Балалар ду күлді.

— Ағай, Байнаш — солдат. Өстеді. Солдатша жүреді.— Аузы жеңіл Есен тақылдай жөнелді.

— Қызық екен! Есназаров, тақтаға кел.

Қайтпайсың-ау, Байнаш! Тағы солдатша басып барды. Жүрісінен танбай барды.

— Орныға бар.

Енді Байнаш қайсарланып алды. Бұрыла бере, орнына қаздаңдап басып барды.

Кей күлегештер болмаса, қалғанымыз жым тыйылдық. Бір қызық болар енді деп күтіп отырмыз. Түк те болмады. Сабақ жалғаса берді. Керек десе ағай Байнашқа бір ауыз тіл қатқан жоқ. Тек сабақ бітерде:

— Есназаров, ұмытпай тұрып айтып қояйын. Бүгін төртінші сабақ орыс тілі ғой. Содан кейін кетіп қалып жүрме,— деді.

— Жарайды.

Байнаш қаздиып тұр.

Жалғас ағай шыға бере, мен: «Не істер екен? Жеке сөйлескісі келсе, неге кабинетіне ертіп кетпейді? Не істемек?!»— деп ойладым. Маған әйтеуір бұл қызық болып көрінді.

Біз тарап кеттік. Байнаш класта қалды. Менің кеткім келмей сабақ кестесін қарағансып залда тұрып алдым.

Әне, кабинетінен Жалғас ағай шықты. Сабақ кестесіне үңіле түстім. Біздің класқа кіргені сол еді, Байнашты ертіп далаға беттеді. Байнаш қолын сермей басады. Мен де алыстан ілестім. Спорт алаңына бара жатыр. Дәл ортасына барғанда, Жалғас ағай:

— Есназаров, сумкаңды анда қой да бері кел. Енді екеуміз нағыз солдат жүрісін үйренейік. Бағанағың келіңкіремейді екен,— деді.

Байнаш жымың етті. Қуанып тұр. Байнаш тұрмақ мен де күліп жібердім, шарбаққа жабыса қалдым.

Ағай команда беріп, Байнашты жүргізе бастады.

Даусы зіркілдеп шығады. Түрлі қимыл кезінде денені қалай ұстау керектігін де үйретіп жүр. Байнашымыз түк білмейді екен. Демнің арасында шаршап қалды. Денесі ирең-ирең етіп, иығы салбырап, еңсесі түсіп кетті. Әй, Байнаш солдат-ай! Құрысын сенің бүйтіп солдат болғаның. Жалғас ағай сонда да қоймады. Байнаш аяқ көтеруден қалды.

Ақыры тоқтатып алды да:

— Есназаров, солдат — қастерлі сөз. Сен оны күлкіге айналдырады екенсің. Біз сияқты кәрі солдаттар өзін ешкімге қылжақ еткізген емес. Солдат болу — ең қиын оқу. Оған сен жассың. Сен әуелі мектептегі оқуыңды меңгеруің керек. Бар, сабағыңа дайындал, — деді. Жалғас ағай бұл сөздерді ызғарлы түрде айтты.

Менің өзім де сескеніп қалдым.

Байнаш спорт алаңынан ілбіп эзер-эзер шықты. Ешкімді елейтін емес. Жай басып, ұзап барады. Әй, Байнаш-ай. Бар болсын сенің бүйтіп солдат болғаның!

Содан бері Байнаш тақтаға шақырғанда қол сермеп қаздаңдап басуын қойды. Қайта сабаққа тілі шығып келеді.

ҚИСЫҚ ШЫБЫҚ

Нағима апай екі достың бір нәрсеге келісе алмай қалғандығын бірінші сабақ басталысымен-ақ сезді. Екеуі бір-бірінен қашқақтай берді. Әсіресе Әлмен бұртаң-бұртаң етіп, Болатқа жолар емес. Бір партада отырып бұлай ету жараспайды екен. Екеуі оқу табалдырығын алғашқы аттаған күннен бір отырып келеді. Сол екі жыл ішінде бүйтіп көрмеген тату достар бүгін айнып қалыпты. «Не болды екен бұларға? Өздері табысар».

Бірақ екеуі күні бойы жақындаса қоймады.

Соңғы сабақ аяқталуға жақын қалған. Нағима

апай екеуінің жанынан өтіп бара жатып, Болаттың:

— Айтсаңшы, айт,— деп сыбыр ете қалғанын есітіп қалды.

Әлмен теріс қарап кетті.

— Қорқақ.

Мектеп есігінен шығысымен-ақ балалар үйді-үйіне бытырап кетті. Тек Болат қана кейіндей берді. Міне, Нағима апай шығып келеді. Қолтығында бір бума дәптер.

— Апай!

— Ау, Болат. Ия, бір нәрсе айтқың келді ме?

— Ия, апай, біз байқамай жас шыбықтың бірін сындырып алдық.

— Қалайша? Қане жүр көрейік.

Нағима апай мен Болат спорт алаңының сол жақ шетіндегі арық бойына отырғызылған қалың шыбықтарға бет алды. Апай анадайдан байқады: қара ағаштың бір көшеті сұлап жатыр. Жанына келді. Шорт сынбапты. Тек шытынап-шытынап жарылып, майысып қалыпты.

— Неге сындырдыңдар?

— Бұл қисық екен. Әлмен жығып алып, түзетемін дей бергенде, шарт ете түсті. Екеуміз де тұра қаштық. Сізге айтайық деп едім, Әлмен қорықты. «Осыны айтсаң, сатқынсың»,— деді. Мейлі, менің шындықты айтқым келді.

— Оның дұрыс болды. Айтпағанда бұл шыбық қурап қалатын еді. Енді мұны біз өлтірмейміз. Әлмен өз қатесін мойындар. Сөйтіп, екеуің табысып кетесіңдер.

Нағима апай қол орамалын алды да, шыбықты тұрғызып, мықтап таңып қойды. Болат қарап еді, бағанағы өздері түзетпек болған жер сол қалпы қисайып тұр. «Қисық болса да солмаса екен»,— деп ойлады Болат.

— Болат, сен күнде бұған бір мезгіл су құйып тұр. Сонда тез жетіліп кетеді.

Бұл жайды Нағима апай да, Болат та Әлменге айтқан жоқ. Әлмен өзінше мәз болып жүре берді. Қара ағаш болса, бір-ақ аптаның ішінде қайтадан құл-

пырып, өз достарымен бірге самал желге төрбеліп тұрды.

Сенбі күні соңғы сабақтан кейін Нағима апай балаларды осы жайқалған шыбықтардың жанына ертіп келді. Оқушыларды сапқа тұрғызды да, шыбықтарды санап шықты. Сонан соң балаларға:

— Кісі басы бірден келеді екен. Енді бәріңе жеке-жеке бөліп беремін. Сонан соң сол шыбықтарды өзді-өздерің қамқорлыққа аласыңдар,— деді.

Мына жаңалыққа балалар:

— Жарайды.

— Әбден қызық болды,— десіп мәз болып қалды. Бөлісте Әлмен сындырған қисық шыбық Ерікке тиді. Ол:

— Мынау сынық, қисық екен, алмаймын,— деп қиғылық салды.

— Мейлі, Ерік басқасын-ақ алсын. Қане, балалар, қайсыларың аласыңдар? Еңбек сүйгіш бала күтсе, бұл әлі-ақ әдемі, түзу ағаш болып кетеді.

— Мен аламын.

Болат өз құлағына өзі сенбей қалды. Жалт қарады, шынында Әлмен қол көтеріп тұр.

— Ала ғой, Әлмен.

Нағима апай Әлменге аса разы сезіммен елжірей қарады. Әлмен жүзінде әрі ұялғандық, әрі ерлік бар еді.

Ертеңіне Әлмен мектепке жеткенше асықты. Кеше ұялып, жөндеп қарай алмаған. «Сынып қалған ағаш қалайша қайта тұрып кетті?» Осы ой түнімен Әлменге маза бермеді. Бүгін елден бұрын келіп, жақсылап тұрып көрмек.

Әлмен келсе, ешкім жоқ екен. Қарағашты шұқшиып қарай бастады. Қаз қалпы. Өзі түзетпек болған қисық жері де бұрынғыша. Бар өзгеріс — сынған жері орамалмен таңылған.

«Мұны кім таңды екен, а? Кім де болса, ол бір жақсы адам-ау. Болат болмасын?!»

Әлменнің жүрегі дір ете түсті. «Болат болмасын? Ой, пәлесін-ай. Қап, әнеугүні соның тілін алсамшы. Өзі келер қазір».

Әлмен волейбол алаңындағы орындықта отыр. Қақпа жаққа жалтақ-жалтақ қарайды. Болат жуық арада келе қоймады. Әбден шаршады. Бірнеше рет кеткісі келді. Кетейін-ақ дейді, сол сол-ақ екен, «Мынаны таңған Болат болды ма екен? Соны білмей кетпеймін» деген бір ой сап ете түсті.

Әй, бір уақытта Болат та көрінді-ау. Қақпадан велосипедін жетектеп кірді де, міне салып, шыбықтарға қарай ағыза жөнелді.

— Болат.

— Ау.

Болат кілт тоқтады.

— Шыбықты таңған сен бе?

— Жоқ.

— Енді кім?

— Апай. Анау — апайдың орамалы.

— Не, ол кісіге сен айттың ба?

— Ия.

— Қап... Бәрібір сен дұрыс жасапсың.

— Енді өзің ғой. Мейлі, ол ағашты жақсылап күтсең болғаны.

— Сенімен ұрысқан кім? Өзің ғой.

— Мен қойдым.

— Кел онда, велосипедке отыр. Мен де шыбығыма су құяйын.

Әлмен Болаттың алдына отырды. Екеуі шыбықтарға беттеді.

СУРЕТ САБАҒЫ

Сурет сабағы жаңа басталған. Мұғаліміміз Ерен апай:

— Балалар, білесіңдер ме, 8 март жақын қалды. Ол — аналар күні. Бүгінгі сабақта бәрің өзді-өз аналарыңа лайықты сыйлық болатыдай бір-бір сурет салыңдар, — деді.

Бүкіл класс болып:

— О, жақсы болды!

— Қызық-ай! — деп шу ете түстік.

— Мен раушан гүлін саламын,— деді менің парталасым Темір.

— Мен апамның өз суретін саламын,— деді алдыңғы партада отыратын Қанат.

— Мен де,— деді оның парталасы Зәуре.

Мен де апамның суретін салуға бекіндім.

Бәріміз тапсырманы орындауға құлшына кірісіп кеттік.

Қайдағы бір шар, шаршы, пирамида дегендерді қайта-қайта сызғылағаннан гөрі өз шешеннің суретін салған әлдеқайда оңай емес пе. Менің көз алдыма соншама жақын, ыстық, аяулы анам келе қалды. «Қызым, мен бұл сыйынды қуана қабыл аламын»,— деп, ақ қағаз үстінде күлімдеп тұрды ол.

Қарындашымды берік ұстап, қағазға төне түстім. Алайда қарындашым қағаз бетіне жақындай бере қолым дірілдеп кетті. Кілт тоқтадым. Жаңағы күлімдеп тұрған анам көзден ғайып болып, алдымда аппақ қағаз жатты. Шешемнің жарқын жүзін бейнелер бірде-бір сызық тарта алар емеспін. Өсіп отырған көңілім пәс тартып бара жатты.

Мен анамның суретін сала алмайтынымды сездім.

Қанат пен Зәуреке қарап қоямын. Екеуі дәптеріне төне түсіп, дамыл таппай жұмыс істеп отыр. Солардан кем болғаным ба?

Мен де енді ай-шайға қарамай іске кірісіп кеттім. Сөйтіп бас көтермей отырып бір нәрсе салып шықтым-ау, әйтеуір. Бір нәрсе дегенім — бұл менің шешемнен гөрі, осыдан бес-алты жыл бұрын ойнаған, ал қазір жетімсіреп сарайымыздың бір бұрышында жататын қуыршаққа көбірек ұқсас болып шықты.

Әйткенмен мен өз еңбегімнен шешеме ұқсас белгілер іздеп көп үңілдім. Үңілген сайын мен одан жаным шошып түңіле бердім. Құрысын бұл қуыршақ! Мен енді оған қарағым келмей, дәптерімді жауып қойдым.

Тақтаға, терезеге, есікке, қабырғаға қарадым. Барлық жерде анамның үйдегі үлкейтілген үлкен су-

реті: «Қап, мені сала алмағаның қиын болды-ау!» — деп, екінші айтып тұрды.

«Сен дүниедегі суреттің бәрінен жақсысың, апа. Сондықтан сала алмай отырмын сені. Әйтпесе мен суретті ешкімнен кем салмаймын!»

Осы ой кішкене еңсемді көтергендей болды.

Бағанадан бері шұқшиып бірдеңе жазып отырған апай жәутеңдеп отырған мені көріп қалды.

— Дәулетбекова, немене, салып болдың ба?

Мен төмен қарадым.

— Апай, біз болдық.

Енді байқадым, балалардың көбісі тапсырманы орындап болып, қолдарын алдына салып отыр екен.

Ерен апай әдеттегідей бірінші партадан бастап түсіп, дәптерлерді жинай бастады.

— Жарайсың, Қанат!

— Зәуре, сен де жақсы салыпсың.

«Пәлелерін-ай, мыналардың!»

Апай біздің партаға жақындаған сайын мазам кете берді.

Дәптерімді ашып қарап едім, көзім бұлдырап кетті. Мен ешқандай мақтау ала алмайтынымды сездім. Дәптерімді қайтадан жауып қойдым.

Міне, апай біздің партаның тұсына келді.

Темір дәптерін берді.

— Темір, сенің мына гүлің апаңа нағыз сыйлық боларлықтай екен.

Мен бұққан үстіне бұға түстім.

— Бағила, сен жаңа апаңның суретін салмақ болып едің, немене салмағансың ба?

— Жоқ.

— Қәне, дәптерің?

Мен дәптерімді апайға ақырын сырып қойдым.

Апай дәптерімді қолына алды да:

— Салыпсың ғой. Жақсы салыпсың. Неге алдадың мені? — деді.

— Жо-о-оқ. Менің апам бұдан жақсы. Бұл жа-а...

Мен сөзімді аяқтай алмай өксіп кеттім. Менің апам мына суреттегі бейнеден әлдеқайда, жүз есе, тіптен мың есе жақсы еді.

Ерен апайдың мына айтып тұрғаны апамды қорлау болып көрінді маған.

Апама деген махаббатым көзімнен жас болып ағытылды.

Апай қапелімде сасып:

— Қоя ғой, Бағила, қоя ғой. Сенің апаң жақсы адам. Мынау өзің жасыңда ойнаған қуыршақ қой. Соны жақсы салыпсың,— деп бәйек болып қалды.

— Менің апам бұған ұқсамайды.

— Мен оны жаңа айттым ғой, Бағила. Сенің апаң алтын адам.

Апай шындықты айтып тұр.

Мен өксіп барып басылдым. Сол сәт алдан біреу солқ ете түсті. Қанат екен.

— Менің апам да жаңағы суреттен жақсы,— деді ол көз жасына булығып.

Зәуре де еңіреп жылап жіберді.

— Менің апам Бағиланікінен де, Қанаттікінен де жақсы.

Пәлесін қарашы-ей мұның! Жаңа ғана апай мақтағанда мәз болып еді, енді демнің арасында айтып отырғанын қара. Біреудің шешесінде несі бар екен?

Зәуреге осысын айтпақ болып оқталып едім, менен бұрын Қанат жауап берді:

— Өзіңнің апаң жаман.

Ерен апай енді ашуланып қалды.

— Қойыңдар, балалар. Бәріңнің де апаларың жақсы. Бұл салғандарың сендердің апаларың емес, қуыршақтарың болсын. Оның өзі де апаларыңа үлкен сыйлық болады. Апаларыңа сендер ойнаған қуыршақтың өзі ыстық. Қуыршақты жақсы да, жаман да етіп салуға болады. Анасының суретін ешкім жаман етіп салмайды. Қане, бәрің дәптерлеріңді жинап маған беріңдер, көріп шығамын,— деп, столының жанына барып тұрды.

Үшеуміз де енді жым болдық. Өйтпегенде ше? Біз апаларымызға сыйлық етіп қуыршақтарымызды салдық қой. Ал оларымыз онша жаман сыйлық бола қоймас.

ЛЕНИН БІЗДІҢ АТАМЫЗ

Мен қаншада екенімді білмеймін. Не бесте, не алтыда болуым керек. Әйтеуір бір күні ішкі үйге кіре бергенімде, төрде ілулі тұрған портретке көзім түсіп кетті. Қадалдым да қалдым. Көзінде күлкі үйірілген мейірімді атай қарап тұр маған. Менің шашым дудар-дудар болып таралмағанына, шашым тұрмақ әлі бетімді де жумағаныма: «Әй, балам-ай, көп ұйықтайды екенсің-ау!» — деп күлетін сияқтанды.

— Қазір, қазір, — деп күбірлеп, шашымды, бет-аузымды сыйпаладым.

— Қазір тап-таза болып келемін.

Атай қуанып кетті. Мен де қуанып кеттім.

— Қызым-ау, кімге сөйлеп тұрсың?

— Ана суреттегі кісіге. Ол кім, мама?

— Ол Ленин атаң.

Міне, осы сәттен бастап бұл кісі менің ең жақын адамыма айналды. Аты — Ленин. Менің атам. Папамның папасы.

Былтыр оқуға алғаш барған күнді мен жаз бойы тықыршып асыға күттім. Қырсық қылғанда дәл сол күні Серік қатты ауырып қалды. Мамам соған дәрігер шақыртып жүргенше біз кешігіп келіппіз. Сабақ басталып кетіпті. Мамам есік қақты. Іштен мұғалима апай шықты.

— Бір кішкене баламыздың қызуы көтеріліп, Бағиланы кешіктіріп әкелгенім.

— Оқасы жоқ. Ал, Бағила, кір класқа.

Табалдырықты жасқана аттадым. Дәл мен құсап ақ бантик таққан қыздар мен шаштарын алғызып тастаған балалар маған тесіліп қарап қалды.

— Ал, Бағила, сені қай партаға отырғызайын. Бойың тым аласа екен, алдыңғы парталардың біріне отырғызбасам болмас. Мұрат, сен соңғы партаға, Жанаттың жанына отыр. Бұл жерге Бағила отырсын.

Екінші партадан ұзын бойлы, қара бала тұрып жатты. Мен соның орнына жайғастым. Апай тақтаға «А» әрпін жазып қойған екен. Соған қарай бердім. Тақтаның жоғарғы жағында қабырғада менің

атам — Лениннің суреті ілулі тұр. Таныдым. Қуанып кеттім. Жанымдағы қызға сыбырладым:

— Анау менің атам.

— Қайсы?

— Әне, ілулі тұрған.

Қыз сықылықтап күліп жіберді.

— Балалар, сабақта күлуге, сөйлесуге болмайды. Сөйлемей отырыңдар.

Біз жым болдық. Сөзімізді үзіліс кезінде жалғастырдық. Мұғалім есіктен шығысымен көршім жабыса кетті.

— Ол сенің атаң емес.

— Ленин менің атам.

Манағы Мұрат деген бала келді жанымызға.

— Сәуле, сендерге немене болған, таныспай жатып ұрысып,— деді.

Балалардың бәрі біздің жанымызға жиналды. Бәрі менің көршімді жақтап шықты. Мен ызаланып жылап қалдым. Менің атамды «атаң емес» дегендеріне ызам келді.

Мұғалім кіріп келгенде көзімнің жасы әлі кепкен жоқ еді. Білдірмеймін дегеніммен болмады. Көзіме көзі түсіп кетті.

— Бағила, кім тиді саған?

— Өзі, Ленинді «менің атам» дейді. Сенің атаң емес деп едік, соған жылап қалды.

— Ленин менің атам. Мамам айтқан, қайтсең де ол менің атам.

— Сәуле, Бағила дұрыс айтады. Владимир Ильич Ленин Бағиланың да, сенің де, менің де — осы отырған бәріміздің де атамыз. Ленин — барлық жер жүзі еңбекші адамдарының атасы. Ленин барлық еңбекшілерге жақсылық жасаушы. Сендердің мынадай әдемі класта оқып отырғандарың да сол Ленин атамыздың арқасы. Баяғының балалары бүйтпеген. Ал енді сабаққа көшейік.

Мен Ленин атама қарадым. Атам мені бұрынғыдан да жақын тартып мейірлене қарады. Мен оны бұрынғыдан да жақсы көрдім. Ленин — менің атам. Осы сөзді іштей айтқаныммен, Сәуле естіп қойған.

дай болып көрінді. «Тағы таласып қалар ма екен?» — деп ойладым. Таласса, таласа берсін. Ленин — осы отырған бәріміздің атамыз.

— Сәуле, Ленин бәріміздің атамыз, ә?

— Ия, Ленин біздің атамыз.

— Ленин біздің атамыз!

Содан бері Ильич туралы маған папам да, мамам да талай әңгіме айтып берді. Өзім де бірнеше әңгіме оқыдым. О бастан-ақ жаңылмаған екенмін. Ленин менің атам екен. Қойшы, тағы Сәуле сияқты біреулер таласып, не өкпелеп қалар.

Ленин біздің атамыз.

АЛҒАШҚЫ ЕРТЕҢГІЛІК

Мен бір ұзақ жолдан келіп, ұйықтап жатқанмын. Үйдегілер шулап барады екен. Оянып кеттім. Көзімді аша бергенім сол еді, қолыма қытырлаған қағаз келіп жетті.

— Папа, мә подарок.

Менің балам — Бауыржан мұны айтып тұрған.

Бағана ол балалар бақшасына кетерде мен де оған жолдан әкелген сыйымды беріп, шығарып салған едім. Айналайын сенен, Бауыржаным.

— Бауыржан, мен тәттіні жемеймін ғой, мә, өзің ала ғой.

— Жоқ, папа, ішінде алма бар, біреуі сенікі.

Мен баламның риясыз көңілін қимай, бір алманы қолыма алып, ақырын-ақырын жей бастадым. Балам аптыға жеді. Соның нәтижесі — ол өз алмасын менен әлде қайда бұрын тауысты.

— Білесің, папа, менің не жегім келіп тұр? Алма жегім келіп тұр.

— Мә, жей ғой, Бауыржан.

Бауыржан бұл алманы да апыл-ғұпыл жеп, тез тауысты.

Енді ол қолына алуан түрлі дәмнен құралған сыйлық салынған қағазды алды. Бұл жолы сыйлық

ішіндегі әдемі дәм — вафлиді шешесінің аузына тос-
ты. Шешесі вафлиді шетінен сындырып, аузына сала
бергені сол еді Бауыржан тағы сөйлеп қоя берді:

— Білесің, мама, менің не жегім келіп тұр? Ваф-
ли жегім келіп тұр.

— Мә, жей ғой, Бауыржан.

Бауыржан вафлиді де көпке жібермей жеп та-
уысты.

Бұл оның балалығы ғой. Біз оған көнеміз.

«Подароктың» ішінен Бауыржанның өзіне көп
нәрсе табылады, әрине. Түрлі печенье, сан-алуан кэм-
пит. Мұның бәрі Бауыржанға әдемі-ақ «подарок». Бі-
рақ бізге әуес ас емес. Баламыз осыны түсініп тұр.
Ол біз үшін «подароктың» ішінде көп қызықтың қал-
мағанын білді.

— Мама, мен ақ көйлегімді киемін.

— Не қыласың оны киіп?

— Киемін. Бағанағы қара трусигімді де киемін.

— Не қыласың оны киіп?

— Киемін. Бағанағы ақ гольфигімді де киемін.

— Не қыласың оны киіп?

— Киемін. Бағанағы қара ботинкамды да киемін.

— Кисең кие ғой.

Бұл оның еркелігі ғой. Біз оны көтереміз.

Бауыржан ендігі бір сәтте осы айтқандарының
бәрін киді де, әдемі бір сүйкімді күйге енді. Маған со-
лай көрінгенімен бұл киіміне өзі разы болмады.

— Енді папамның костюмін киемін.

— Ойбай-ау, ол саған үлкен емес пе?

— Үлкен. Чапайдың да костюмі үлкен ғой. Мен
Чапай боламын.

Біз енді оған менің костюімді кигізбек болдық.
Бірақ ол мұны киген жоқ, үстіне жамылды. Омыра-
уын түйреуішпен түйретті. Сөйтті де, қолына өзінің
пластмассадан жасалған қылышын алып, үйдің ішін
опыр-топыр қылып, әрлі-берлі шапқылай бастады. Ол
күнде бұлай етпейтін.

Мынау — баламның саналылығы ғой. Мен балам-
ның Чапай болып шапқылағанына қуандым. Мама-
сы да қуанып тұр. Өйткені әншейінде Бауыржанның

бұлай үй ішін апыр-топыр қылып шапқылағанын мен көтерсем де, ол көтермейтін. Екеуміз де баламыздың алғашқы саналы тірлігіне қуанып тұрмыз:

— Бауыржан, Чапай болуды саған кім үйретті?

— Бүгін ертеңгілікте тәрбиешіміз үйретті.

— Ертеңгілігі несі?

Менің бұл сұрағыма мамасы жауап берді.

— Бүгін бұларда Совет Армиясы құрметіне арналған ертеңгілік өткен.

Мен істің жайын сонда барып ұқтым. Жуырда ғана балалар бақшасына барған менің бес жасар ұлым алғаш рет ертеңгілікке қатысып, содан осындай бір әдемі саналы тірлік алып қайтыпты. Ертеңгілік әлі көбейе берер. Сол ертеңгіліктерден бұдан да үлкен, бұдан да қастерлі сезімдер алып қайтып жүр, ұлым менің!

ОҚУДЫ АҢСАҒАН АРАЛ

Арал мен Жайық құрдас. Екеуі ағалы-інілі адамдардың балалары. Екеуінің де әке-шешесі сиыр фермасында жұмыс істейді. Екеуі де оқуға ферма балаларын алып қайтуға бола арнайы қатынаған машинамен колхоз орталығындағы атасының үйіне келіп түсті.

Атасы мен әжесі екеуін де құшақ жая қарсы алды. Екеуінің де беттерінен алма-кезек сүйіп, мәжірежай болып қуанды.

Үйдің іші әп-сәтте абыр-дабырға толып шыға келді.

— Арал, ана кесені әперші.

— Жайық, мә мынаны әрі қоя сал,— деп, Ұлдаш әжейдің қолы ұзарып қалды. Балалардың тілін алып, айтқанын істегеніне әжей мәз-ақ.

Мұқа атай да қуанып жүр:

— Енді бұл екеуіне де аты не еді әлгі, «ә-ә-әліппе», қағаз, қарындаш, сиясауыт керек-ау. Кемпір, ертең

мен ауданға барып қайтайын. Соның бәрін тауып келейін,— деп қояды.

— Бар, бар,— дейді әжесі.

Мына сөзді естісімен Арал мен Жайықтың көздері оттай жайнады. Өйтпегенде ше, екеуі де енді оқуға барады емес пе.

Ертеңіне Арал мен Жайықтың атасы аудан орталығына барып, екеуіне де оқуға керекті құрал-жабдықтың бәрін алып келді. Арал мен Жайық бұған қатты қуанды. Екеуі де суреті көп соп-сопақша кітап — «Әліппені» қайта-қайта парақтап аударып-төңкерумен болды. «Әліппенің» әріптері де, суреттері де екеуін жұмбақ бір мұнараға алып шығар саты құсап, көз тарта берді.

* * *

Бірінші сентябрь күні атасы Арал мен Жайықты мектепке ертіп әкелді. Екеуі де әке-шешелері автодүкеннен әперген судай жаңа киімдерін киіп мұнтаздай болып алған. Қуаныштан жарыла жаздап, жымың-жымың етіп бір-біріне қарай береді.

Мұғалім екеуін де партаға отырғызып болған соң:

— Ақсақал, документтері қайда бұл балаларыңыздың? Тууы туралы куәліктерін әкелдіңіз бе? Немене екеуі егіз бе?— деді.

Шындығында Арал мен Жайықты алғаш көрген адам егіз бе деп қалушы еді. Екеуі бір-бірінен жарты мысқал айнымайды. Екеуі де шашы сарғыш, қой көз, дөңгелек бет, аққұбаша, қыр мұрынды сүйкімді ғана балалар. Жалғыз-ақ айырмашылығы — Арал Жайыққа қарағанда денелілеу. Мұның өзі де бұларды егіз деуге көбіне-көп себеп боларлық еді. Әдетте егіздің де бірі — ірілеу, бірі — әлжуаздау болып келеді емес пе.

— Жоқ, егіз емес,— деді Мұқа атай екі немересіне кезек-кезек қарап қойып.— Малдағы балаларымның балалары. Куәлік-пуәлік дегенді мен білмеймін ғой, қарағым. Үйлерінде аты немене еді, әлгі-әлгі ме-

теркелері бар шығар. Екеуі бір жылы туған. Мынау Жайық сәл-пәл үлкендеу, шөп шабыста, ал ана Арал Октябрь мейрамына бес күн қалғанда туған. Биыл екеуі де жетіде.

— Дұрыс, дұрыс, ақсақал. Балаларыңыз жетіде екен. Бірақ Арал алынбайды мектепке.

Аралдың тебе шашы тік тұрды.

Атасы да аң-таң.

— Ол ненің ақысы, қарағым-ау? Бұл екеуі түйдей құрдас. Көріп тұрсың, Арал Жайыққа қарағанда ірі әуелім.

— Солайы солай екен. Бірақ заң бойынша жетіге жеті күн толмаса да біз баланы оқуға ала алмаймыз. Оған қинамаңыз, ақсақал.

— Апырау, бұл бір қызық болды-ау. Заңның аты заң. Ол жарықтық бағынғанды қалайды. Жүр, Арал.

Ала жаздай оқуға әне барам, міне барамын болып, алып-ұшып жүрген Аралдың көңілі су сепкендей басылды.

Өзі қатарлы балалардың бәрін талай-талай шаңға аунатқан қажырлы, қайсар Арал емес пе бұл. Олардың ешқайсысынан ығып көрмеген Арал енді мұғалімнен қорықпақ па? Жоқ. Мұғалім де адам.

— Жоқ. Бармаймын,— деді Арал міз бақпастан.

Мұғалім де, Мұқа атай да Аралға таңдана қарады.

— Қой, қарағым, жүр үйге.

— Бармаймын.

— Бармағаның не, өзіңнің. Жасы жетпеген баланы оқыта алмаймын мен. Оқығың келеді екен, барып директордан рұқсат сұрап келіңдер. Директор рұқсат етсе, мен тіптен қарсы болмай-ақ қояйын.

— Арал, жүр ендеше директорға баралық.

Арал да, атасы да директордан бір қайыр болар деп еді, бірақ бұл үміттері екеуін де алдапты. Мұғалім біткеннің барлығының сөзі бір жерден шықты: «Балаңыз әлі жетіге толмаған екен. Жеті жасқа жеті күн толмаса да бала оқуға алынбайды. Заң сол».

«Одан да Жайық екеуімізді күрестіріп көрмей ме? Тіптен сол балалардың барлығымен күрестірсін. Бә-

рін тоңқалаң астырғанымда көрер еді кімнің үлкен екенін».

Арал осылайша тарығып келеді. Енді қайтсін. Қатарынан кемсітсе, кім өстімейді?

— Жаның тірі болса, оқу ешқайда қашпас. Оқырсың әлі,— деді атасы былай шыға бере.

Арал үндемеді. Бойын ыза кернеп, жылағысы келіп барады. Шешесінің жылы сүт иісі сіңген құшағын аңсап кетті. Күндіз-түні сиырлы ауылға электр беретін моторды айналдырып, үсті-басы жер май сасып жүретін әкесі де көз алдына келе қалды. Шешесі баласын аяп елжіресе, әкесі: «Сөлбіреме, Арал!»— деп қайрат беретін сияқты.

Арал біртін-біртін сабасына түсе бастады. Бірақ ызалы ойлар көкейінен кете қоймады.

«Оқуы құрысын. Мен енді ешуақытта да оқымаймын. Көкемнен мотор жүргізуді үйреніп аламын да, үлкейгенде моторшы боламын, сиыр бағамын. Оқу неге керек? Жүре беремін сиырлы ауылда».

Сиырлы ауылда Арал қатарлы бірде-бір бала жоқ қазір. Бәрі оқуда. Кіммен ойнамақ бұл? Жас балалармен бе? Жоқ. Олармен ойнадың не, ойнамадың не?

Аралдың астыңғы ерні салпынып, үстіңгі ерні дүрдіп дірілдеп барады.

«Мені неге алмайды оқуға?»

Арал еңіреп жылап жіберді. Жерге отыра қалып жылады.

— Ой, бәтір-ау, мұның не?

— Мені неге алмайды оқуға? Мен бармаймын үйге. Оқимын.

— Жасың жетпей қалды емес пе. Сонан соң алмады.

— Алады. Қайтсең де оқимын.

— Қой, балам, тентек болма.

Атасы Аралды қапсыра құшақтап көтеріп, арқасына салып алды. Арал көз жасын тыя алмай, өкіріп жылап келеді. Мектептен ұзаған сайын артына қарап-қарап қойып, өксіп-өксіп кетеді. Үйге жақындағанда мектептен де, мұғалімнен де, директордан

да — бәр-бәрінен көңілі қалып, ашу-ызасы біртін-біртін сейіле бастаған. Әжесін көргенде тағы бақырып жылады. Атасы мен әжесі Аралды екеулеп отырып өзер жұбатты.

Арал оқудан осылайша құр қалды.

* * *

Арал сиырлы ауылға қайтпады. Атасының үйінде жүре берді. Бұрын да бұл үйде айлап-апталап жүріп алатыны бар болатын. Бұл жолы сиырлы ауылға мүлдем барғысы келмеді. Оқуға жарамай Жайықтан кем болып барғанша, бармай-ақ қойғанының өзі жақсы емес пе.

Бірақ Арал қарап жүрмеді. Өз бетінше оқып жүрді. Кеш болды екен дөңгелек столдың бір жағына Жайық, бір жағына оған қарсы қарап Арал жайғасады. Жайықта бар кітап, дәптер, сия-сауыт Аралда да бар.

Аралдың Жайықпен қатар отырғысы-ақ келеді. Алайда атасы: «Баланың қолын қағасың, сиясын төгесің, бөгет етесің» — деп Аралды еркіне жібермейді. Жайық дәптерін жайса, Арал да жаяды, Жайық «Әліппесін» қолына алса, Арал да алады. Қысқасы Жайық не істесе, Арал да соны істейді. Мұғалімнің не керек енді Аралға! Өстіп жүріп ол атасының сөзімен айтқанда «Әліпті таяқ деп білетін болып қалды». Балаға әзірге керегінің өзі де осы емес пе. Арал бұған мәз. Тіптен өзінің оқуға алынбай қалғанын да ұмытып бара жатыр еді.

Бір күні Жайықтың мұғалімі келді үйге.

Арал мен Жайық дөңгелек столды ортаға алып, тып-тыныш жазу жазып отырған. Мұғалім табалдырықтан аттай бере үлкендермен амандасты. Жайық орнынан атып тұрды, Арал аңқайып отырып қалды.

— Отыр, Жайық, — деді мұғалім.

Сөйтті де, дөңгелек столға жақын келіп, Арал мен Жайықтың дәптерлеріне үңілді.

— І-і, — деді сонан соң. — Бәсе, Жайыққа мына бала кедергі жасайды екен ғой. Ақсақал, бұл болмайды. Жайық балаларыңыздың кітап-дәптері сия-

сия болып жүреді. Мынандай жағдайда, әрине, сөйтеді. Жайыққа сабақ оқитын жағдай туғызу керек.

Аралдың атасы не дерін білмей қалды. Есесіне әжесі саспады:

— Бұдан артық қандай жағдай керек бұған. Екеуі күнде ермектесіп отырып сабақтарын оқып жүр ғой. Жайыққа қарап Арал да оқу үйреніп қалды. Жайық жалғыз өзі состиып отырып қалай оқымақ. Жалғыздық тек құдайға ғана жарасқан емес пе, шырағым-ау,— деді.

Мұғалім ағай Аралдың әжесінің бұл сөзін еш құп алмады.

— Әй, әжей-ай, айтып отырмын ғой. Арал Жайыққа кедергі жасағаннан басқа түк бітіріп отырған жоқ. Үйренген түгі жоқ. Барлық әріпті теріс жазып отыр,— деп Аралға төне түсті.

Аралдың атасы мен әжесі жарыса үн қатты:)

— Қалайша?

— Терісі несі?

— Сол, теріс.

Шындығында Арал әріптерді теріс жазып жүретін. Атасы қатар отырғызбайтын болған соң, қарсы қарап отырып алып, Жайық дәптеріне не жазса соны көшіре беретін.

Әрине, мұнысы Аралдың өзіне әбден оңды тәрізді еді. Жайыққа да бір қарағанда дұрыс болып көрінетін.

Мұғалім ағай істің мәнін бәріне жақсылап тұрып түсіндірді!

Аралдың атасы да, әжесі де:

— Біз мұны бірдеңе үйреніп қалды десек, бәрін теріс жазып бүлдіріп жүр екен ғой.

— Онда бұған енді қайтып қағаз, қарындаш бермеу керек,— десіп дүрдиісіп қалды.

Арал да бүлдіріп жүргенін сезіп, үнсіз отыр.

Аралдың бұл қораш көрген күйін мұғалім ағай жақсы ұқты.

— Арал, сен оқуға асықпа. Ендігі жылы келесің. Сонда бойың да, ойың да өсіп, миың толық болады,— деді.

— Е-е, бәсе десеңші. Бір жылдың әрісі не, берісі не,— деп қостады атасы.

Олар не десе, о десін Арал алған бетінен қайтпақ емес. Теріс болса да Жайыққа қарап жазғанын қоймайды қайтсең де. Қораш санап қорлауын. Ешкімнен де кем емес бұл, Арекең.

— Теріс болса да жаза беремін.

— Жаза бер, Арал. Оң жазып үйрен. Бірақ Жайықтың оқуына кесіріңді тигізбе,— деп, мұғалім ағай Аралдың ата-әжесі мен қоштасты.

Есіктен шығып бара жатып:

— Әбден қапа болып, қырсығып қалған екен бұл балаларыңыз. Мейлі Жайықтан үйрене берсін. Бірақ оның жазғандарын шұқылап мазасын алып жүрмесін,— деп қатты тапсырып кетті.

Енді атасы Аралға бұрынғыдай еркіндік бермейтін болды. Екеуінің ортасына отырып алып, қымс етсе болды:

— Арал, тыныш. Бөгет етпе оқушы балаға,— деп, Аралды қақпайлайтынды шығарды.

Осындайда оның Жайықтың дәптеріне сияны әдейілеп шашып жібергісі де келіп кетеді. Жайықты аяйды. Оның не жазығы бар? Қайта білгенін Аралға үйретіп-ақ жүргені. Атасы ғой оны «оқушы бала» деп оқшауландырып отырған.

* * *

Жайық оқуға кеткен кезде Арал өзін қоярға жер таппай, іші қатты пысатын. Баласының мұнысын жақсы сезген атасы Аралды оны-мұныға көп жұмсайды. Қарагер бие мен құлынын ауыл шетіндегі тоғаннан суарып келеді, жаңартып шөп салады. Биені сауған сайын құлынды салып, орнына апарып байлайды. Қарагер бие де, кер төбел құлын да Аралға әбден үйреніп алды. Аралды анадайдан көрісімен оқыранып жем-шөп сұрайды.

Малды ауылда өскен емес пе, Арал аттың құлағында ойнайтын бала. Қарагер биеге мініп-түскенін місе тұтпай, бүгін ол мынандай бір ойға келді:

«Мен сияқты балалар оқып жүр. Мен не бітірмекпін? Асау үйретемін. Сосын сауын биеге тиіспей, кер төбел құлынды мініп жүремін. Мектепке барып балаларды бір таңдандыруым керек қайтсем де».

Сәске түс. Күздің шағырмақ күні қарагер биені суарып тұрған Аралдың шекесін қыздырып, су бетіне сансыз сәуле шашып, көзін ұялтады. Күзгі дымқыл жер бусанып, ауа біртін-біртін қызып келе жатыр. Жер де, ауа да жұмсақ бір әдемі шақ. Жығылса оны жұмсақ жер көтереді.

Бие мен құлын суға қанып жағаға шықты. Арал енді биеден түсті де, жүгенін сыпырып қоя берді. Сөйтіп, кер төбел құлынды жүгендеді. Қарагер бие былайырақ барды да, оттап тұрды. Кер төбел құлын алғаш оқыранып тыпыршып еді, енесінің отқа бас қойғанын көріп тынши қалды. Жүген, әрине, құлынға үлкен келді. Арал құлынның құйрығынан он шақты тал қыл жұлып алып, жүгенді желкелігінен түйіп қысқартты. Арал кер төбел құлынға қарғып мінді. Жаздай салқын жерде тұмсығын көк жоңышқаға тығып тұрған үлкендігі тайдай кер төбел жабағы атқып кетті. Арал алғаш жүрексініп тізгінді босатып алған, кер төбел енесіне қарай ойнақтай жөнелді. Қарагер бие баласына көрсетілген жәбірге төзбей араша түсетіндей болып оқыранып, жерден басын жұлып алды. Құлынының үстіндегі Аралды көрген соң: «Е-е, өзіміздің бала екен ғой»,— дегендей, самарқау көз қиығын салды да, қайта оттап кетті.

Арал екі аяғын кер төбел құлынның екі қолтығына тығып жіберіп, тізгінді шірене тартты. Кер төбел құлын қолау болған тайша шойнаңдап тұра қалды. Қол бала болып өскен заты жуас мал емес пе, мөңкімеді. Аралға құлынның мұнысы ұнады. Тізгінді қырын бұрып «шу, шулеп» еді, орнынан қозғалмады. Басын жіберсе болды, анасына қарай жүреді.

Мұнысы Аралға еш кедергі болған жоқ. Кер төбел құлынға мініп, қарагер биені айдап, үйіне келді.

Атасы Аралды көрген бойда сенерін де, сенбесін де білмей қалды.

— Бұл не, батыр-ау?

— Үйреттім құлынды. Ақыры оқуға алмады. Не істемекпін? Осы құлынға мініп жүремін.

— Жақсы болыпты. Мініп жүр, мініп жүр.

«Осындай баланы жассынып оқуға алмай жүрген мұғалімдер де қызық-ау. Жайық мұның бірін де істей алмайды».

Мұқа атай немересіне разы болып біраз тұрды.

* * *

Енді біраз күнде кер төбел құлын әбден бас біліп кетті. Арал оған мініп алып, қарагер биені жетектеп барып, суарып келіп жүрді. Жайық та мінетін болды.

— Жайық, мен бүгін мектепке құлынға мініп барамын,— деген бағана ертеңгілік Арал.

— Кел, кел. Нағыз қызық болады,— деген Жайық.

Міне, енді Арал кер төбел құлынмен мектеп ауласына ене берді. Дәл сол сәт қоңырау шылдырап, балалар далаға жүгіріп-жүгіріп шықты. Бәрі құлын мінген балаға таңдана қарасты.

Бір топ бала ерткен Жайық Аралға беттеді.

Бәрі келіп Аралды қоршап алды.

--- Қалай үйреттің, ә?

— Өй, бір пәле екен-ау!— деп таңданысып жатыр бәрі.

— Өй, соны қойшы, анада оқуға жасы жетпей қалған бала ғой бұл. Құлын үйреткен де сөз болып па?— деді анадай жерде тұрған бір шикіл сары бала.

Арал шамданып кетті. Құлынан қарғып түсіп, әлгі балаға тап берді. Жаңа ғана дүрдиіп тұрған шикіл сары тұра кеп қашты. Балалар ішек-сілесі қатып күліп жатыр.

Арал кері бұрыла бергенде, кер төбел ойнақтап ауладан шығып бара жатыр еді.

Қоңырау соғылып балалар мектепке жамырай бет қойды.

Арал состиып жалғыз қалды.

«Қап, анада оқуға алса ғой, бұл қорлықтың біреуі де жоқ. Сары бала сен де, кер төбел құлын сен де, қолға бір түсерсіңдер, бәлем!»

Арал үйге келсе, атасы мен әжесі әбігерленіп қалған екен.

— Балам, тірімісің?

— Осы пәлеге мінгенді қойшы. Бір күні жазым қылып жүрер,— десіп, екеуі де зәрезап болды.

— Мінемін,— деді Арал.— Мінемін. Жаңа мені күлкі қылып тастап кетіп қалғанын қарашы. Әбден жуасытамын. Сонда өйтпейтін болады. Қазір қайта барам мұны мініп мектепке.

Аралдың атасы мен әжесі немерелерінің бұл қайсарлығын енді шеккі көрмеді.

— Мейлің,— деді де қойды.

Бірақ Аралдың мектеп жаққа қайтып барғысы келмеді. Ондағы балалардың барлығы Аралдан әлдеқайда жақсы, жүздері жарқын сияқты. Жабағыға жарбиып мініп жүргеннен шіреніп партада отыру әлдеқайда артық екенін сезді Арал.

* * *

Оқуға алынбай қалғанына Арал осылай барша жан-тәнімен күйзелетін. Адамның кейбір істері ара-кідік ығын тауып, жұғыспай қалатын кездері болады ғой. Сондай кезде Арал барша қырсықтың кәзі өзін оқуға алмай қойғандықта деп білетін.

Өстіп жүргенде Арал мен Жайықтың Жамбылда оқып жүрген Жақсылық ағасы мен Бағдагүл жеңгесі келді. Арал мен Жайық олардың кішкентай балалары Азаматты алма-кезек қолдан-қолға тигізбей көтеріп, рахатқа батты. Екеуі бір-екі рет таласып та қалды. Осындай бір сәтте ағасы:

— Кәне, күресіңдер. Қай жеңгендерің көтересіңдер,— деді.

Арал мен Жайық алысып кеп кетті. Өне-міне дегенше болмады, Арал Жайықты атып ұрды.

— Аралға жан шақ келмейді, тегі. Екі Жайық жабылса бой бермейді, бұл әуелім. Сөйте тұра мұны оқуға алмай қойғанын қайтерсің?— деді атасы.

— Сөйтті ме?

Ағасы Аралға қарады, Арал жерге қарады.

— Мейлі, мектепке алмаса да, мен Жайықтан оқып жүрмін.

— Қалайша?

Жығылып қалғанына әжептәуір қапа болып тұрған Жайықты Аралдың мына сөзі көтеріп тастады. Тіптен Арал үшін қуана жауап берді:

— Аға, бұл мен не жазсам, дәптеріне соны жазады. Оқи да алады.

— Қызық екен! Кәне, екеуің де қағаз, қарындаш алыңдаршы. Көрейін жазғандарыңды.

Арал мен Жайық қағаз, қарындаштарын алып, дөңгелек столға өзді-өз орындарына жайғасты.

— Ал енді «А», «Ә», «Б», «В» деп жазыңдар.

Арал мен Жайық дәптерлеріне төне отырып, ағаларының айтқандарын жазып шықты.

Жақсылық алдымен Жайықтың жазғанын қолына алды.

Жайық жап-жақсы орындапты.

— Жарайсың, Жайық!

Кезек Аралдың жазғанын тексеруге келді. Арал да біршама тәуір жазыпты. Бірақ «В»-ны теріс жазып қойыпты.

— Жарайсың, Арал. Бірақ «В»-ны теріс жазыпсың.

— Бұл сөйтеді. Өне күні біздің ағай да айтқан.

— Мұның болыңқырамайды екен, Арал. Бұйткенше бізбен бірге қалаға жүр. Ертелі-кеш Азаматпен ойнап отырасың. Қолым босағанда өзім саған оқу үйретемін. Жайықтан кем білмейтін боласың. Барасың ба?

— Барамын.

Оқуға алынбай қалғанына Жайықтан сәл төмендеңкіреп жүрген Арал осылайша әп-сәтте өсіп шыға келді.

* * *

Ертеңіне Аралдың ағасы мен жеңгесі жолға дайындалды. Олар Аралды шынымен ала кетпек болды. Арал алғаш ет қызумен «барамын» деуін деген-

мен, кейін толқып жүрген. Қаланы көру де оған бір керемет қызық сияқты. Бірақ Аралдың келісімін ешкім енді қайтып сұрап жатпады. Ағасы мен жеңгесі Аралға жеңілдеу сумканы ұстатып, автобуспен Шуга, одан поезбен Жамбылға тартып отырды.

Поезд дегенің бір рахат болады екен ғой. Сиырлы ауыл темір жолға жақындау Бейсебайға көшіп келгенде, Арал поездың сарт-сұрт етіп өтіп жататынын көретін. Оған мінбегеннен кейін қайдан білсін. «Бұл да бір үлкен арба ғой»,— деуші еді. Сөйтсе, поезд дегенің арба емес екен. Ішінде сартыл да жоқ, сұртыл да жоқ, әдемі үй екен әншейін. Біреуі жатып, біреуі түрегеліп отырған жұрт. Бәрі мейірімді, бәрі көңілді.

Аралдың көңілі өсіп келеді. Терезеден сыртқа көз тастайды. Айнала дөңгеленіп артқа қарай зулап көшіп жатыр. Телеграф бағаналары бірінен соң бірі шошаң етіп шыға келіп, лезде жоқ болады. Үлкен-кішілі разъездер мен станциялар да артта қалып жатыр.

«Жайық мұның бірін де көрген жоқ қой. Оқыма-сам оқымайын, поездға міндім, енді қаланы көремін».

Аралдың ойын ағасы бұзды.

— Қалай, Арал, поезд ұнай ма?

— Ұнайды.

— Несі ұнайды?

— Бәрі. Ауылдағы балалардың бірі де көрген жоқ мұны. Ал мен мініп келемін.

— Дұрыс, дұрыс. Олардың көбі қаланы да көрген жоқ. Сен қалалық боласың енді.

Арал қалалық болады енді. Қандай қызық! Аралдың бойын қуаныш кернеп кетті. Қай-қайдағы әдемі ойлар оралады басына. Қала керемет болып елестейді. Қалада бұл көрмеген кереметтің бәрі бар сияқты. Ол қала туралы ағасынан біраз нәрсе сұрамақ болды.

Ағасы қырын беріп, терезеге қарап отыр. Ол да бірдеңелерді ойлап отырған шығар. Үлкен көздері жасаурап, оқтын-оқтын өндірішегі бүлк-бүлк етіп жұтынып қояды.

— Аға, қалада коммунизм бар ма?

Жақсылыққа Аралдың сөзі көктен түскендей болды.

— Ол не дегенің? Коммунизмнің не?

— Кәдімгі коммунизмді айтамын.

— Кімнің баласы еді?

— Ешкімнің баласы емес. Сіз не, коммунизмді білмейсіз бе? Оны Нұрлыбек жақсы біледі.

— Нұрлыбек — Әбудің баласы ма?

— Ия. Ол бізге көп әңгіме айтқан.

— Не айтты сонда?

— Көбісін ұмытып қалдым. Коммунизм болғанда сиырлы ауылдың аяқ жағындағы жазыққа іші кәмпит пен пряникке толы самолет келіп қонады да, оларды бізге тегін таратады екен.

Арал дұрыс айттым ба дегендей ағасына аңтарылып қарады. Ағасы мен жеңгесі қосыла рахаттанна күлді. «Қызық-ай», — деп алып қайта күледі.

Арал коммунизм туралы айтқанына ағасы мен жеңгесінің осыншама мәз болып күлгеніне ыза бола бастады.

— Қалада кәмпит, пряник көп қой. Коммунизм де болу керек онда, — деді бұртиып.

Ағасы да, жеңгесі де күлкісін тыйды.

— Коммунизмнің не екенін Нұрлыбек әлі жөнді білмейді екен. Конфет пен пряник көп жердің бәрінде коммунизм бола бермейді. Коммунизмнің не екенін жаның тірі болса көрерсің әлі. Ол біздің елде сөз жоқ орнайды.

Ағасы коммунизм туралы көптеген әдемі сөздер айтты. Арал одан коммунизмнің Нұрлыбек айтқаннан да жақсы екенін сезді. Соған қатты қуанды. Бірақ ол коммунизмнің қалада болмағаны жанына қатты батып келеді. Шіркін, коммунизм қалада болса ғой, кейін ауылға не бір қызықтарды айтып келуге болар еді. Дегенмен қалада ондай қызықтар аз емес те шығар. Ағасынан бәрін сұрағысы келді. Бірақ оған несіне асығады. Өзі-ақ көреді ғой енді.

Поезд қалаға түнде келді. Ол қалаға жақындап, жұрт түсуге әзірлене бастағанда, Арал терезеге тағы үңілген. Самсаған қалың көрінді. Қала оттары жымың-жымың етіп, Аралды өзіне еміне тартатын сияқты.

Арал қанша асыққанымен, бұл түні қаланың самсаған сансыз жарығынан басқа ешнәрсе көре алмады. Бұлар мінген такси іші де жарық, көше де, оны бойлай салынған үлкенді-кішілі үйлердің терезелері де жарық. Айналаның бәрі жарық.

Қала халқы көшеде қаптап жүреді екен. Оны Арал такси қаланың ортасындағы алаңның тұсынан өте бергенде байқады. Алаң үстіне айқыш-ұйқыш сан алуан лампочкалар іліп қойыпты. Бәрі түрлі түсті жарық шашып, маңайды қуанышқа бөлеп тұр.

«Қалада жарық өте көп екен. Сондықтан қалалықтар түнді білмейді, ұйықтамайды екен. Балаларға айтып баратын қызықтың көкесі осы емес пе?!»

Аралдың бұл ойы да жаңсақ болып шықты. Мәселе осы такси үстінде-ақ анықталды.

— Аға, қаланың адамдары жатпайды-ау деймін?

— Неге?

— Көшенің бәрі жарық екен. Не қылады жатып?

— Жарықтың көп екені рас. Бірақ адам түнде ұйықтамай тұра ала ма?

— Ауылда жарық аз. Әйтпесе мен ұйықтамас едім.

— Ауылда жарық неге аз? Жеткілікті ғой. Қалада үй көп, әрі бәрі биік. Соның бәрі жарық шашады. Сондықтан саған қаланың жарығы көп болып көрініп келе жатыр. Болмаса ауылдың үйлері мен көшелерінде де дәл осындай электр жарығы көп емес пе.

Шындығында ауылдың да барлық көшелері, үйлері электр нұрына бөленген еді. Арал өзінің ептеп артықтау кеткенін білді. Ағасы айтқандай, қаланың

жап-жарық болып тұрғаны үйлердің көптігінен және биіктігінен екен.

* * *

Арал қала адамдарының бәрі зәулім биік үйде тұрады ғой деуші еді. Олай болмай шықты. Ағасы мен жеңгесі шағын ғана екі бөлмелі тоқал тамда тұрады екен. Бел ағашы, шабақтары адырайып-адырайып көрініп тұр.

Ағасы мен жеңгесінің мынандай тоқал тамда тұрғаны Аралдың жанына қатты батты. Тіптен жаңағы жолдағы биік үйлер де, самсаған мол жарық та түкке тұрғысыз болып қалды.

— Аға, қаланың үйлері ауылдікінен жаман екен.

— Қой.

— Рас. Көрмейсің бе міне?— Арал сұқ қолымен төбені нұсқады.— Ауылда мұндай үй бар ма?

— Жоқ.

— Онда неге қой дейсіз?

— Әй, Арал-ай, сен біржола қалалық болғанша шаршатып бітерсің бізді. Мұндай үйде қаланың негізгі халқы тұрмайды. Олар жаңағы жолдағыдай жақсы үйлерде тұрады. Бұл әншейін біз уақытша жалдап тұрған пәтер ғой. Оқуды бітіріп, қызметке тұрған соң көресің әлі. Қатқан үйде тұратын боламыз.

— Не, қалада оқитын адамдарға үй бермей ме?

— Береді. Жатақхана береді. Семьялылар өстіп жекеменшік пәтер жалдап тұрады.

Арал құдды үлкендерше қорытынды жасады:

— Онысы жаман екен. Бұдан да ауылдың өзі жақсы ғой. Қайта көшіңдер.

— Оқуды қайтеміз?

— Оқымай-ақ жұмыс істегеннің өзі жақсы емес пе.

— Оның дұрыс-ақ. Бірақ оқу да керек қой.

«Оқу да керек». Оқу! Аралдың жүрегі сыздап қоя берді. Бағана Жайық ауылда қалып, өзі қалаға кетіп бара катқанына Аралдың қуанышында шек болған

жоқ еді. Жайық ауылда оқып жүр. Ағасы мен жеңгесі де қалада оқып жүр. Арал ауылда босқа жүрген. Мұнда да сөйтпек пе? Жоқ. Ауылға кету керек. Сиырлы ауылға барып әкесі мен шешесіне қолқабыс болғаны жақсы емес пе? Сиырлы ауылда Аралдың іші пыса қоймайды. Әр кез жұмыс табылады.

— Аға, мен ауылға қайтамын.

Аралдың ағасы мен жеңгесі сасып қалды.

— Қайтамының не, келмей жатып?!

— Енді не істеймін? Босқа жүрмекпін бе? Ойнайтын бала да жоқ.

— Бала табылады. Үй иесінің сен қатарлы екі қызы бар. Солармен ойнайсың. Әбден жақсы қыздар.

* * *

Ертеңіне Аралдың ағасы мен жеңгесі оқуға кетті. Олар Аралдың кішкентай інісін балалар бақшасына ала кетті. Арал үйде жалғыз қалды.

— Арал, біз түске таман келеміз. Сен алысқа ұзамай, осы үйдің қыздарымен ойнап жүр,— деді ағасы.

— Олармен ұрысып қалма,— деді жеңгесі.

Бірақ Арал мұның екеуін де істеді.

Арал үй иесінің қыздарымен оп-оңай танысты. Екеуі бір-бірінен айнымайтын кертпіш мұрын, томпақ бет, шаштары самайынан қиылған сүйкімді қыздар екен. Арал екеуінің даусын естіп далаға шыққан. Олар мұны көрген бойда шүпірлеп бас салды. Алдымен үлкені тіл қатты:

— Кто ты такой?

Арал орысша білмейтін. Түсінбеді.

— Наверно он не знает русского языка. Сен кімсің?

Мұны айтқан кішілеуі. Жақсы қыз екен! Арал қуана жауап қатты:

— Аралмын.

Екі қыз сықылықтап күлді.

— Ой, как интересно!

«Үлкені қазақша білмейді екен. Күлгені несі?»

— Атың кім?

«Кішісі қазақша біледі екен. Жаңа айттым ғой. Қайталап сұрағаны несі?»

— Арал.

— Арал! Шын ба?

— Шын. Несі бар?

— Арал деген теңіз ғой. Адамға да осындай ат қояды екен, ә?

— Қояды. Біздің ауылда Арал деген адам көп.

— Мейлі, кел, ойнайық. Менің атым Жазира. Ал мынау менің әкпем Нәзира.

Енді Арал күліп жіберді. Жазираның кіп-кішкентай болып алып «әпке» деп сызылып тұрғаны жараспайды екен. Соған күлді.

— Что он смеется? Дурак что ли?

Аралды орысша білмейді дегеніңізбен, «дурактың» — жыңды екенін жақсы білетін. Нәзираның өзін «жыңды» деп тұрғанын түсіне қойды.

— Ой, шүлдірлеген, пәле. Өзің дурак.

— Мынау тақылдап қалған пәле қайдан шыққан бала өзі?

Аралдың төбесінен жай түскендей болды. Есіктерінің алдында кесек, еркек жүзді, толық әйел тұр. Арал қалшыып тұрып қалды.

Жазира жауап берді.

— Бұл — Арал. Жақсылық ағаның інісі.

— Бәсе. Колхоздың баласы екені көрініп тұр.

— Мама, бұл жақсы бала. Нәзираның өзі мұны «жыңды» деді.

— Бәрібір ойнамаңдар онымен. Ауылдың баласынан қайбір өнеге үйренемін дейсіңдер. Ал сен, бала, бар үйіңе.

Арал ыза болып кетті. Мұндай сұмдықты бірінші рет естуі еді. «Колхоздың баласы жаман» деген не пәле бұл?

— Бармаймын... Мен жаман емес, қызың жаман.

Арал тағы бірдеңелер айтпақ болып еді, тынысы бітіп қалды. Беті қып-қызыл болып өртеніп барады. Үйіне қойды да кетті.

Арал мына екі қызбен қайтып ойнамасқа бекінді. Сонан үйде біраз отырып көшеге шықты. Көшеде

машиналар ерсілі-қарсылы ағылып өтіп жатыр екен. Зу-зу етіп бір толастар емес. Көшенің осы маңдағы жалғыз қабатты жыпырлаған үйлері біраз жер созылып барып биік үйлерге жалғасады екен. Арал солай қарап сәл тұрды. «Нағыз қала сонда екен ғой»,— деп ойлады. Жаңағы ашу-ызасы тарқап, аңсары сол биік үйлерге ауа берді, тротуармен тартып отырды.

Үлкен үйлер шынында көрікті екен. Бәрінің асты магазин. Арал оның ешқайсысына кірмей, жай ара-лады да жүрді. Үлкен-үлкен әйнектің арғы жағында тамақтың алуан түрі тұр. Мұндай магазиндерден жұрт нан, сүт көтеріп шығып жатыр. «Е, бұл ауылдағы Нұршақүлдікі сияқты азық-түлік магазині екен». Енді бір әйнектің тұсына келе бере, Арал тесілді де қалды. Әйнектің арғы жағында ұзын көйлек киіп, оң қолын жоғары көтерген бір әйел тұр. Жүзі сарғыш. Дәл Нұрлыбектің шешесі тәрізді. Ол кісі осындай ұзын, сұсты еді. Арал әрі қарады, бері қарады. Әйел қозғалар емес, бір түрлі жансыз сияқты. Арал әйелдің көзіне тіктеп қарады. Әйел де кірпік қақпай Аралға тесіліп тұр екен. Арал шошып кетті. Жансыз бейне мұны жұтып қоярдай бедірейеді. Арал кейін қарай зытып берді.

Ол келе ебін тауып ешкімге көрінбей үйге кіріп алды да, күн ұзаққа тысқа шықпады. Іші пысып, жарыларман-ақ болды. Далаға қаншама аңсары ауғанымен, Нәзира мен Жазираның шешесіне көрінгісі келмеді. Оның Аралды «ауылдың баласы, колхоздың баласы» деп кемсіткені, қыздарына ара түсіп тап бергені шымбайына батып кетіпті.

«Сендер-ақ қалалық болыңдар. Мен кетемін ауылға. Қызбен ойнамаймын мен әуелі, айта берсеңдер. Олармен ойнайтын кіммін мен? Қыз емеспін, баламын мен. Бала баламен ойнауы керек. Биыл оқуға алынбай қалғанмен, ендігі жылы жасым жетпек түгілі асып кетеді. Сонда сендер сияқты қыздарға пысықырып та қарамаймын мен. Ойынды да қойып, кітаптан бас алмай оқи беремін.

Кешке ағасы келісімен:

— Ал, Арал, көрші қыздармен таныстың ба?— деді.

— Жоқ. Танысым да келмейді. Ауылға кетемін.

— Неге?

— Мен кешке дейін тесіліп үйде отыратын қыз емеспін ғой. Менің ойнауым керек.

— Ойна көрші қыздармен.

— Ойнамаймын олармен... Апасы да, өздері де жаман екен.

Арал болған жайды ызаға булығып отырып айтып берді.

Ағасы мен жеңгесі Аралға болысудың орнына жатып кеп күлді.

— Шынында бекер әкеліппіз. Саған мұнда көңілсіз болады екен. Алдағы сенбіде апарып тастаймын,— деді ағасы.

Осы сәт Арал өрістен шұбап қайтқан қалың сиырды, күрең атымен тепеңдеп оның соңын қоғамдап айдап келе жатқан Тайжан жездесін көргендей болды.

— Сиырлар енді аздан соң ауыл алдындағы электрлі сауғыш орнатылған ойға жиналады. Сонан соң Тайжан Аралды күрең атқа мінгізеді. Арал өрістен тоймай қайтқандай болып жалмаңдап ауа жайылғысы келген сиырларды қайырып тұрады.

Бұдан қызық не бар?!

Аралдың атасының үйінен қайтпай Жайықтан оқу үйренбек болғаны, кер төбел тайды үйретіп мініп балаларды таң қалдырмақ болғаны, қаланы көріп, өзінің артықшылығын асырмақ болғаны — бәр-бәрі қатарынан кем болғысы келуге төзбеген бала намысының буырқана толқын атуы болатын.

Арал ауылына қайтуға асықты. Оқуға ендігі жылы алынады да. Ал қалаға кейін, ағасы құсап үлкен болғанда, институтқа түсуге келеді.

САБЫР АҒАЙ

Жамбыл-Мерке маршрутындағы автобус «Жа-на тұрмыс» колхозынан әжептәуір жер ұзап қалған-да бүйірдегі жалғыз аяқ жолмен бала міңгестірген біреу құйындатып келіп, жол жағасына тоқтай қал-ды. Бала аттан қарғып түсіп, қойнындағы құлаштай қағазды суырып алып, жаза қойды. «Мерке» деп жазылыпты онда.

Автобус екпіндеп келіп қалды. Автобусты жүр-гізіп келе жатқан Сабыр ағай бала қолындағы мына жазуды көрген бойда мырә етіп күлді. Сабыр ағай автобус руліне отырғанына он қаралы жыл болған, жол сырына әбден қанық адам. Уақытының көбін осы жол бойында өткізіп келе жатқан ағайдың мұндайды тұңғыш рет көруі еді. Сонда да түсіне қойды.

Әрбір жаңалықты өмірдің өзі туғызады. Көрін-ген машинаға қол көтере-көтере ығыр болған соң, та-ба қойған ақылы ғой бұл баланың.

Сабыр ағай балаға іштей сүйсінді де, машина-сын тоқтатты.

Бала автобуска өте тез ырғып мінді. Күзгі суық қарыған ба, әлде заулап бара жатқан автобусты тоқ-татқанына қысылғаны ма, бала нарттай болып қызарып кетіпті.

Автобус орнынан қозғалды.

Бала өзін елеп тоқтаған мейірімді ағай кім бол-ды екен дегендей шофер жаққа қарады. Сабыр ағай да тапқыр баланы анықтап көріп алмақ болып, маң-дайшадағы айнаға үңіліп отырған. Екеуінің көзі ай-нада түйісті. Сабыр ағай «жарайсың» дегендей көзін қысып қойды. Өнербек жымыды. Бұл — екеуінің бір-біріне деген ризашылық сезімін білдіргендері сияқты болды.

Өнербек енді қапырық автобус ішін бір шолып, артқы жақтағы бос орынға қарай томпаңдап бара жатты.

Жолаушылардың барлығы оған тесіле қарап қалған.

— Әй, бала, жаңағы қағазға жазып алғанды езің ойлап таптың ба?

— Өзі бір біз сияқты көп жол жүретіндерге керек-ақ екен.

Отырғандар енді баланың мынауының өте тиімді екенін, жай қол көтергенге көп шофердың тоқтамай өте шығатынын, содан әр кезде көрген қорлықтарын әңгімелеп біраз дуылдасты.

Өнербек өткен сенбіде жаңағы әкесі екеуі құйындатып түскен бел астындағы қыстауларына үйі кешіп келіп қонғанын естіп, тез жетуге асыққан болатын. Жету оңайға түскен. Жамбылға қарай жүргелі тұрған алғашқы автобуска міне сала тартып отырған. Ал кері қайту өте қиын болды. Әкесі жол жағасына әкеліп тастады да, иесіз қалған малына алаңдап кетіп қалды.

Өнербек жол жағасында ұзақ тұрды. Бір автобус өтеді, екі автобус өтеді. Қол көтереді. Тоқтамайды. Әбден зықы шықты. Күн ұясына батуға айналғанда барып бір автобус тоқтады-ау, әйтеуір. Бұл барар жерін айтқанда, шофер ағай:

— Қап, бекер тоқтаған екенмін-ау! Біздікі алыс маршруттың автобусы. Меркенің өз автобусы бар емес пе? Жақын жерге адам алмаймыз. Мейлі енді, міне-ғой. Меркеге бәрібір тоқтаймыз,— деп қиналған болатын.

Өнербек автобуска мінерін мінгенімен, қатты қысылған.

Шынында Меркенің Жамбылға да, Луговойға да қатынайтын автобустары бар. Оны Өнербек жақсы біледі. Солардың өзі де тоқтамай кетті емес пе әнеугүні. Сонан соң Өнербек бүгін сол автобустарға салмақ артып, «Мерке» деп жазып алып шығып еді. Сөйтсе, мұнысы табылған ақыл болған екен.

Автобус Меркенің автостанциясына келіп тұмсық тіреді. Жолаушы жапа-тармағай автобустан түсе бастады. Жұрттың артын ала Өнербек те есікке тақап қалған. Сабыр ағай айнадан бәрін көріп отыр. Өнербек есікке жете бергенде:

— Балақан, сен тоқтай тұршы,— деді.

Өнербек кілт тоқтады.

— Бері кел, балақан. Атың кім?

Өнербек Сабыр ағайға жақын келді.

— Өнербек.

— Жаңағыны өзің ойлап таптың ба? Соны айтшы, Өнербек.

— Иә.

— Жарайсың! Қалайша?

— Автобус тоқтамайды. Енді қайтпекпін?

— Сен, немене, жиі күтесің бе автобусты?

— Жоқ. Аптасына бір-ақ рет. Мен осында интернатта жатып оқимын. Сенбі күні ауылға барамын да, жексенбі күні қайтамын. Үлкен жолда автобустардың көбі тоқтамайды. Сонан соң осылай жасадым.

— Жарайсың, бауырым. Сен енді көрінген автобуска қол көтеріп әуре болма. Дәл бүгінгідей уақытта жаңағы жерге шығып тұрсаң болғаны, алып кетемін. Бұл жақтан да белгілі уақытта қозғаламыз. Өзің қай класта, қай уақытта оқисыңдар?

— Төртіншіде. Түске дейін оқимыз.

— О, онда өте жақсы. Автостанцияға дәл осы уақытта келіп тұр.

— Жарайды.

Сабыр ағай мен Өнербек арасындағы достық осылай басталды.

Әр сенбі, жексенбі сайын Өнербек үйіне Сабыр ағайдың автобусымен келіп-кетіп жүрді. Өнербек енді бұл автобусты, «80—08 ДЖД» деген нөмерін былай қойғанда, өзіне ыстық бір елеусіз белгілерінен-ақ сонадайдан танитын болды.

Сабыр ағай болса, жолыққан сайын Өнербектен денсаулығын, оқуын сұрап қояды.

— Жақсы,— дейді Өнербек.

— Үш бар ма?

— Жоқ.

— Төрт ше?

— Жоқ.

— Сонда не?

— Бес.

— Жарайсың, жігітім. Саған тоқтамайын автобус болмауы керек бұл жолдың бойында. Сабақты «беске» оқитын баладан асқан кім бар бұл дүниеде!

Өстіп жүргенде оңтүстікке көктем лебі келіп жетті. Қыстайғы сіресіп жатқан күрткі қар үстімен ауыр дымқыл мұнар жүгіре бастады.

Асфальт жол үсті бәрінен бұрып еріп, көк балақ болып сойылып жатыр. Машиналар лай араласқан киіз қарды қақ бөліп тіліп, сарылдап-гүрілдеп өтеді.

Өнербек үйреншікті жерінде автобус күтіп тұр. Белгілі уақыт болып, өзі күткен автобус та көрінді. Өнербек автобустың тоқтайтынына еш шүбә келтірмей жол ернеуіне жақындады. Сарылдап келіп қалған автобус тоқтамақ түгілі екпінін үдете түсіп, Өнербектің үсті-басын малмандай етіп өте шықты. Өзіне жақсы танымал көк бауыр автобус мұның көңілінен өте бір ыстық, жақын нәрсені сабақтап суырып алып, ұзап бара жатты. Өнербек ызаға булығып өксіп-өксіп кетті.

Бір апта бойы Өнербек Сабыр ағайға өкпелеп жүрді. Жақсы ағайдың тез арада теріс қарап кеткеніне өкінетін де сияқты еді.

Сенбі күні Өнербек автостанцияға бір түрлі ыңғайсызданып келді. Сабыр ағайдың автобусын көргенде, тіптен мазасы кетті. Өзіне ыстық болып қалған Сабыр ағайдың жүзіне қалай қарамақ? Бәріне өзі кінәлі сияқты. Несімен кінәлі? Онысы беймәлім. Әйтеуір бір ыңғайсыздық бар. Кері қайтып кеткісі келіп бір тұрды. Жоқ. Бұдан былай тоқтамай-ақ қойсын. Онсыз да үлкен жолда машина аз емес қой. Ал қазір күн кешкірмей тұрып осы автобуспен үйге жетіп алу керек.

Өнербек кассада билет алды да, жерге қараған күйі келіп, артқы орындықтың терезе жақ түкпіріне бүк түсіп отырды. Қанша қарамаймын дегенмен, көзі өзінен-өзі алғы жаққа бір, автостанция жаққа бір түсіп кете берді. Өстіп отырғанда автостанциядан бір ұзын бойлы ағай шықты да, автобуска беттеді.

«Бәсе, бұл машинаны басқа біреу айдайтын болған екен ғой».

Ертеңіне Өнербек үлкен жолға бұрынғысынша құлаштай қағазға «Мерке» деп жазып алып шықты.

Өзіне таныс автобус тақап келеді. Өнербек қағазын көтеріп көрнекі ұстады. Автобус тоқтап, алдыңғы есік ашылды.

Өнербек ене бере рульде отырған Сабыр ағайды көрді.

— Балақан, хал қалай?— деді Сабыр ағай.

— Жақсы.

— Жазуыңды неге алып шыққансың?

— Өткенде автобус тоқтамай қойды.

— Қап, Мүтәліпке ескертпегенімді қарашы! Сәл ауырып тұрдық, бала.

— Енді жазылдыңыз ба?

— Жазылдым.


Өнербек қуанып кетті.

— О-о, жақсы болды онда!

Әнеүгүнгі өкпе де, өкініш те шайдай ашылып жүріп берді.

«Жақсы ағайдың ауырмағаны жақсы».

Өнербек автобус ішінен бос орын іздеп, артқы орындарға қарады. Автобус жүріп берді.



МАЗМҰНЫ

Көк дөңгелек	3
Бүлдірген тере барғанда	7
Бір реніш, бір қуаныш	8
Шаш алдырған соң	15
Шаншар атайдың шертпегі	18
Жаңа дос	22
Бір арқа отын	26
Әліппе	28
Су тасушы Әшірбек	33
Ата	43
Рахима	50
Менің ағам — солдат	54
Көк қозы	60
Әділбайдың әлегі	62
Автобус аялдамасы	65
Жылағаны несі екен	70
Байнаш солдат	73
Қисық шыбық	76
Сурет сабағы	79
Ленин біздің атамыз	83
Алғашқы ертеңгілік	85
Оқуды аңсаған Арал	87
Сабыр ағай	106

Для детей младшего школьного возраста

Калдыбаев Альдихан

МОЙ БРАТ — СОЛДАТ

Р а с с к а з ы

(На казахском языке)

ИБ № 1173

Редактор *М. Асылгазин*. Художник *Р. Ахметов*.
Худ. редактор *К. Егизбаев*. Тех. редактор *И. Насырова*. Корректор *Л. Асенова*.
Сдано в набор 13.02.80. Подписано в печать 13.08.80. Формат 60×90¹/₁₆. Бумага тип. № 2. Гарнитура школьная. Печать высокая. П. л. 7,0. Уч.-изд. л. 5,2. Тираж 25 000 экз. Заказ № 564. Цена 20 коп. Издательство «Жалын» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143. Фабрика книжного производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

75 100 000 000 000 000

Жамбыл ОБЖК



2 150000 293488

20 т.

гс

